

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ
ҚҰРАЛЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ҰЯШЫҚТЫ БЕТОННАН ЖАСАЛҒАН БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАР

БЕТОННЫЕ И ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ КОНСТРУКЦИИ ИЗ ЯЧЕИСТЫХ БЕТОНОВ

**ҚР НТҚ 02-01-1.7-2013
(ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 әзірленген)
НТП РК 02-01-1.7-2013
(к СН РК EN 1992-1-1:2004/2011)**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару
комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами инистерства национальной экономики
Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

3 СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫҢ СИПАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

5 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

5.1 Бетон және темірбетон конструкцияларға қойылатын жалпы талаптар

5.2 Бетон және темірбетон конструкцияларды есептеуге қойылатын жалпы талаптар

5.3 Конструкцияның ғұмырлығы

6 МАТЕРИАЛДАР

6.1 Ұяшықты бетондар

6.1.1 Жалпы ережелер

6.1.2 Ұяшықты бетондардың жіктемесі, сипаттық және есептік кедергілері

6.1.3 Бетонның серпінді деформациялары

6.1.4 Бетонның жылжығыштығы мен орнығуы

6.1.5 Бір осьтік кернелген жағдай кезінде бетон деформациялануының (жағдайының) диаграммалары

6.2 Арматураға қойылатын талаптар

6.2.1 Арматураның қолданбалы кластары

6.2.2 Арматураның сипаттық және есептік кедергілері

6.2.3 Арматураның деформативтік сипаттары

7 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ҚАУПТІ ШЕКТІ (ULS) ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУ

7.1 Осьтік бойлық күші бар майыстыру

7.1.1 Жалпы ережелер

7.1.2 Артықшылықты сәті бар майыстыру

7.1.2.1 Жеке арматурасы бар тікбұрышты қиысудың майыстыру темірбетон элементтері

7.1.2.2 Жеке арматурасы бар тавролық қиысудың майыстыру темірбетон элементтері

7.1.3 Артықшылықты бойлық күші бар майыстыру

7.1.4 Орталықтан тыс қысылған темірбетон элементтер

7.2 Беріктілік бойынша темірбетон элементтерді көлденең күштердің әрекетіне есептеу

7.2.1 Көлденең арматурасы жоқ элементтер

7.2.2 Ішінде көлденең арматураны есептеу бойынша орнатылатын элементтер

7.2.3 Беріктілік бойынша темірбетон элементтерді сырықтық модельдің негізінде (фермендік аналогияның әдісі) есептеу

7.2.3.1 Бойлық күштер жоқ болғанда есептеу

7.2.3.1a Қабырға мен сөренің арасындағы кесік

7.2.3.2 Көлденең арматураның талап етілген ауданын есептеу

7.3 Беріктілік бойынша темірбетон элементтерді айналмалы сәттердің әрекетіне есептеу

7.3.1 Айналуға жұмыс істейтін элементтерді кеңістіктік ферма моделінің негізінде есептеу

7.3.2 Элементтің айналуға беріктілігі

7.3.3 Илудмен, осьтік күшейтумен және кесікпен үйлесімде элементтің айналуға беріктілігі

7.4 Темірбетон элементтерін жүктемелердің жергілікті әрекетіне есептеу

7.4.1 Темірбетон элементтердің мыжуға (жергілікті қысуға) беріктілігін есептеу

7.4.2 Басу (жергілікті кесу)

7.4.2.1 Жалпы ережелер мен анықтамалар

7.4.2.2 Басуға (жергілікті кесуге) беріктілікті тексеру кезіндегі есептік жағдайлар

8 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУДІҢ ШЕКТІ (SLS) ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУ

8.1 Темірбетон элементтерді сызаттарды ашу бойынша есептеу

8.1.1 Жалпы ережелер

8.1.2 Сызаттардың пайда болу сәтін анықтау

8.1.3 Элементтің бойлық осьіне дұрыс сызаттарды ашудың енін анықтау

8.1.4 Сызатты ашудың енін шектеуге қажетті арматуралаудың минималдық ауданы

8.1.5 Иілмелісызаттарды ашудың енін есептеу

8.2 Темірбетон конструкцияларды деформация бойынша есептеу

8.2.1 Жалпы ережелер

8.2.2 Темірбетон элементтерді майыстыру бойынша есептеу

8.2.3 Темірбетон элементтердің қисықтығын анықтау

8.2.3.1 Жалпы ережелер

8.2.3.2 Созылған аймақтағы сызаттары жоқ телімде темірбетон элементтің қисықтығы

8.2.3.3 Созылған аймақтағы сызаттары бар телімде темірбетон элементтің қисықтығы

8.2.3.4 Темірбетон элементтің иілмелі қаттылығын анықтау

8.2.3.5 Майыстыруды тексерудің жеңілдетілген әдісі

8.2.3.6 Бетонды отырғызғаннан болатын қисықтық

8.2.3.7 Жылжу және жылжу қаттылығының деформацияларын анықтау

9 КОНСТРУКЦИЯЛАУ БОЙЫНША ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Бетон конструкциялар

9.2 Темірбетон конструкциялар

9.2.1 Сырықтар арасындағы қашықтық

9.3 Майысатын сырықтарға арналған жақтаудың рұқсатты диаметрлері

9.4 Бойлық арматураны анкерлеу

9.4.1 Жалпы ережелер

9.4.2 Бекітудің шекті кернеулері

9.4.3 Анкерлеудің базалық ұзындығы

9.4.4 Анкерлеудің есептік ұзындығы

9.5 Қамыттар мен көлденең арматураны анкерлеу

- 9.6 Сырықтарды дәнекерлеу жолымен анкерлеу
- 9.7 Соққылау қосылыстар мен механикалық қосылыстар
 - 9.7.1 Жалпы ережелер
 - 9.7.2 Соққылау қосылыстар
 - 9.7.3 Соққылаудың ұзындығы
 - 9.7.4 Соққылау аймағындағы көлденең арматура
 - 9.7.4.1 Созылған сырықтарға арналған көлденең арматура
 - 9.7.4.2 Тұрақты қысылған сырықтарға арналған көлденең арматура
 - 9.7.5 Кезеңдік бейіннің сымдарынан жасалған дәнекерлік торлардың соққылау қосылыстары
 - 9.7.5.1 Бас арматураның соққылау қосылысы
 - 9.7.5.2 Қосымша немесе бөлетін арматураның соққылау қосылыстары
- 9.8 Көлденең киісудың минималдық өлшемдері
- 9.9 Бетонның қорғаныс қабаты
- 9.10 Элементтерді конструкциялау және жеке ережелер
 - 9.10.1 Жалпы ережелер
- 9.11 Арқалықтар
 - 9.11.1 Бойлық арматура
 - 9.11.1.1 Арматураның минималдық және максималдық аудандары
 - 9.11.1.2 Басқа конструктивтік ережелер
 - 9.11.1.3 Көлденең арматура
 - 9.11.2 Айналуы қабылдауға арналған арматура
 - 9.11.3 Ішкі тіректер
- 9.12 Тұтас тақтайшалар
 - 9.12.1 Иілетін сәттерді қабылдауға жұмыс істейтін арматура
 - 9.12.1.1 Жалпы ережелер
 - 9.12.1.2 Тіректердің маңындағы тақтайшалардың арматурасы
 - 9.12.1.3 Бұрыштық арматура
 - 9.12.1.4 Еркін шеттердегі арматура
 - 9.12.2 Көлденең арматура
- 9.13 Арақабырғалардың жазық тақтайшалары
 - 9.13.1 Ішкі бағандардың аймағындағы жазық арақабырғалар
 - 9.13.2 Шеткі және бұрыштық бағандардың аймағындағы жазық арақабырғалар
 - 9.13.3 Басу аймағындағы арматура
- 9.14 Бағандар
 - 9.14.1 Жалпы ережелер
 - 9.14.2 Бойлық арматура
 - 9.14.3 Көлденең арматура
- 9.15 Қабырғалар
 - 9.15.1 Жалпы ережелер
 - 9.15.2 Вертикаль қабырғалар
 - 9.15.3 Горизонталь қабырғалар
 - 9.15.4 Көлденең арматура

9.16 Арқалықтар-қабырғалар

9.17 Арматураның және қалау бөлшектерінің дәнекерлік қосылыстары

А ҚОСЫМШАСЫ (*міндетті*)

Б ҚОСЫМШАСЫ (*ақпараттық*)

В ҚОСЫМШАСЫ (*ақпараттық*)

Есептеудің мысалдары

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҰЯШЫҚТЫ БЕТОННАН ЖАСАЛҒАН БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН
КОНСТРУКЦИЯЛАР**

**БЕТОННЫЕ И ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ КОНСТРУКЦИИ ИЗ ЯЧЕИСТЫХ
БЕТОНОВ**

Енгізілген күні 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал беріктілік бойынша C0,9/1 бастап C12/15 дейін кластарының ойық бетондардан дайындалатын, Қазақстан Республикасының климаттық жағдайында пайдалануға берілетін әртүрлі мақсаттағы ғимараттар мен имараттарға арналған бетон және темірбетон конструкцияларды (күш түсетін қабырғаларға және арақабырғаларға арналған бетон бұғаттар, арақабырғалардың жиналмалы тақталары, жабынның тақталары, аспалы және күш түсетін қабырғалық панелдер, монолиттік қабырғалар, арақабырғалар, аралықтар, жабындар ж.с.с.) жобалауға таралады.

Нормативтік-техникалық құралдың қағидалары конструкцияның талап етілетін беріктігін, пайдалануға беруге жарамдылығын және ғұмырлығын қамтамасыз етеді. Басқа талаптар, мысалы – өртке төзімділікті, жылу сақтауды қамтамасыз ету ж.с.с., қарастырылмаған.

1.2 Осы нормативтік-техникалық құрал алдын-ала кернелген конструкцияларды, гидротехникалық имараттардың, көпірлердің, туннельдердің бетон және темірбетон конструкцияларына, жолдардың және басқа арнайы имараттардың жабындарына таралмайды.

1.3 Ойық бетон – басым көпшілігі (бетонның жалпы көлемінен 85% дейін) айтарлықтай берік арақабырғалармен (мембраналармен) бөлінген, 0,1-1,5 мм өлшемді бірқалыпты бөлінген майда және орташа ауалық ұяшықтардан тұратын, борпылдақ макроқұрылымы бар ерекше жеңіл бетон.

Ойық бетондардың кептірілген жағдайда 250 г/см³ бастап 1200 г/см³ дейін орташа тығыздығы бар және көбіктік бетондарға және газдық бетондарға бөлінеді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін жобалаудың негіздері;

ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-1-бөлім. Жалпы әсер ету. Салыстырмалық салмақ, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер;

ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-3-бөлім. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері;

ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-4-бөлім. Жалпы әсер ету. Жел жүктемелері;

ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-5-бөлім. Жалпы әсер ету. Температуралық әсер ету;

ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-6-бөлім. Жалпы әсер ету. Құрылыс жұмыстарының өндірісі кезіндегі әсер ету;

ҚР ҚН EN 1991-3 Конструкцияға әсер ету. 31-бөлім. Крандармен және механикалық жабдықтармен пайда болған әсер ету;

ҚР ҚН EN 1992-1-1 2004:2009/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлім: Жобалаудың жалпы ережелері және ғимараттарды жобалаудың ережелері;

ҚР ҚН EN 1992-1-2:2009/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-2-бөлім: Өртке төзімділікті анықтаудың жалпы ережелері;

ҚР СТ 1.9–2007 Қазақстан Республикасының техникалық реттеу мемлекеттік жүйесі. Халықаралық, шетел мемлекеттерінің өңірлік және ұлттық стандарттарын, Қазақстан Республикасында стандарттау бойынша басқа нормативтік құжаттарды қолданудың тәртібі;

ҚР СТ TN 206-1:2000/2011 Бетон. Анықтамасы, қасиеттері, өндірісі және сәйкестігі;

ҚР СТ ИСО 377 Болат және болат бұйымдар. Механикалық сынаққа арналған фрагменттердің және үлгілердің қағидасы мен дайындығы;

ҚР СТ EN 934-2:2009/2011 Бетонға, ерітіндіге және инъекциялық ерітіндіге арналған қоспалар. 2-бөлім. Бетонға арналған қоспалар. Анықтамасы, қойылатын талаптар, сәйкестігі, маркалау және заттаңбалау;

ҚР СТ 1035 Бетон қоспалар. Техникалық жағдайлар;

ҚР СТ EN 12602:2008/2011 Ойық бетонның термо-ылғалды өңдеуінде болған, зауытта әзірленген арматураланған конструкциялар;

ҚР СТ 1704 Темірбетон конструкцияларға арналған арматура. Техникалық жағдайлар;

ҚР СТ EN 10080:2005/2011 Бетонға арналған арматуралық болат;

ҚР СТ ИСО 6946 Құрылыс материалдары мен құрылыс элементтері. Жылулық кедергі мен жылу беру коэффициенті. Есептеудің әдісі;

ҚР СТ EN 12350/2011 Қаттаған бетонды сынау;

ҚР СТ EN 12390-1:2000/2011 Қатқан бетонды сынау;

ҚР СТ ИСО 3898:1987 Конструкцияны жобалаудың негізгі қағидалары. Шртты белгілері. Негізгі таңбалары;

ҚР СТ ИСО 6784 Бетон. Қысу кезінде серпінділіктің статикалық модулін анықтау;

ҚР СТ EN 12504/2011 Конструкциялардағы бетонды сынау;

ҚР СТ ИСО 9001 Сапа менеджментінің жүйелері. Қойылатын талаптар (ISO 9001:2008);

EN 900* Арматураның автоклавтық ойық бетондағы және борпылдақ құрылымның жеңіл бетонындағы тот басуға қарсы қорғанысын растауға арналған сынақ әдістері;

EN 991* Автоклавтық ойық бетоннан және борпылдақ құрылымның жеңіл бетонынан жасалған жиналмалы арматураланған құрылыс элементтерінің өлшемдерін анықтау;

EN 992* Борпылдақ құрылымның жеңіл бетонының құрғақ күйіндегі көлемдік тығыздықты анықтау;

ҚР НТҚ 02-01-1.7-2013

EN 12602:2008 Ойық бетоннан жасалған жиналмалы арматураланған конструкциялар;

EN 1352* Автоклавтық ойық бетонды және борпылдақ құрылымның жеңіл бетонын қысу кезіндегі жүктеменің астындағы серпінділіктің статикалық модулін анықтау;

EN 1354* Борпылдақ құрылымның жеңіл бетонын қысу кезіндегі беріктілігін анықтау;

EN 1355:1996* Автоклавтық ойық бетонды және борпылдақ құрылымның жеңіл бетонын қысудың жүктемесінің астындағы жылжудың деформациясын анықтау;

EN 1520:2002+AC:2003* (Д) Жеңіл бетоннан жасалған жиналмалы арматураланған құрылыс бұйымдары;

ҚР ҚН EN 1993-1:2009/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-бөлім: Жобалаудың жалпы ережелері және ғимараттарды жобалаудың ережелері;

ҚНжЕ 2.01.07-85 Жүктемелер және әсер ету (10-бөлімге толықтыру. Майыспалар мен орын ауысу);

ҚР ҚН EN 1996:2005/2011 Тас конструкцияларды жобалау;

ҚР ҚНжЕ 2.03-30-2006 Сейсмикалық аудандардағы құрылыс;

Ойық бетоннан бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау жөніндегі құрал (ТБҒЗИ, СКОҒЗИ), М.С.1986;

Сейсмикалық аудандар үшін ойық бетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар монолиттік ғимараттарды жобалау жөніндегі кепілдемелер, Алматы, ҚазҒЗСТҚСИ, ҚР ИТМ ҚТКШК, 2008.

ЕСКЕРТПЕ Осы нормативтік-техникалық құралды пайдалану кезінде сілтемелік құжаттардың әрекетін ағынды жыл жағдайы бойынша жасалатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша тексеру мақсатқа сай келеді. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтермен пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай алынып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 берілген тиісті анықтамалары бар төмендегі қосымша терминдер мен анықтамалар қолданылған:

Ойық бетон: бетонның көлемінде бірқалыпты бөлінген макро қыртыстардың борпылдақ құрылымына ие бетон;

Газдық бетон: борпылдақтығы газдық пайда болу реакциясының есебінен химиялық жолмен жасалатын ойық бетон;

Көбікті бетон: борпылдақтығы илемді дайындалған көбікпен араластыратын механикалық жолмен жасалатын ойық бетон;

Арматура: созылатын (негізінен) және қысатын үдеулерді қабылдауға арналған темірбетон конструкциясындағы сызықтық созылған элементтер. Ғимараттар мен

имараттарда сым, сырықтар мен үйірілген арқандар түріндегі болат арматураны қолданады;

Конструктивтік арматура: конструктивтік түсінік бойынша есепсіз орнатылатын арматура;

Жұмыс арматурасы: есеп бойынша белгіленген арматура;

Әсер ету:

- тікелей конструкцияға қосымшаланған және конструкция элементтерінде кернеуді, немесе оның жылжуын шақыратын, «*тікелей немесе тік әсер ету*» немесе «*жүктеме*» терминімен анықталатын күштер;

- оларды басқа элементтермен, негіздеменің шөгінділерімен немесе реактивтік күштерді шақыратын өзіндік деформациялармен (мысалы, тегіс емес шөгінділер, бетонның отырмалығы, жылжығыштығы, температуралық өзгерістер) қосатын қосылыстардың орын ауысуымен пайда болған, «*жанама немесе тікелей емес әсер ету*» деп анықталатын конструкция элементтерінің деформациялары;

Арматуралық қаңқа: арматуралық торларды немесе жеке сырықтарды қосу жолымен пайда болған көлемді арматуралық элемент;

Арматураның класы: тиісті стандарттардың талаптарына сәйкес оның механикалық қасиеттерін сипаттайтын, S әрпімен және МПа (Н/мм^2) берілген арматура серпіндігінің физикалық немесе шартты шегінің сипаттық санына сәйкес келетін санмен (мысалы, S240) белгіленетін көрсеткіш;

Бетонның беріктілік класы: 28 тәулік жаста қысуға бетонның сипаттық цилиндрлік беріктілігіне сәйкес келетін, C әрпімен және оның сипаттық цилиндрлік беріктілігі мен сипаттық текшелік беріктілігі Н/мм^2 (МПа) берілген санмен, мысалы C12/13 (сызық алдында – f_{ck} , сипаттық цилиндрліктің беріктілігінің мәні, Н/мм^2 , сызықтан кейін – $f_{c, cube}^G$, бетонның сипаттық текшелік беріктілігі, Н/мм^2) белгіленген көлемдік шама;

Ойық бетонның беріктілік класы: CC белгісімен беріледі;

Бетондық конструкциялар: арматурасы жоқ немесе конструктивтік түсініктер бойынша белгіленетін және есептеуде ескерілмейтін арматурасы бар бетоннан орындалған конструкциялар; бетон конструкциялардағы барлық әсер етуден болатын есептік күшейтулер;

Темірбетон конструкциялар: жұмыс және конструктивтік арматурасы бар бетоннан орындалған конструкциялар (арматураланған бетон конструкциялар); арматураланған бетон конструкциялардағы барлық әсер етуден болатын есептік күшейтулер бетонмен және жұмыс арматурасымен қабылдануы керек;

Темірбетон жиналмалы-монолиттік конструкциялар: күні бұрын дайындалған бір немесе бірнеше жиналмалы темірбетон элементтердің және құрылыс алаңының жағдайында орындалған, оларды біріктіруші монолиттік бетонның бірлескен жұмысын қамтамасыз ету кезінде алынатын конструкциялар;

жжеке арматураға арналған қауіпсіздік коэффициенті: арматуралық болаттың ағуының $f_{yk}(f_{pk})$ төмен физикалық немесе шартты шегінің ықтимал ауытқуларын, сонымен қатар сырықтырдың қиысу өлшемдерінің ауытқуын ескеретін коэффициент;

жжеке бетонға арналған қауіпсіздік коэффициенті: бетон беріктілігінің f_{ck} , f_{ctk} сипаттық мәндерден төмен ықтимал ауытқуын, қиысудың геометриялық өлшемдеріндегі (рұқсатты өлшемдерден аспайтын) ауытқу мен тәжірибелік үлгілерде

анықталатын бетон беріктілігінің арасындағы айырмашылықты ескеретін коэффициент; арматураланбаған конструкция жағдайында γ_c мәні әлсіз бұзылыстың ықтимал болуын ескереді;

Бетонның су сіңірмеушілік маркасы: оның ағып кетпеуіне бетон шыдайтын, су қысымының кепілдемелік мәніне жауап береді; W әрпімен және стандарттардың талаптарына сәйкес белгіленетін атмосферадағы қысымға сай келетін санмен (мысалы, $W12$) белгіленеді;

Бетонның аязға төзімділік маркасы: ішінде мөлшерленген шекте бастапқы физика-механикалық қасиеттер сақталынатын базалық әдістер бойынша сыналған, нормалармен белгіленген бетон үлгілерінің қатыру және еріту циклдерінің минималдық саны; F әрпімен және циклдердің мөлшерін білдіретін санмен белгіленді (мысалы, $F100$);

Бетонның тығыздық маркасы: g/cm^3 берілген бетонның көлемдік массасының кепілдемелік мәніне жауап береді, D әрпімен және g/cm^3 берілген бетонның көлемдік массасының мәнін білдіретін және стандарттардың талаптарына сәйкес берілетін санмен белгіленеді (мысалы, $D1,6$);

Бетонның f_{cm} осьтік қысуға беріктілігі: диаметрі 1500 мм және биіктігі 300 мм 28 тәулік жастағы бетон цилиндрлерді тиісті стандарттарға сәйкес қысудың орташа беріктілігі;

Бетонның f_{ck} қысуға сипаттық беріктілігі: диаметрі 1500 мм және биіктігі 300 мм 28 тәулік жастағы тиісті стандарттарға сәйкес 0,95 қамтамасыз етуі бар бетон цилиндрлерді қысудың кепілдемелік беріктілігіне сәйкес келеді;

Бетонның $f_{c,cube}^G$ осьтік қысуға сипаттық текшелік беріктілігі: шектерінің 150 мм өлшемі бар 28 тәулік жастағы тиісті стандарттарға сәйкес 0,95 қамтамасыз етуі бар бетон текшелерді қысудың кепілдемелік беріктілігіне сәйкес келеді;

Арматураның f_{yk} сипаттық кедергісі: тиісті стандарттарға сәйкес 0,95 қамтамасыз етуі бар арматура ағуының физикалық шегінің өндіруші берген кепілдемелік мәні;

Есептік модель: конструкцияның немесе оның элементінің жұмысын сараптау мақсатында қолданылатын конструктивтік жүйені жақсарту;

Конструкцияның сенімділігі: конструкцияның техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің, сақтау мен тасымалдаудың талап етілетін тәртіптері мен шарттарына сәйкес келетін, берілген шектердегі белгіленген пайдалануға беру көрсеткіштерінің мәндерін уақыт бойынша сақтау арқылы берілген функцияларды орындау қасиеті;

Арматуралық тор: өзара қосылған бойлық және көлденең сырықтардан тұратын жазық арматуралық элементтер; оны құрайтын сырықтардың қосылыстарының формасы мен өлшемі, қадамы және қиысуы, әдісі дайындау технологиясының есебімен жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуі керек;

Конструктивтік жүйе: анықталған ережелер бойынша ғимараттың немесе имараттың берілген пайдалануға беру функцияларын қамтамасыз ететін, кеңістіктік жүйені құрайтын күш түсетін элементтердің (конструкциялардың) жиынтығы;

Есептік жағдайлар: есептеу конструкцияның тиісті шекті жағдайлары ұлғаймайтындығын көрсетуі керек уақыттың нақты интервалында кездесетін, нақты жағдайларды модельдейтін физикалық жағдайлардың жиынтығы;

Шекті жағдайлар: ұлғайған жағдайда конструктивтік жүйе немесе оны құрайтын элемент нормаларды қанағаттандыратын жағдай;

Дұрыс пайдалануға беру: нормаларда және жобалау тапсырмасында қарастырылған технологиялық немесе тұрмыстық жағдайларға сәйкес, шектеусіз жүзеге асырылатын пайдалануға беру.

4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

Осы нормативтік-техникалық құралда, сонымен қатар осы құжатты толықтыратын тиісті нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде ҚР СТ ISO 3898 сәйкес төменде берілген біртұтас белгілер мен шартты белгілерді пайдалану керек:

Латын әліпбиінің бас әріптері

A – ерекше әсер ету;

A – көлденең қиысудың ауданы;

A_c – бетонның көлденең қиысуының ауданы;

A_p – кернейтін элементтердің көлденең қиысуының ауданы;

A_s – арматураның көлденең қиысуының ауданы;

$A_{s,min}$ – арматураның көлденең қиысуының минималдық ауданы;

A_{sw} – көлденең арматураның көлденең қиысуының ауданы;

D – жақтаудың диаметрі;

D_{Ed} – бұзылудың нәтижесі (шаршағандық қасиеті);

E – әсер етуден болатын әсерлер;

$E_c, E_{c(28)}$ – 28 тәулік жаста $\sigma_c = 0$ кернеу кезіндегі дұрыс бетонға арналған серпінділіктің модулі;

$E_{c,eff}$ – бетон серпінділігінің тиімді модулі;

E_{cd} – бетон серпінділігінің есептік мәні;

E_{cm} – бетон серпінділігінің қиятын модулі;

$E_{c(t)-t}$ тәулік жаста $\sigma_c = 0$ кернеу кезіндегі дұрыс бетонға арналған серпінділіктің модулі;

E_p – алдын-ала кернелген болаттың серпінділік модулінің есептік мәні;

E_s –арматураның серпінділік модулінің есептік мәні;

EI – майысу кезіндегі қаттылық;

EQU – статикалық тепе-теңдік;

F – әсер ету;

F_d – әсер етудің есептік мәні;

F_k – әсер етудің сипаттық мәні;

G_k – тұрақты әсер етудің сипаттық мәні;

I – бетондық қиысудың инерция сәті;

L – ұзындық;

LC – жеңіл бетонның беріктілік класы;

M – майысатын сәт;

M_{Ed} – ішкі майысатын сәттің есептік мәні;

N – бойлық үдеу;
 N_{Ed} – бойлық күшейтудің (созудың немесе қысудың) есептік мәні;
 P – алдын-ала кернеудің күшейтуі;
 P_0 – тікелей созғаннан кейін кернелетін элементтің аяғындағы бастапқы күшейту;
 Q_k – ауыспалы әсер етудің сипаттық мәні;
 Q_{fat} – шыдамдылыққа есептеу кезіндегі ауыспалы әсер етудің сипаттық мәні;
 R – кедергі;
 S – ішкі күшейтулер мен сәттер;
 S – қиысу ауданының статикалық сәті;
 SLS – пайдалануға беру бойынша шекті жағдай (serviceability limit state);
 T – айналатын сәт;
 T_{Ed} – айналатын сәттің есептік мәні;
 ULS – қауіпті шекті жағдай (ultimate limit state);
 V – көлденең күшейту;
 V_{Ed} – көлденең күшейтудің есептік мәні;
 $V_{Rd,c}$ – көлденең арматурасы жоқ көлденең күш кедергісінің есептік мәні;
 $V_{Rd,c}$ – ағуға жеткен арматура қабылдай алатын көлденең күштің есептік мәні;
 $V_{Rd,max}$ – қысылған еңстерді таптау шартынан элемент қабылдай алатын максималдық көлденең күштің есептік мәні.

Латынәліпбиінің кіші әріптері

a – қашықтық;
 a – геометриялық параметр;
 Δa – геометриялық параметрдің ауытқуы;
 b – қиысудың ені немесе сөренің не T - немесе L -тәрізді арқалықтың ені;
 b_w – T - немесе L -тәрізді арқалықтың қабырғасының ені;
 d – диаметр, биіктік;
 d – қиысудың пайдалы биіктігі;
 d_g – толтыру дәнінің максималдық диаметрі;
 e – эксцентриситет;
 f_{lc} – осьтік қысу кезінде бетон беріктілігінің шегі;
 f_{lcd} – осьтік қысу кезінде бетон беріктілігінің шегінің есептік мәні;
 f_{lck} – 28 тәулік жаста қысуға бетонның сипаттық цилиндрлік беріктілігі;
 f_{lcm} – қысуға бетонның сипаттық цилиндрлік беріктілігінің орташа мәні;
 f_{lctk} – осьтік қысу кезінде бетон беріктілігінің шегінің сипаттық мәні;
 f_{lctm} – осьтік созу кезінде бетон беріктілігінің шегінің орташа мәні;
 f_p – арматуралық болаттың созуға беріктілігінің шегі;
 f_{pk} – алдын-ала кернелген болаттың созуға беріктілік шегінің сипаттық мәні;
 $f_{p0,1}$ – алдын-ала кернелген болатқа арналған ағудың 0,1 % шартты шегі;
 $f_{p0,1k}$ – алдын-ала кернелген болатқа арналған ағудың 0,1 % шартты шегінің сипаттық мәні;
 $f_{0,2k}$ – арматура ағуының 0,2 % шартты шегінің сипаттық шегі;
 f_t – созу кезіндегі арматура беріктілігінің шегі;

f_{tk} — созу кезіндегі арматура беріктілігінің шегінің сипаттық мәні;

f_y — арматура ағуының шегі;

f_{yd} — арматура ағуының шегінің есептік мәні;

f_{yk} — арматура ағуының шегінің сипаттық мәні;

f_{ywd} — көлденең арматура үшін ағу шегінің есептік мәні;

h — биіктік;

h — көлденең қиысудың жалпы биіктігі;

i — инерция радиусы;

k — коэффициент;

l (немесе L) — ұзындық, аралық;

m — масса;

r — радиус;

$1/r$ — қисықтық;

t — қалыңдық;

t — уақыт;

t_0 — жүктемені қосымшалау кезіндегі бетонның жасы;

u — бетонның A_c ауданымен қиысуының периметрі;

u, v, w — нүктенің орын ауысуының құрамдастары;

x — қысу аймағының биіктігі;

x, y, z — координаттар;

z — ішкі күштердің иіні.

Грек әліпбиінің кіші әріптері

α — бұрыш, қатынас;

β — бұрыш, қатынас, коэффициент;

γ — қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_A —Аерекше әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_C — бетонға арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_F — F әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{F, fat}$ — шыдамдылыққа есептеу кезіндегі әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{C, fat}$ — шыдамдылыққа есептеу кезіндегі бетонға арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_G — G әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_M — материалдың қасиетінің ауытқуының, сонымен қатар қолданылатын есептік модельдің геометриялық ауытқуының және қасиеттері мен жетілдірілмегендігінің есебімен құрылыс материалдарының қасиетіне арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_P — P алдын-ала кернеудің нәтижесінде жасалатын әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_Q — Q ауыспалы әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_S — арматура мен кернелген арматураға арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{s, fat}$ — шыдамдылыққа есептеу кезіндегі арматура мен кернелген арматураға арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_f — есептік модельдің жетілдірілмегендігінің есебі жоқ әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_g — есептік модельдің жетілдірілмегендігінің есебі жоқ тұрақты әсер етуге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

γ_m — материалдың қасиетіндегі ауытқулардың есебімен материалдардың қасиеттеріне арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

δ — өсу, қайта бөлу коэффициенті;

ζ — азайту коэффициенті/қайта бөлу коэффициенті;

ε_c — бетонның қысу кезіндегі қастысты деформациялары;

$\varepsilon_{c1}-f_c$ —максималдық кернеу кезінде бетонның қысуының қатыстық деформациялары;

ε_{cu} — қысу кезінде бетонның шекті қатыстық деформациялары;

ε_u — максималдық жүктеме кезінде арматураның немесе кернелетін арматураның қатыстық деформациялары;

ε_{uk} — максималдық жүктеме кезінде арматураның немесе кернелетін арматураның сипаттық қатыстық деформациялары;

η_e — жеңіл бетонның серпінділік модулін есептеуге арналған түзететін коэффициент;

η_1 — жеңіл бетонды созу кезінде беріктілік шегін анықтауға арналған коэффициент;

η_2 — жеңіл бетонның жылжығыштық коэффициентін анықтауға арналған коэффициент;

η_3 — жеңіл бетонның кебуі кезіндегі отырмашылықты анықтауға арналған коэффициент;

θ — бұрыш;

λ — икемділік;

μ — кернелген арматуралық элементтер мен олардың арналары арасындағы үйкеліс коэффициенті;

ν — Пуассон коэффициенті;

ν — кесіктің сызаттары бар бетонға арналған қысу беріктігінің шегін азайту коэффициенті;

ξ — алдын-ала кернелген және арматуралық болатқа арналған бекіту беріктілігінің қатынасы;

ρ — ыстық құрғату кезіндегі бетонның беріктілігі, кг/м^3 (жеңіл бетонның құрғақ күйдегі тығыздығы, кг/м^3);

ρ_{1000} — релаксация салдарынан кернеуді жоғалтудың мәні, %, 20 °C орташа температура кезіндегі созудан кейінгі 1000 сағ.;

ρ_f — бойлық арматураны арматуралаудың коэффициенті;

ρ_w — көлденең арматураны арматуралаудың коэффициенті;

σ_c — бетондағы қысудың кернеуі;

σ_{cr} — бойлық үдету немесе алдын-ала кернеу кезінде бетондағы қысудың кернеуі;

$\sigma_{cu}-\varepsilon_{cu}$ —бетонның шекті қатыстық деформациясы кезінде бетондағы кернеу;

τ — айналдыру кезіндегі тангенциалдық кернеу;

\emptyset – арматураның немесе арнаның диаметрі;

\emptyset_n – сырықтардың келтірілген диаметрі;

$\varphi(t, t_0)$ – уақытша t және t_0 нүктелерінің арасындағы жылжудың 28 тәуліктен кейінгі серпінді деформацияларға қатынасы бойынша деформациясын анықтайтын жылжу коэффициенті;

$\varphi(\infty, t_0)$ – жылжудың шекті мәнінің коэффициенті;

ψ – төмендегілер үшін ауыспалы әсер етудің репрезентативтік мәндерін анықтайтын коэффициенттер:

ψ_0 – қиыстыру мәндері;

ψ_1 – жеке мәндер;

ψ_2 – тәжірибелік тұрақты мәндер.

5 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

5.1 Бетон және темірбетон конструкцияларға қойылатын жалпы талаптар

5.1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал бойынша жобаланатын бетон және темірбетон конструкциялар:

- қауіпсіздік;
- пайдалануға жарамдылық;
- ғұмырлық бойынша қойылатын талаптарды, сонымен қатар жобалауға берілген тапсырмада көрсетілген қосымша талаптарды қанағаттандыруы керек.

5.1.2 Қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін сенімділіктің белгіленген дәрежесі әсер етудің ең жағымсыз үйлесімдері кезінде қирамайтындай, конструкция сапасының бастапқы көрсеткіштерін белгілеу керек.

5.1.3 Пайдалануға жарамдылық бойынша қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін сенімділіктің белгіленген дәрежесі әсер етудің ең жағымсыз үйлесімдері кезінде сызаттардың пайда болуы және (немесе) төтенше ашылуы болмайтындай, сонымен қатар ғимараттың немесе имараттың дұрыс пайдалануға беруіне кедергі келтіретін (адамдардың денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау бойынша қойылатын талаптардың, конструкцияның сыртқы түріне қойылатын эстетикалық талаптардың, жабдықтардың, механизмдердің дұрыс жұмыс істеуіне қойылатын технологиялық талаптардың, элементтердің бірігіп жұмыс істеуі бойынша конструктивтік талаптардың ж.с.с. бұзылуы) орын ауыстыру және (немесе) тербелістер пайда болмайтындай конструкция сапасының бастапқы көрсеткіштерін белгілеу керек.

5.1.4 Ғұмырлық бойынша қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін сенімділіктің белгіленген дәрежесі пайдалануға берудің (жауапкершілік класының) белгіленген кезеңінің ішінде әсер етудің ең жағымсыз үйлесімдері кезінде (жүктеменің ұзақ әрекеті, жағымсыз климаттық және технологиялық әсер етулер, ауыспалы қатып қалу және еру, агрессивтік әсер етулер ж.с.с.) қауіпсіздік және пайдалануға жарамдылығы бойынша қойылатын талаптарды қанағаттандыратындай конструкция сапасының бастапқы көрсеткіштерін белгілеу керек.

5.1.5 Конструкцияларды дайындау, тасымалдау және монтаждау кезінде әрекеттегі стандарттарға сәйкес қойылатын технологиялық талаптардың есебімен жобалау керек.

5.1.6 Бетон және темірбетон конструкциялардың қауіпсіздігі, пайдалануға жарамдылығы, ғұмырлығы және жобалауға берілген тапсырмамен белгіленген басқа талаптар:

- бетонға және оның құрамдастарына қойылатын талаптардың;
- арматураға қойылатын талаптардың;
- конструкцияны есептеуге қойылатын талаптардың;
- конструктивтік талаптардың;
- технологиялық талаптардың;
- пайдалануға беруге қойылатын талаптардың орындалуымен қамтамасыз етілуі керек.

5.1.7 Конструкциялар:

- қауіпсіздіктің белгіленген дәрежесімен тиісті ғұмырлыққа ие бола отырып, құрылыс салу (дайындау), пайдалануға беру және реконструкциялау үдерісінде барлық әсер етулерді қабылдайтындай;

- кепілдеме берілген сенімділікпен оларға дұрыс пайдалануға беру бойынша қойылатын талаптарды қанағаттандыратындай есептелініп, конструкциялануы керек.

5.1.8 Конструкциялардың келешекті бұзылыстары толығымен жоққа шығарылуы, немесе конструкция пайдалануға беру кезінде ұшырайтын қауіпті болдырмау жолымен рұқсатты деңгейге дейін шектелген болуы керек.

5.1.9 Конструкцияның сенімділігін материалдар мен оңтайлы конструктивтік жүйелерді тиісті таңдау; шекті жағдайдың әдісінің есептік жағдайлары асып кетпегенін көрсететін жағдайлардың тексерістік есептері; жобаға сәйкес конструкцияны салу кезінде орындалатын толықтырылған конструктивтік талаптар мен бақылау арқылы қамтамасыз ету керек.

5.1.10 Конструкция пайдалануға берудің қарастырылған кезеңінің ішінде пайдалануға беру және жөндеуге жарамдылық шарттарының есебімен белгілеу жөніндегі талаптарға сәйкес келетіндей жобалануы керек.

5.1.11 Бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау кезінде олардың сенімділігін әсер етудің есептік мәндерін, осы сипаттардың сипаттық мәндері бойынша қауіпсіздіктің тиісті жеке коэффициенттерінің көмегі арқылы ғимараттар мен имараттардың жауапкершілік дәрежесі бойынша кластың есебімен анықталатын бетон мен арматураның есептік сипаттарын пайдалану жолымен есептеудің жартылай ықтималдық әдіспен орнату керек.

5.1.12 Әсер етудің сипаттық мәндерін олардың статикалық өзгергіштігінің есебімен анықтау керек. Әсер ету мен олардың үйлесімдерінің есептік мәндерін А қосымшасы бойынша шекті жағдай мен есептік жағдайдың түріне байланысты қабылдау керек.

5.1.13 Материал сипаттарының сипаттық мәндерін материал қасиеттері мен конструкция массивтілігінің статистикалық өзгергіштігінің есебімен анықтау керек.

5.1.14 Материал сипаттарының есептік мәндерінің сенімділігінің дәрежесін есептік жағдайға және бетон мен арматура бойынша қауіпсіздік коэффициенттерін белгілеу жолымен тиісті шекті жағдайға қол жеткізудің қауіптілігіне байланысты орнату керек.

5.1.15 Бетон және темірбетон конструкциялардың есептеуді есептік тәуелділіктерге кіретін қауіпті факторлардың өзгергіштігі туралы жеткілікті деректер бар болғанда толық ықтималдық есептеудің негізінде сенімділіктің берілген деңгейінде жүргізуге жол беріледі.

Есептік жағдайлар

5.1.16 Шекті жағдайлар бойынша бетон және темірбетон конструкцияларды есептеу кезінде конструкцияның есептік схемасын, әсер етудің есептік мәндерінің үйлесуін, қоршаған ортаның жағдайларын, конструкцияның жұмыс сатысын ж.т.б сипаттайтын есептік жағдайларды қарастыру керек.

Конструкцияларды есептеген кезде:

- тұрақты, құрылыс объект қызметінің мерзіміндей сол тәртіптегі ұзақтығы бар;
- өтпелі, құрылыс объект қызметінің мерзімімен салыстырғанда шамалы ұзақтығы бар;
- апатты, пайда болудың ықтималдығы шамалы және шамалы ұзақтығы бар, бірақ сол кезде болатын шекті жағдайларға жеткізу тұрғысынан өте маңызды болып табылатын жағдайларды қарастыру керек.

5.1.17 Объектіні белгілеу кезінде суреттелген тұрақты жағдайларда конструкцияларды есептеуден басқа уақытша жағдайларды тексеру қажетілігі тууы мүмкін. Мысалы:

- монолиттік конструкциялар тұрғызудың кезекті кезеңі уақытында;
- құрама конструкциялардың қорама қалыбын алып тастау, тасымалдау және монтаждауда;
- алдын-ала кернелген конструкцияларда сығуды күшейтуге беру сәтінде;
- құрама-монолитті конструкцияларда монолиттік бетонмен жобалық беріктігін алуға дейін монтаждау кезінде;
- күрделі жөндеу және реконструкцияны орындау кезінде пайда болуы мүмкін.

5.1.18 Ерекше есептік жағдайларда конструкциялар сенімділігі 12-бөлімде мазмұндалған конструктивтік талаптардың орындалуымен қамтамасыз етілуі керек. Осындай жағдайлар үшін шекті жағдайлардың бірінші тобы бойынша кейбір кезде тексеру жүргізу керек. Ерекше есептік жағдайлар жабдықтардың жарылуына, соқтығысуына, апатқа, өртке байланысты, сондай-ақ, тікелей конструкцияның қандай болса да, элементтің тоқтап қалуынан кейін пайда болуы мүмкін.

Жүктемелер мен әсерлер

5.1.19 Әсерлердің сипаттамалық мәндерін ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 сәйкес, ал жүктеме бойынша қауіпсіздіктің тиісті жеке коэффициенттерінің мәндерін осы құралдың А қосымшасына сәйкес қабылдау керек. Әсерлердің сипаттық мәндері тапсырушының келісімі бойынша, бірақ ҚР ҚН EN 1991:2002/2011 белгіленген мәндерінен кем емес етіп қабылдауға рұқсат етіледі. Әсерлердің сипаттық мәндерін және олардың үйлесуін шекті жағдай мен есептік жағдайдың түріне байланысты А қосымшасы бойынша қабылдау керек.

5.2 Бетон және темірбетон конструкцияларды есептеуге қойылатын жалпы талаптар

Бетон және темірбетон конструкциялардың шекті жағдайлары

5.2.1 Бетон және темірбетон конструкциялардың есебі:

- конструкция пайдаланудың толық жарамсыздығына әкелетін бірінші топтағы шекті жағдайлар;

- конструкцияның қалыпты пайдалануын қиындататын немесе көзделіп отырған қызмет мерзімімен салыстырғанда ғимарат пен имараттың пайдалану уақытын азайтатын екінші топтағы шекті жағдайлар әдісі бойынша талаптарға сәйкес жүргізілуі керек.

Есептер олардың қызметінің барлық мерзімі ішінде сондай-ақ оларға қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс жүргізу кезінде ғимараттар мен имараттардың сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

5.2.2 Бірінші топтағы шекті жағдайлар бойынша есептер:

- беріктік бойынша есепті;
- нысан тұрақтылығы бойынша есепті (жұқа қабырғалы конструкциялар үшін);
- жай-күй тұрақтылығы бойынша есепті (төңкеру, сырғанау, қалқу) қамтиды.

5.2.3 Бетон және темірбетон конструкциялардың беріктігі, сондай-ақ төзімділігі бойынша есеп бастапқы кернеулі жағдайды ескеру арқылы есептік әсер етуден және олардың үйлесуінен болатын конструкциялардағы күштер, кернеулер және деформациялар түрлі сипаттағы тікелей бұзылар алдында конструкциямен қабылданатын тиісті шекті жағдайларды асырмайтындай етіп жасалады.

5.2.4 Конструкцияның нысан тұрақтылығы, жай-күй тұрақтылығы бойынша есеп (конструкция мен негізінің бірлескен жұмысын, олардың деформациялық қасиеттерін, негізімен байланысының жылжыту кедергісін және т.б ескере отырып) тиісті нормативтік құжаттар бойынша жүргізілуі керек.

5.2.5 Екінші топтағы шекті жағдайлар бойынша есеп:

- сызаттардың пайда болу есебін;
- сызаттарды ашу есебін;
- деформациялардың есебін қамтиды.

Екінші топтағы шекті жағдайлар бойынша конструкциялар есебі кезінде материалдарға қауіпсіздіктің жеке коэффициентінің мәндерін 1-ге тең етіп қабылдау керек. Осыған байланысты есепте серпінділік модулінің орташа мәндері мен материалдардың беріктік сипаттамасының сипаттық (нормативтік) мәндері қабылданады.

5.2.6 Сызаттардың пайда болу бойынша бетон және темірбетон конструкциялар есебі есептік әсер етуден және олардың үйлесуінен конструкциялардағы күштер, кернеулер және деформациялар жағдайынан жүргізілуі керек.

5.2.7 Сызаттың ашылуы бойынша бетон және темірбетон конструкциялар есебі есептік әсерлерден және олардың үйлесуінен болатын конструкциядағы сызаттардың ашылу жалпақтығы конструкцияға қойылатын талаптарға, оның пайдалану шарттарына (қоршаған ортаның және арматураның тоттану жүріс ерекшеліктерін ескеру арқылы материал сипаттамалардың әсер етуі) байланысты 5.1-кестеде берілген шекті рұқсат етілетін мәндерінен аспайтындай етіп жасалады.

Агрессиялық жағдайларда пайдаланатын конструкциялар үшін ҚР ҚН EN 206 1-қағидаларына сәйкес тот басудан қорғау бойынша қосымша іс-шаралар көзделуі керек.

5.1-кесте – w_{lim} сызаттарын ашу енінің шекті рұқсатты мәндері

миллиметрмен берілген

5.2-кесте бойынша пайдалану жағдайларының класы	Темірбетон элементтер
	Ақосымшасы бойынша әсер етудің квазитұрақты қиысуы
XC0, XC1	0,4 ¹⁾
XC3	0,3

ЕСКЕРТПЕ 1 X0 және XC1 пайдалану класы үшін сызаттарды ашу ені ұзаққа төзуіне әсер етпейді және осы шекті мәні, әдетте, эстетикалық-психологиялық талаптарға сүйене отырып, рұқсат етілген сыртқы көрінісін қамтамасыз етуге пайдаланады. Егер сыртқы көрінісіне қойылатын талаптар болмаса, онда осы шекті мәнің артуы мүмкін

5.2.8 Деформациялар бойынша бетон және темірбетон конструкциялар есебі есептік әсер етуден және олардың қиысуынан болатын конструкциялардағы тербелістердің бүгілген жерлері, бұрылыс бұрыштары, орын ауыстыруы және (немесе) параметрлері объект сипаттамасына, шектес және іргелес көршілес элементтердің қимал бұзылуына, технологиялық жабдықтарға байланысты эстетикалық пікірлерді ескере отырып, белгіленген тиісті шекті рұқсат етілген мәндерінен аспай, сондай-ақ пайдалану үдерісінде басқа қауіпті жағдайларды туғызбай жасалуы керек.

Бүгілген жерлердің шекті рұқсат етілген мәндері тиісті нормалардың талаптарына сәйкес қабылданады.

Толық бүгілген жерін немесе оның бөлігін өтеу мақсатында конструкцияның бастапқы бүгілген жері болуы керек.

5.2.9 Бетон және темірбетон конструкцияларда шекті күштер мен деформациялар анықталуын қарастырып отырған шекті жағдайда конструкциялар және материалдар жұмысының нақты физикалық сипатына ең жақын жауап беретін есептік схемалары (модельдер) негізінде жүргізіледі.

5.2.10 Бетон және темірбетон конструкциялар есебі конструкцияларда әртүрлі әсерлерден пайда болатын майыстыру және айналу сәттердің, бойлық және көлденең күштердің, сондай-ақ жүктеменің жергілікті әрекетіне жасалады.

5.2.11 Күштің беріктілігі және қалыпты қиысудағы деформация бойынша есебі кезінде элементтер қиысуында сыртқы күштер мен ішкі күштердің тепе-теңдік теңдігін, сондай-ақ төмендегі ережелерді пайдаланатын деформациялық модель негізінде анықталады:

- бетондардың кернеулері және деформациялары 6-бөлімдегі көрсеткіштерге сәйкес « σ_c - ϵ_c » деформация диаграммасы бойынша қабылданады;

- арматураның кернеулері және деформациялары 6-бөлімдегі көрсеткіштерге сәйкес « σ_s - ϵ_s » деформация диаграммасы бойынша қабылданады;

- бетон және арматураның орташа деформацияларға жазық қиысудың гипотезасы әділ болып саналады;

- созылуға түсетін бетон есептерде ескерілмейді;

- қиысу кедергісінің тауысу критерийлері, бетон және арматура шекті деформацияның мәндері 7-бөлімнің көрсеткіштеріне сәйкес алынады.

5.2.12 Бойлық оське қалыпты қиысудың жалпы нысандағы элементтерді есептеуге арматураның кез-келген қалпында және кез-келген сыртқы әсерлер кезінде қарастырып отырған қиысуда жүктеменің кез-келген деңгейде қиысу бойынша деформациялар бөлуін сипаттайтын тендеулермен бірге әрекет ететін сәттер мен бойлық күштердің тепе-теңдік тендеулерін пайдалануға рұқсат етіледі.

5.2.13 Бетон мен арматурадағы кернеулер бастапқы және конструкцияны пайдалану (шөгу, жылжығыштығы, ісіну және т.б.) үдерісінде өрістейтін әсерлерді қоса алғандағы барлық әсерлерден болатын жиынтық салыстырмалы деформацияларына сүйене отырып, материалдар жағдайының есептік диаграммалары бойынша анықталады.

5.2.14 Элементтің әбден созылған және қысылған шегінде шоғырланған тікбұрышты, арматурасы бар тавролық және екі тавролық көлденең қиысудың темірбетон элементтердің беріктігі бойынша есебі жүктемелер мен әсерлерден пайда болған майыстыру сәттері және бойлық күштері қиысу симметриясының жазықтығында қолданылатындықтан, қиысудың қысылған аймағында бетондағы кернеулер таралуының тікбұрышты эпюрасын қабылдай отырып, бойлық оське қалыпты қиысудың шекті күштері бойынша жасауға рұқсат етіледі.

5.2.15 Көлденең күштердің әрекетіне темірбетон конструкциялардың есебін өзара бір-бірімен қысылған және созылған қиғаш тіректермен біріктірілген, қысылған және созылған белдеулерден құралатын және есептік қиысуда сыртқы және ішкі күштер тепе-теңдік тендеулерін пайдаланатын сырық моделі негізінде жасауға рұқсат етіледі.

5.2.16 Айналусәттері мен майыстыру әрекетіне беріктігі бойынша темірбетон конструкциялар есебі кеңістіктік қиысу (кеңістіктік қиысу моделі) бойынша темірбетон элементібұзылудың есептік моделі негізінде жасалады.

Айналу сәттерінің, майыстыру және осьтік күштер әрекетіне беріктігі бойынша темірбетон конструкциялар есебін кеңістіктік сырықтық жүйе (кеңістіктік қиысу моделі) түріндесызаттары бар темірбетон элементінің есептік моделі негізінде жасауға рұқсат етіледі.

5.2.17 Шектеулі алаңшаға қосылған жергілікті қысылу жүктемесінің әсері кезінде оның ауданы конструкцияның қиысу ауданынан кем болғандықтан, жергілікті қысуға (умаждауға) конструкция есебі тікелей жүк алаңшасы маңында жасалады.

5.2.18 Шектеулі алаңшаға қосылған жергілікті созылатын жүктеменің әсері кезінде оның ауданы конструкцияның қиысу ауданынан кем болғандықтан, жергілікті созылуға (үзілуге) есебі жасалады.

5.2.19 Шектеулі алаңшаға түсетін жергілікті көлденең жүктемелердің плиталық конструкцияларға әсер ету кезінде жергілікті кесіндіге (басып майыстыруға) есеп жасалады.

5.2.20 Түйістер (түйіндер, байланыс жіктері) есебі майысу сәттерінің, бір элементтен екіншісіне берілетін және түйісу қоспасының жазықтығымен беттесуші қиысуда әрекет етуші жылжыту, созу және қысушы күштердің әсеріне жасалуы керек.

5.2.21 Үш өзара перпендикулярлы бағыттағы күш беретін әсерлерге ұшырайтын көлемді конструкцияларды есептеу кезінде, жалпы жағдайда, конструкциядан бөлінген, олардың қырларына әсер ететін күштері мен бірлік өлшемді көлемді элементтер қаралуы керек.

5.2.22 Шеткі элементтер әдісімен (ШЭӘ) бетон және темірбетон (сырықтық, жазықтықтық, көлемді) конструкциялар есебі шеткі элементтер қаттылығының тиісті

матрицасын пайдалана отырып жасалуы керек. Шеткі элементтердің қаттылық матрицасын конструкцияның әртүрлі кернеулі жағдайлар кезінде бетон және темірбетон деформациялау мен беріктігінің жалпы модельдері негізінде қалыптастыру керек. Әртүрлі түрдегі кернеулі жағдайлары бар конструкциялардың деформациялану және бұзылу ерекшеліктерінде физикалық арақатынасы өзіне қамтыған салыстырмалық деформациялар мен кернеулердің байланысы ескеріледі.

5.2.23 Массивтік темірбетон конструкциялар есебінбұғат модельдерін пайдалану арқылы серпінділік теорияның әдістерімен жасауға рұқсат етіледі.

Массивтік темірбетон конструкциялардың беріктігінен айырылу мен сызат тұрақтылығының өлшемдері ретінде олардың тиісті шекті мәндеріне (есептік кедергілеріне) кернеулер арқылы жететін жағдайды қабылдау керек.

Есептік әдістерден басқа конфигурациясы күрделі массивтік конструкцияларға физикалық модельдерді сынау нәтижелерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Бұғаттық модельдерді қолдану кезінде қалыпты немесе қиғаш сызаттармен бөлінген және қысу аймағының бетоны мен созу аймағының арматурасы арқылы өзара байланысатын бұғат жүйелерін қарастыру керек.

5.2.24 Осы құралдың есептік және конструктивтік талаптарын орындаудан басқа бетон және темірбетон конструкцияларды жобалаған кезде, конструкциялар жасау мен тұрғызудың технологиялық талаптарының орындалуы, сондай-ақ экология бойынша талаптарды ескеру арқылы тиісті нормативтік құжаттарға сәйкес ғимараттар мен имараттарды тиісті пайдалану үшін жағдайлар қамтамасыз етілуі керек.

5.2.25 Құрама конструкцияларда қосылыстар беріктігіне және ұзақ төзуге ерекше көңіл бөлінуі керек.

5.2.26 Бетон элементтер:

а) элементтің көлденең шегінде бойлық күштің орналасуы кезінде қысуға жұмыс істейтін конструкцияларда басымырақ;

б) элементтің көлденең қиысу шегінен тыс бойлық күштің орналасуы кезінде қысуға жұмыс істейтін конструкциялардағы кейбір жағдайларда, сондай-ақ, олардың бұзылуы тікелей адам өміріне және жабдықтар сақталуына (мысалы тегіс негізінде жатқан элементтер) қаупі болмағандықтан майысатын конструкцияларда қолданылады.

Егер пайдалану сатысында олардың беріктігі бетонмен ғана қамтамасыз етілсе, конструкциялар бетон ретінде қаралады.

5.3 Конструкцияның ғұмырлығы

5.3.1 Берік конструкция мөлшерлес пайдалануға беру шығындары кезінде (жалпы талаптар үшін ҚР ҚН EN 1990 қар.) пайдалануға беру қасиеттерін жоғалтпай, қызмет көрсетудің барлық есептік мерзімі ішінде пайдалануға берудің жарамдылығы мен тұрақтылығы бойынша талаптарды қанағаттандыруы керек.

5.3.2 Бетон және темірбетон конструкцияларды ұзаққа төзу талаптары шекті жағдайлардың есептік жай-күйін орындалуымен, сондай-ақ 5.2-кестеде берілген конструкцияны пайдалануға берудің шарттарының кластарына байланысты 9-бөлімде мазмұндалған конструктивтік талаптарымен қамтамасыз етіледі.

5.3.3 Қоршаған ортаның жағдайлары – бұл механикалық әсер етуге қосымша ретінде конструкциядағы химиялық және физикалық жағдай. Пайдалану шарттары жүктеменің әсерінен болатын әсерлерді өзіне қамтымайды

5.3.4 Бетон және темірбетон конструкциялардың суыққа төзімділігі мен су өткізбеушілігі бойынша бетон маркаларын құрылыс ауданында олардың пайдалануға беру тәртібімен сыртқы ауаның есептік қысқы температураларына байланысты:

– ғимараттар мен имараттар конструкцияларына (жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларынан басқа) – 5.3-кестеде көрсетілгеннен кем емес;

– жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларына – 5.4-кестеде көрсетілгеннен кем емес қабылдануы керек.

5.3.5 Әртүрлі мақсаттағы ғимараттар мен имараттардың бетон және темірбетон конструкциялары үшін басқа нормативтік құжаттар беріктік бойынша 5.3.2-тармағына қарағанда, тым қатал талаптарды орнатқан жағдайда тиісті құжаттардың талаптары қолданылады.

5.2- кесте – ҚР СТ EN 206-1-кестесіне сәйкес қоршаған ортаның сипаттамасына байланысты конструкциялар пайдалану жағдайларының кластары

Ортаның класы	Ортаның сипаттамасы	Орта кластарын ұқсастыру мысалы	Бетонның индикативтік класы
1	2	3	4
1 Тот басу немесе агрессиялық әсерлердің болмауы			
X0	Бетон үшін төменде аталған барлық жағдайлар	Ғимараттағы бетонның ауа ылғалдығы өте аз	CC0,3/0,4
	Темірбетонға тым құрғақ орта		CC4/5
2 Карбонизация салдарынан тот басу			
XC1	Құрғақ күйі	Ғимараттағы бетонның ауа ылғалдығы жоғары емес	Арматураның тотануға қарсы жабыны бар
XC3	Орташа ылғалдылық	Ғимараттағы бетонның ауа ылғалдығы орташа; жаңбырдан қорғалған бетон	

5.3-кесте

Конструкция жұмысының шарттары		Бетонның маркасы, көрсетілгеннен төмен емес					
Пайдалану шарттарының классы	Сыртқы ауаның есептік температурасы, °C	Суыққа төзімділігі бойынша			Су өткізбеушілігі бойынша		
		Жауапкершілік дәрежесі бойынша ғимараттар мен имараттардың (жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларынан басқа) конструкциялары үшін					
		I	II	III	I	II	III
20 ⁰ C төмен температура болуы мүмкін эпизодтық әсері							
XC1,XC3	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F50	Нормаланбайды				
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	Нормаланбайды					

5.4-кесте

Конструкция жұмысының шарттары		Жауапкершілік дәрежесі бойынша жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларына суыққа төзімділігі бойынша бетонның ең төменгі маркасы		
Орын-жайдағы ішкі ауаның салыстырмалы ылғалдығы RH,%	Ауаның есептік қысқы температурасы, °C	I	II	III
RH ≥75	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F100	F75	F50
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	F75	F50	Нормаланбайды
60≤RH ≤75	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F50	Нормаланбайды	
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	Нормаланбайды		
RH ≤60	-	Нормаланбайды		

6 МАТЕРИАЛДАР

6.1 Ұяшықты бетондар

6.1.1 Жалпы ережелер

6.1.1.1 Ұяшықты бетондарбетон көлемінде біркелкі орналыстырылған және бір-бірінен жұқа, біршама берік тасалармен (мембраналармен) бөлінген өзіне тән борпылдақ құрамы –ұяшықты-макроқыртастар құрамы барбетонның бір түрі болып табылады. Ұяшықты бетон – өлшемі 0,1-1,5 мм ұсақ және орташа әуе ұяшықтардың (бетонның жалпы көлемінен 85% дейін)мөлшеріүлкен, аса жеңіл бетон.

6.1.1.2 Ұяшықты бетон экологиялық таза органикалық емес құрылыс материалы болып табылады (ағаштың экологиялық коэффициенті 1,0 болғанда, экология коэффициенті – 1,2-2,0), көп функционалдық пайдалануға болады, тығыздығы аз (150 г/см^3 бастап 1200 г/см^3 дейін), ғұмырлыққа, тот басу төзімділігіне ие.Оның өндірісі үнемді технологиямен, экологиялық қауіпсіздігімен, еңбекті аз қажет етумен, төмен бағамен ерекшеленеді.

6.1.1.3Ұяшықты бетондар мақсаты бойынша:

- 400 г/см^3 дейін құрғақ күйіндетығыздығы орташа және 0,3 бастап 0,9 МПа дейін беріктілігі бар жылу оқшаулағыш;
- 500 г/см^3 бастап 900 г/см^3 дейін тығыздығы және1,3 бастап 3,1 МПа дейін беріктілігі бар конструкциялықжылу оқшаулағыш;
- 1000 г/см^3 бастап 1200 г/см^3 дейін тығыздығы және 3,1 бастап 13,0 МПа дейін беріктігі бар конструкциялық болып бөлінеді.

6.1.1.4 Ұяшықты бетондардың борпылдақтығы:

- жабысқаққа газ тудыратын реакциялар кезінде қоспаны ісіндіретін арнайы газ тудырушы қоспаларды енгізіп, қатқан бетонды газ бетон деп аталатын химиялық жолмен;
- қоспаны дайындалған көбікпен араластырып, қатайған кезде көбіктік бетон алуға болатын механикалық жолмен жасалады.

6.1.1.5 Ұяшықты бетондар дайындау тәсілі арқылы:

- автоклавтық;
- термо-ылғалды өндеуге ұшыраған;
- табиғи қатаятын болып бөлінеді.

6.1.1.6 Ұяшықты бетондар тұтқыр жәнешақпақты-балшықты құрамнан жасалады.Тұтқыр ретінде ұяшықты бетондарға:

- құрамында 50% кем емес үш кальций силикаты және 6-12% үш кальций алюминаты, 10% кем емес төрткальцийалюминаты, үлес беті $3000 \text{ см}^2/\text{г}$ кем емес, 2 сағаттан аса ұстасудың басталуы, 4 сағаттан аспай ұстасудыңаяқталуы бармаркалы, 400және одан жоғары портландцемент немесе қожпортландцемент;
- құрамында 70% кем емес кальций тотығы,5% аспайтын магний тотығы, 2%аспайтын күйдіргіш саны, 2-15 минут сөндіру жылдамдығы бар ұнтақталған, сөндірілмеген, қайнайтын әк;
- цемент-әкті тұтқырғыш;
- әк-белитті тұтқырғыш;

- құрамында домендік түйіршіктелген қоқысы бар араласқан тұтқырғыш;
- құрамында 90% кем емес сульфат кальций, 2% аспайтын магний тотығы және 0,5% аспайтын хлоридтер бар ангидрит немесе құрамында 70% кем емес сульфат кальций, 2% аспайтын магний тотығы және 0,5% аспайтын хлоридтер бар гипс тасы түріндегі гипс тұтқырғыш қолданылады.

Шақпақты-топырақты құрамдасы ретінде ұяшықты бетондарға:

- құрамында 70% кем емес кварц, 0,5% аспайтын натрий тотығы, 1,5% аса кальций тотығы, 0,2% аспайтын хлоридасы, 3% кем емес тұнбалы және балшықты қоспалары бар кварц құмы;

- құрамында 60% аспайтын SiO_2 , 20% аспайтын темір минералдар, 2% аспайтын SiO_2 түгенделгендегі күкірттік қосылыстар, 0,5% аспайтын қара шақпақ тас, 3% аспайтын балшықты бөлшектері бар, кен байытудың жұқа дисперстік қосалқы өнімдері қолданылады.

6.1.1.7 Газ тудырушы ретінде газ бетонға құрамында 90% кем емес опадағы, 60% кем емес пастадағы, $7000 \text{ см}^2/\text{г}$ кем емес суда жабулы қабілетінде белсенді алюминийі бар негізде жасалған алюминий опасы немесе пастасы қолданылады.

6.1.1.8 Көбіктік бетон ұяшықты құрылымының пайда болуы үшін төзімді көбіктер (желім-канифолды, шайырсапониндік, алюмосульфатонафтендік, ГК типті органикалық емес көбік түзушілер немесе органикалық көбік түзушілер) алуға себепші болатын, шала белсенді заттардың әртүрлері қолданылады. Көбікті тұрақтандыру үшін сұйық шыны, жануарлық желім ж.т.б. түрдегі тұтқыр заттар қолданылады.

6.1.1.9 Жобалау кезінде белгіленетін ұяшықтық бетон сапасының негізгі көрсеткіштеріне төмендегілер жатады:

- СС қысуға беріктігі бойынша ұяшықты бетон классы;
- суыққа төзімділігінің **F** маркасы (кезекпен мұздату және жібіту әрекетіне ұшырайтын конструкциялар үшін белгілейді);
- орташа беріктігінің **D** классы.

6.1.1.10 Қажет болған кезде жылу оқшаулағыш, термиялық төзімділігі, отқа төзімділігі, тоттануға төзімді, биологиялық қорғау ж.т.б. байланысты бетон сапасының қосымша техникалық көрсеткіштерін белгілеуге болады. Бетон сапасының қажетті көрсеткіштері 5-бөлімнің нұсқаулары бойынша пайдалану шарттарының есебіне және класына сәйкес бетон, темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде белгіленуі керек.

6.1.2 Ұяшықты бетондардың жіктелуі, сипаттық және есептік кедергілері

6.1.2.1 Бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау кезінде қысу беріктігіне ұяшықты бетондарды көрсетілген EN 206-1 кластары бойынша қолдану керек: CC0,3/0,4; CC0,6/0,7; CC0,9/1; CC1,3/1,5; CC1,7/2; CC2,2/2,5; CC3,1/3,5; CC4,5/5; CC6,9/7,5; CC9/10; CC11/12,5; CC13/15.

ЕСКЕРТПЕ Қысу беріктігіне ұяшықты бетон класы, мысалы, CC11/12,5 болжамы бойынша диаметрі 150 мм және ұзындығы 300 мм мерзімі 28 тәуліктей цилиндрлерде қысуға бетонның сипаттық (квантиль 5%) беріктігі (орташа цилиндрлік беріктігі 14,13 МПа болғанда) 11 МПа кем емес, ал 150 мм қыры бар кубтарда қысуға бетонның сипаттық (квантиль 5%) беріктігі 12,5 МПа кем емес болу керек.

Орташа тығыздығы бойынша ұяшықты бетондар мынадай маркаларға бөлінеді: D300; D400; D500; D600; D700; D800; D900; D1000; D1100; D1200.

Суыққа төзімділігі бойынша ұяшықты бетондар мынадай маркаларға бөлінеді: F15; F25; F35; F50; F75.

6.1.2.2 Бетон және темірбетон конструкцияларды есептеу кезінде қолданылатын ұяшықты бетонның базалық беріктік сипаттамасы осьтік қысуға f_{ck} бетонның сипаттық кедергісі болып табылады.

6.1.2.3 Құрама темірбетон конструкцияларды жобалаған кезде, конструкциялар жасаудың тиісті кезеңіне (мысалы, қорама қалыптың беріктігі ж.т.б.) сәйкес қысуға бетон беріктігін қосымша көрсету керек.

6.1.2.4 Конструкциялар сақтаудың орташа стандарт шарттары үшін (EN 12390) тәуліктік мезгілде t қысуға бетонның орташа беріктігін $f_{cm}(t)$ мына формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$f_{cm}(t) = \beta_{cc}(t) \cdot f_{cm} \quad (6.1a)$$

Жылу өндеуге ұшыраған темірбетон элементтер үшін тәуліктік мезгілде t қысуға бетонның орташа беріктігін $f_{cm}(t)$ мына формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$f_{cm}(t) = f_{cmp} + \frac{f_{cm} - f_{cmp}}{\log(28 - t_p + 1)} \log(t - t_p + 1) \quad (6.1b)$$

(6.1a) формуласында $\beta_{cc}(t)$ коэффициентінің мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\beta_{cc}(t) = \exp \left\{ 0,25 \left[1 - \left(\frac{28}{t/t_1} \right)^{1/2} \right] \right\} \quad (6.2)$$

(6.1a), (6.1b) және (6.2) формулаларда:

$f_{cm}(t)$ – (> 28 тәулік) мезгілінде t қысуға бетонның орташа беріктігі;

f_{cm} – 6.1-кесте бойынша қолданылатын 28 тәулік мезгілінде қысуға бетонның орташа беріктігі;

$f_{cmp} - t_p < t$ уақыт сәтінде жылу өндеуді аяқтағаннан кейін қысуға бетонның орташа беріктігі;

t – бетонның жасы (> 28 тәулік); $t_1 = 1$ тәулік.

6.1.2.5 Бетонның осьтік қысу мен созылуға сипаттық кедергісі, сондай-ақ 6.1.2.1 тармақшасында нормаланған беріктілік кластарына сәйкес оның осьтік қысуға орташа беріктік мәндері 6.1-кестеде берілген.

6.1.2.6 Бетонның f_{cd} қысуға және f_{ctd} созуға есептік кедергісін бетонның сәйкесінше осьтік қысуға f_{ck} және осьтік созуға f_{ctk} бетон бойынша қауіпсіздіктің γ_c және γ_{ct} жеке коэффициенттеріне сипаттық кедергілерін бөлу жолы арқылы анықтау керек, мұнда қауіпсіздіктің жеке коэффициенттері төмендегіге тең етіп қабылданады:

а) күш түсетін қабілеттіліктің шекті жағдайлары бойынша есептеген кезде – $\gamma_c = 1,5$ және $\gamma_{ct} = 2,3$;

б) пайдалануға беру жарамдылығының шекті жағдайлары бойынша есептеген кезде – 1,0.

6.1.3 Бетонның серпінді деформациялары

6.1.3.1 Бетонның серпінді деформациялары оның жасалу түріне және технологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Осы нормативтік-техникалық құрал бетонның серпінді деформацияларын сипаттайтын төмендегі базалық көрсеткіштерді белгілейді:

– бетонның ($\sigma_c = 0$ және $\sigma_c = 0,4 \cdot f_{cm}$ нүктелері арасындағы қиысудың еңіс бұрышының тангесі ретінде анықталатын) серпіндік модулінің E_{cm} мәндері қалыпты бетондар үшін 6.1-кесте бойынша қолданылуы керек.

Мерзім ішінде бетонның серпіндік модулінің $E_{cm}(t)$ өзгеруі мына формула бойынша анықталуы мүмкін:

$$E_{cm}(t) = \left(\frac{f_{cm}(t)}{f_{cm}} \right)^{0,3} \cdot E_{cm}, \quad (6.5)$$

мұнда:

$f_{cm}(t)$ —(6.1a, б) формула бойынша анықталатын уақыт сәтінде қысылуға бетонның орташа беріктігі;

f_{cm} —28 тәулік мерзімдегі бетонның орташа беріктігі;

E_{cm} —6.1-кесте бойынша анықталатын 28 тәулік мерзімдегі бетонның серпінділік модулі;

- Пуассон коэффициенті $\nu_c = 0,20$;

- сызықтық температуралық ұлғайту коэффициенті $\alpha_{ct} = 0,8 \cdot 10^{-5} (1/^\circ\text{C})$;

- орташа тығыздығына қарай, ұяшықты бетонның жылу өткізгіштігінің коэффициенті λ_c 6.2-кесте бойынша қолданылады.

6.1-кесте – Ұяшықты бетонның беріктіліктік және деформациялық сипаттамалары

Бетон берiктілігінің кластары													Сараптамалық тәуелділігі/түсіндірме
f_{ck} , МПа	0,3	0,6	0,9	1,3	1,7	2,2	3,1	4,5	6,9	9	11	13	
$f_{ck,cube}$, МПа	0,4	0,7	1	1,5	2	2,5	3,5	5	7,5	10	12,5	15	
f_{cm} , МПа	0,38	$\frac{0,7}{7}$	$\frac{1,5}{6}$	1,67	2,18	2,82	3,98	5,78	8,86	11,56	14,13	16,7	$0,78f_{cm}=f_{ck}$
f_{ctm} ,МПа				0,36.η ₁	0,42.η ₁	0,51.η ₁	0,64.η ₁	0,82.η ₁	1,1.η ₁	1,3.η ₁	1,5.η ₁	1,7.η ₁	$f_{ctm} = 0,30f_{ck}^{\frac{2}{3}}$ η ₁ =0,40+0,6ρ/1200
$f_{ctk,0,05}$, МПа				0,25.η ₁	0,29.η ₁	0,36.η ₁	0,45.η ₁	0,57.η ₁	0,77.η ₁	0,91.η ₁	1,05.η ₁	1,19.η ₁	$f_{ctk,0,05} = 0,7f_{ctm}$ Квантиль 5%
$f_{ctk,0,95}$, МПа				0,47.η ₁	0,55.η ₁	0,66.η ₁	0,83.η ₁	1,07.η ₁	1,43.η ₁	1,69.η ₁	1,95.η ₁	2,21.η ₁	$f_{ctk,0,95} = 1,3f_{ctm}$ Квантиль 95%
E_{cm} , ГПа				2,24.η _E	$\frac{2,77}{E}$.η _E	3,68.η _E	$\frac{4,04}{E}$.η _E	5,57.η _E	$\frac{7,22}{E}$.η _E	8,4.η _E	8,8.η _E	9,3.η _E	η _E =0,6+ 0,4(ρ/1200) ³
ε _{c1} , ‰				2,1.η ₁									6.1-суретті қар.
ε _{cu1} , ‰				3,0.η ₁									6.1-суретті қар.
ε _{c2} , ‰				2,0.η ₁									6.2-суретті қар.
ε _{cu2} , ‰				2,8.η ₁									6.2-суретті қар.
n				2									6.2-суретті қар.
ε _{c3} , ‰				1,6.η ₁									6.3-суретті қар.
ε _{cu3} ,‰				2,8.η ₁									6.3-суретті қар.
ЕСКЕРТПЕ 1 Автоклавтық қатудың ұяшықты бетондары үшін $f_{ck}, f_{ck,cube}, f_{cm}, f_{ctm}, f_{ctk,0,05}, f_{ctk,0,95}$ мәндерінK=0,9 коэффициентіне көбейту керек.													
ЕСКЕРТПЕ 2 Автоклавтық қатудың ұяшықты бетондары үшін E_{cm} K=0,8 коэффициентіне көбейту керек.													

6.2-кесте

Ұяшықты бетон	Орташа тығыздық бойынша бетонның көрсетілген маркалары кезіндегі жылу өткізгіштік коэффициенті, $Bm,/(m^{\circ}C)$									
	Д300	Д400	Д500	Д600	Д700	Д800	Д900	Д1000	Д1100	Д1200
	0,07	0,09	0,10	0,12	0,15	0,18	0,21	0,25	0,29	0,33

6.1.4 Бетонның жылжығыштығы мен орнығуы

6.1.4.1 Бетон және темірбетон конструкцияларды есептеу кезінде бетон қасиетінің бір уақыт ішінде өзгеруін, сондай-ақ ұзақ үдерістердің (орнығумен жылжығыштығы) дамуына байланысты күшті, кернеуді және жылжуды есепке алу керек. Есептеу кезінде жылжығыштығық пен орнығу сипаттамасының (коэффициентінің) шекті мәндерін пайдалануға жол беріледі.

6.1.4.2 σ_c қысудың тұрақты кернеуі кезінде $t=\infty$ уақыты үшін бетон жылжығыштығының деформациясы $\varepsilon_{cc}(\infty, t_0)$ бетонның t_0 қосымшаланған жасында төмендегілерге тең:

$$\varepsilon_{cc}(\infty, t_0) = \varphi(\infty, t_0) \cdot \frac{\sigma_c}{E_{co}}. \quad (6.6)$$

Бетон $\varphi(\infty, t_0)$ үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәндерін 6.1-суретте көрсетілген кестелер бойынша қабылдауға жол беріледі.

6.1-суретте көрсетілген кестелерден алынған бетон үшін $\varphi(\infty, t_0)$ жылжығыштық коэффициентінің шекті мәндері t_0 уақыт мезетінде бірінші рет жүктеу кезінде бетондағы қысатын кернеулердің деңгейі $0,45f_{cm}(t_0)$ аспайтын есептік жағдайлар үшін қабылданады. Егер t_0 уақытының мезетінде қысатын кернеулер, $0,45f_{cm}(t_0)$ асатын болса, төмендегі формула бойынша сызықты емес жылжығыштығын ескере отырып, 6.1-суретте көрсетілген кестелер бойынша алынған жылжығыштық $\varphi(\infty, t_0)$ коэффициенті мәндерінің модификациясын орындау керек:

$$\varphi_{nl}(\infty, t_0) = \varphi(\infty, t_0) \cdot \exp[1,5 - (k_{\sigma} - 0,45)], \quad (6.7)$$

мұнда:

$\varphi_{nl}(\infty, t_0)$ — сызықтық емес жылжығыштықтың түрленген (сызықты емес) коэффициентінің шекті мәні;

k_{σ} — жүктеу деңгейіне $\sigma_c/f_{cm}(t_0)$ байланысты коэффициент (t_0 уақыт мезетінде бетондағы қысатын кернеу σ_c);

$f_{cm}(t_0)$ — 6.1.2.4 сәйкесанықталатын t_0 жасындағы бетонның сығылуға орташа беріктігі.

6.1.4.3 6.1-суретте көрсетілген графикалық тәуекелдер бойынша қабылданған бетон жылжығыштығы коэффициентінің $\varphi(\infty, t_0)$ шекті мәндері минус 40 бастап 40°C дейінгі температураның маусымдық тербелістері мен 20%-дан 100%-ға дейінгі салыстырмалық ылғалдық RH жағдайларындағы конструкциялардың есебі кезінде қолданылады.

6.1.4.4 6.1-суретте көрсетілген графикалық тәуекелдер бойынша анықталатын бетон жылжығыштығы коэффициентінің $\varphi(\infty, t_0)$ шекті мәні C55/67 аспайтын қысыуға беріктігі бойынша бетон кластары үшін қолданылады.

6.1.4.5 Бетонның орнығу мөлшерін ε_{cs} мына формула бойынша анықтауға болады:

$$\varepsilon_{cs} = \varepsilon_{cd} + \varepsilon_{ca} \quad (6.8)$$

мұнда:

ε_{cd} - бетоннан ылғалдың булануымен шарттасқан бетон орнығуының бөлігі;

ε_{ca} – бетонның кату үдерістерімен шарттасқан бетон орнығуының бөлігі.

Бетон орнығуының мөлшерін $\varepsilon_{cd}(t)$ мына формула бойынша анықтауға болады:

$$\varepsilon_{cd}(t) = \beta_{ds}(t, t_s) \cdot k_h \cdot \varepsilon_{cd,0}, \quad (6.9)$$

мұнда:

$\varepsilon_{cd,0}$ – 6.3-кесте бойынша анықтауға болатын орнығу бөлігінің номиналдық мәндері;

k_h – 6.4-кестесі бойынша қабылданатын қиысудың h_0 көрсетілген мөлшеріне байланысты болатын коэффициент;

β_{ds} – мына формула бойынша анықталатын уақыт ішінде бетон орнығуының даму функциясы:

$$\beta_{ds}(t, t_s) = \frac{(t-t_s)}{(t-t_s)+0,04 \cdot \sqrt{h_0^3}}, \quad (6.10)$$

t – орнығу бөлігінің мөлшері есептелетін бетон жасы, тәулік;

t_s – бетонды дымқыл күйінде сақтау мезетіндегі жасы, тәулік;

$h_0 = \frac{2A_c}{u}$ - көлденең қиысудың көрсетілген мөлшері, мм;

A_s, u – сәйкесінше элементтің көлденең қиысуының ауданы мен периметрі;

$\varepsilon_{cd,\infty} = k_h \cdot \varepsilon_{cd,0}$ – ылғалдың булануымен шарттасатын орнығудың қатыстық деформациясының шекті мәні. Номиналдық қатыстық деформацияның $\varepsilon_{cd,0}$ номиналдық мәні 6.3-кестесінен қабылданады.

6.3-кесте бойынша бетон бөлігінің $\varepsilon_{cd,0}$ аралық мәндерін анықтау кезінде сызықтық интерполяцияға жол беріледі.

6.1.4.6 Бетонның орнығу бөлігінің мөлшерін $\varepsilon_{ca}(t)$ мына формула бойынша анықтау керек:

$$\varepsilon_{ca}(t) = \beta_{as}(t) \cdot \varepsilon_{ca,\infty}, \quad (6.11)$$

мұнда:

$$\varepsilon_{ca,\infty} = 2,5(f_{ck} - 10)10^{-6} \text{ и} \quad (6.12)$$

$$\beta_{as}(t) = 1 - \exp(-0,2 \cdot t^{0,5}); \quad (6.13)$$

t - уақыт, тәулік

6.3-кесте – Орнығудың $\varepsilon_{cd,0}$ еркін қатыстық деформациясына арналған номиналдық мәндер, ‰

$f_{ck}/f_{c,cube}^G$ МПа	РН ауаның салыстырмалы ылғалдығы, %					
	20	40	60	80	90	100
1/1,3 және одан көп	0,62	0,58	0,49	0,30	0,17	0,00

6.4-кесте – (6.9) формуласындағы k_h мәндері

h_0	k_h
100	1,0
200	0,85
300	0,75
≥ 500	0,70

6.1.5 Бір осьтік кернелген жағдай кезінде бетон деформациялануының(жағдайының) диаграммалары

6.1.5.1 Бір осьтік кернелген жағдай кезінде бетонның механикалық қасиеттерінің жалпыланған сипаттамасы ретінде біркелкі кернелген күйдегі бетонның бұзылуына жауап беретін орнатылған шекті мәндерге дейін бір рет жұмсалған жүктеменің қысқа мерзімдегі әрекеті кезінде сығылған бетонның кернеулері σ_c мен бойлық салыстырмалық деформациялары ε_c арасындағы байланысты орнататын бетон жағдайының (деформациялануының) диаграммасын қабылдау керек.

Жалпы жағдайда деформациялану (жағдайдың) диаграммасы осьтік қысқа мерзімді уақытша қысылу кезінде төмен түсетін бұтақпен (6.2-сурет) қисық сызықты кескінге ие.

6.1.5.2 Осьтік қысқа мерзімді уақытша сығылу жағдайындағы бетон деформациялануының толық диаграммасын сипаттау үшін төмендегідей сараптамалық тәуелділікті пайдалануға жол беріледі:

$$\frac{\sigma_c}{f_{cm}} = \frac{k\eta - \eta^2}{1 + (k-2) \cdot \eta}, \quad (6.14)$$

мұнда:

f_{cm} – 6.1-кесте бойынша қабылданатын конструкцияларды жобалау үшін орнатылған осьтік сығылуға бетон беріктігі;

$$\eta = \varepsilon_c / \varepsilon_{c1} \quad (\varepsilon_{c1} < 0);$$

ε_{c1} – 6.1-кесте бойынша қабылдануға тиіс өзгеру диаграммасының ең жоғары нүктесіне сәйкес салыстырмалы деформацияның мәні;

$$k = \frac{1,05 \cdot E_{cm} \cdot |\varepsilon_{c1}|}{f_{cm}},$$

E_{cm} — конструкциялардың сызықты емес есептері үшін бетон серпімділігінің модулі, ГПа, мына формула бойынша анықталады:


$$E_{cm} = 22 \left(\frac{f_{cm}}{10} \right)^{0,3}$$

(6.14) тәуелділігі салыстырмалық деформациялар интервалында $0 \leq |\varepsilon_c| \leq |\varepsilon_{cu1}|$ қабылданады,

мұнда:

ε_{cu1} — 6.1-кесте бойынша қабылданатын сығылу кезіндегі бетонның шекті салыстырмалық мәні.

Күш түсетін қабілеттіліктің шекті жағдайлары бойынша қиысуларды есептеу кезінде базалық диаграммаға баламалық бетон үшін (жеке тура сызықты телімдерден тұратын парабола-сызықты ж.т.б.) жағдайдың жеңілдетілген диаграммаларын қабылдауға жол беріледі.



6.2-сурет – Осытік қысқа мерзімді қысылу кезіндегі бетон деформациялануының (жағдайының) диаграммасы

6.1.5.3 Өзгерудің нормативтік диаграммаларын сипаттау кезінде негізгі ретінде осытік сығылуға f_{ck} бетон кедергісінің сипаттамалық мәндерінің тең кернеулері бар диаграмма басындағы базалық нүктені қабылдау керек.

Есептеу кезінде өзгеру диаграммасының жоғарыдан төменге дейінгі телімінде бетон жұмысының өлшемдік саласы үшін коэффициенттің мәнін $k_u = 0,9$ етіп қабылдай отырып, кернеу деңгейімен $\sigma_{cu} = k_u \cdot f_{ck}$ шектеу керек.

Есептерде қабылданатын бетонның ε_{cu1} салыстырмалық деформацияларының шекті мәні 6.1-кестеде көрсетілген мәндерден аспауы керек.

6.1.5.4 Өзгеру диаграммасының негізгі нүктесіндегі кернеулердің есептік мәндерін 6.1.5.3 нұсқауларға сәйкес анықтау керек, сондай-ақ, бетон кедергісінің сипаттамалық

мәндерінің f_{ck} орнына жүктеменің ұзақ іс-қимылын, оны салудың қолайсыз тәсілін ескеретін α_{cc} коэффициенті бар f_{cd} есептік мәндерді қабылдау керек.

α_{cc} коэффициентінің мәнін $\alpha_{cc} = 0,85$ тең деп қабылдау керек.

Салыстырмалық деформациялар интервалында $|\varepsilon_{c1}| \leq |\varepsilon_c| \leq |\varepsilon_{cu1}|$ бетон деформациялануының есептік диаграммасы (6.3-сурет) есептік кедергіге $\alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c}$ сәйкес көлденең телімге ие.

6.1.5.5 Темірбетон конструкцияларының қиысу беріктігін есептеу кезінде парабола-сызықты диаграмманы (6.3а-сурет) пайдалануға жол беріледі. Ол үшін кернеулер мен салыстырмалық деформациялар арасындағы өзара байланыс мынадай тәуелділіктермен сипатталады:

$$\sigma_c = f_{cd} \cdot \left[1 - \left(1 - \frac{\varepsilon_c}{\varepsilon_{c2}} \right)^n \right], 0 \leq |\varepsilon_c| < |\varepsilon_{c2}| \text{ кезінде,} \quad (6.15)$$

$$\sigma_c = f_{cd}, |\varepsilon_{c2}| \leq |\varepsilon_c| \leq |\varepsilon_{cu2}| \text{ кезінде;} \quad (6.16)$$

мұнда:


n – 6.1-кесте бойынша қабылданатын деңгей көрсеткіші;

ε_{c2} – 6.1-кесте бойынша қабылданатын диаграммада максималдық кернеуге сәйкес келетін салыстырмалық деформация;

ε_{cu2} – 6.1-кесте бойынша қабылданатын бетонның есептік шекті салыстырмалық деформациялары;

f_{cd} – сығылуға бетонның есептік кедергісі.

Темірбетон конструкцияларының қиысу беріктігін есептеу кезінде сығылу кезіндегі (6.3б-сурет) бетон деформациялануының бисызықтық баламалық жеңілдетілген диаграммасын пайдалануға жол беріледі. Салыстырмалық деформациялардың ε_{c3} және ε_{cu3} мәндерін 6.1-кесте бойынша қабылдау керек.




1 - нормативтік диаграмма; 2 - есептік диаграмма

6.3-сурет – Темірбетон конструкцияларының қиысу беріктігін есептеу кезінде қолданылатын, сығылу кезіндегі бетон деформациялануының диаграммалары:

а – парабола-сызықтық; б – жеңілдетілген бисызықтық

6.1.5.6 Конструкцияның қатты созылған және қатты сығылған шектерінде шоғырланған арматурамен жеңіл нысан қималарының беріктігін және симметрия жазықтығында әрекет ететін күштерді есептегенде қиманың (6.3 а-сурет) сығылған аймағының тиімді биіктігі шеңберінде кернеулерді үйлестірудің тік бұрышты эпюрасын пайдалануға жол беріледі.

Қиысудың сығылған аймағының тиімді биіктігін анықтау үшін пайдаланылатын λ коэффициентінің мәнін және тиімді беріктікті анықтау үшін η коэффициентін мәнін $\lambda = 0,8$; $\eta = 1,0$ деп қабылдау керек.



6.3а-сурет – Қиысудың тиімді қысылған аймағының биіктігі бойынша кернеулерді бірқалыпты бөлу

6.1.5.7 $f_{ctm,fl}$ майыстыру кезінде созылуға бетон беріктігі мен f_{ctm} осьтік созылуға орташа беріктік арасындағы тәуелділікті мына түрде қабылдауға жол беріледі:

$$f_{ctm,fl} = \max \left\{ \left(1,6 - \frac{h}{1000} \right) f_{ctm}; f_{ctm} \right\} \quad (6.17)$$

мұнда:

h — элементтің толық биіктігі, мм;

f_{ctm} — 6.1-кесте бойынша қабылданатын осьтік созылуға орташа беріктік.

6.2 Арматураға қойылатын талаптар

6.2.1 Арматураның қолданбалы кластары

6.2.1.1 Темірбетон конструкциялардың арматурасы ретінде St240, St400 және St500B арматуралардың кластарын қабылдау керек. Өндіру тәсілі бойынша арматура ыстықтай жұқартылған, термомеханикалық беріктендірілген және суықтай өзгертілген болып бөлінеді. Арматураның механикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар тиісті стандарттармен регламенттелінеді.

Арматураның рұқсат етілген кластары Бқосымшасында көрсетілген.

6.2.1.2 Ойық бетондардан жасалған темірбетон конструкциялар үшін арматураның диаметрі 16 мм аспауы керек.

6.2.2 Арматураның сипаттық және есептік кедергілері

6.2.2.1 Арматураның сипаттамалық кедергісі $f_{yk}(f_{0,2k})$ – 0,2 % тең қалдық салыстырмалық созылуға сәйкес кернеулер мәніне тең ағудың физикалық немесе шартты шегінің ең төмен бақыланатын мәні. Көрсетілген бақыланатын сипаттамаларға кемінде 0,95 қамтамасыз етумен өндіруші-зауыттар кепілдеме береді.

6.2.2.2 Арматураның есептік кедергісі f_{yd} сипаттамалық кедергіні $f_{yk}(f_{0,2k})$ сырық үшін 1,15, сым арматурасы бойынша 1,2 тең деп қабылданатын арматура бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициентіне бөлу арқылы анықталады.

Көлбеу қиысу бойынша есептеу кезінде көлденең арматураның f_{ywd} есептік кедергісімен (қамыт пен майыстырылған сырықтар) f_{yd} салыстырғанда қаралатын қиысу ұзындығы бойынша арматурадағы кернеу бөлінуінің біркелкі еместігін есепке алу үшін $\gamma_{s1} = 0,8$ жұмыс жағдайларының коэффициентіне көбейту жолымен төмендей түседі.


Кернелмейтін арматураның сипаттамалары 6.4-кестесінде көрсетілген.

6.4-кесте – Арматураның сипаттамалары

Арматура класы	Номиналдық диаметр, мм	Үстіңгі кабаттың түрі	$k = \frac{f_{tk}}{f_{yk}}$	$f_{yk}(f_{0,2k}),$ Н/мм ²	$f_{yd}(f_{0,2d}),$ Н/мм ²	$f_{ywd}, \text{Н/мм}^2$	
St240	5,5 - 20	Тегіс	1,5	240	209	167*	150
St400	6 - 20	Мерзімді бейінді	1,25-1,5	400	348	279*	251
St500	3 - 20	Мерзімді бейінді	1,2	500	435(410)**	348* (328)**	313 (295)**
* Оралған қаңқаларда қолдану жағдайы үшін. ** Жәкшада сым арматурасы үшін мәндер көрсетілген .							

6.2.3 Арматураның деформативтік сипаттары

6.2.3.1 Арматураның адекваттық беріктігі болуы керек, ол беріктіктің ағу шегіне $\left(\frac{f_t}{f_y}\right)_k$ және максималдық жүктеме ε_{uk} кезінде салыстырмалық ұзартуға қатынасымен анықталады. 6.4-суретте ыстықтай жұқартылған және суықтай созылған болаттар үшін «кернеу-салыстырмалық деформация» деформациялау диаграммалары көрсетілген.




6.4-сурет – Арматурадан жасалған болаттар үшін «кернеу-салыстырмалық деформация» диаграммасы: а- ыстықтай жұқартылған болат үшін; б- суықтай созылған болат үшін

6.2.3.2 St500 класты сырық және сым арматурасы үшін « $\sigma_s - \varepsilon_s$ » тәуелділікті 6.5 а-суреттегі диаграммаға сәйкес қабылдау керек.

St240 және St400 класты сырық арматура үшін « $\sigma_s - \varepsilon_s$ » тәуелділікті ε_{sy} -дан ε_{su} -ге дейін (6.5б-сурет) көлденең теліммен қабылдау керек.

Минус 30-дан плюс 200 °С температура аралығында E_s арматураның серпінді модулі $E_s = 200 \text{ кН/мм}^2$ тең деп қабылдауға болады.



**6.5-сурет – Арматураға арналған « $\sigma_s - \varepsilon_s$ » тәуелділігі:
а – St500 кластағы сырықтық және сымдық арматура үшін;
б – St240 және St400 кластағы сырықтық арматура үшін**

7 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ҚАУІПТІ ШЕКТІ (ULS) ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУ

7.1 Осьтік бойлық күші бар майыстыру

7.1.1 Жалпы ережелер

7.1.1.1 Бетон және темірбетон конструкцияларды қауіпті шекті жағдайлар мен күш түсетін қабілеттілік бойынша есептеуді әсер етудің есептік үйлесімдерінен болатын күшейту конструкция бойлық оське дұрыс сызаты бар қиысуда қабылдайтын шекті күшейтуден аспайтындығының шарты бойынша жүргізу керек,

Конструкциялар мен оның элементтерінің күш түсетін қабілеттілігін жою есебінің өлшемдері мен олардың майыстырусәтінде және бойлық күштердің әсерінен қиысуберіктілігін шекті оське қалыптылық жойылды деп есептеуге болады, сонымен бірге жүйенің ауысымдылығы немесе оның жеке элементі өзгеріске ұшырайды.

7.1.1.2 Қалыпты бойлық күште қиысуда сызаттармен бірге темірбетонконструкцияларды қабылдауға мүмкіндігі бар, жалпы жағдайда шекті күштер 5.2.12 ұсынылған деформациялы теңдіктердің жалпы жүйесін шешуден анықталады. Беріктілігі бойынша есептеу кезінде элемент қиысуындағысалыстырмалықдеформацияларды бөлудің есептік схемалары 7.1-суретте көрсетілген.

7.1.1.3 Темірбетон конструкциялардың қиысуы, қалыпты бойлық осьімен беріктілігін жою өлшемдері бойынша деформациялық есептік модельдерді пайдалану кезінде, олардың шекті мағыналарына қарай сығылған бетонмен немесе созылған арматураның салыстырмалық деформацияларымен қол жеткізу жағдайлары қабылданады.


7.1.1.4 ε_c сығылған бетонның шекті салыстырмалық деформациясының мөлшерін 6.1-кесте бойынша қабылдау керек, бірақ:

- а) орталық сығылған қиылысу үшін – 6.1-кестесі бойынша $\varepsilon_{c2}(\varepsilon_{c3})$ мәндерінен;
- б) орталықтан тыс сығылған қиылысу үшін (салыстырмалық деформациялардың екі таңбалы эпюраларымен бірге) – 6.2-кесте бойынша $\varepsilon_{cu2}(\varepsilon_{cu3})$ мәндерінен артық болмауы керек.

Деформациялық есептік модель бойынша темірбетон конструкциялар элементтерінің қиысу кедергілерін есептеу кезінде төмендегілерге рұқсат беріледі:

- қысымдар мен бетондардың деформациялары 6-бөлімнің көрсеткіштеріне сәйкес қабылданған « σ_c - ε_c » деформациялаудың сәйкес диаграммаларымен байланысты;
- қысымдар мен арматуралардың деформациялары 6-бөлімнің көрсеткіштеріне сәйкес « σ_s – ε_s » деформациялаудың диаграммаларымен байланысты;

- бетон мен арматураның орташа деформациясы үшін жазық қиысу гипотезасы әділ болып есептеледі;
- созылудан өткен бетон есептерде ескерілмейді.



7.1-сурет – Деформациялық модельді пайдалану арқылы беріктілік бойынша элементті есептеу кезінде бойлық оське қалыпты қиысудағы салыстырмалық деформацияларды бөлудің есептік схемалары

7.1.1.5 Элементтің бойлық осьіне қалыпты қиысу кедергілерінің есебін тепе-теңдік талабымен анықталатын бетонның сығылған аймағының, салыстырмалық биіктігінің мәні $\xi = \frac{x}{d}$, бетонның сығылған аймағы биіктігінің салыстырмалық мәні ξ_{lim} арасындағы арақатынастан жүргізу керек, мұндағы элементтің шекті жағдайы $\sigma_{sd} = f_{yd}$ есептік кедергіге тең қысымның созылған арматурасына жетумен және ε_{cu2} немесе ε_{cu3} шекті салыстырмалық деформацияның сығылған аймағының шеткі талшығы бетонымен бір сәтте басталады.

$$\xi_{lim} \text{ мағынасы } \xi_{lim} = \frac{\varepsilon_{cu2}}{\varepsilon_{sy} + \varepsilon_{cu2}} \text{ немесе } \xi_{lim} = \frac{\varepsilon_{cu3}}{\varepsilon_{sy} + \varepsilon_{cu3}} \quad (7.1)$$

формуласы бойынша анықталады

мұнда:

$$\varepsilon_{sy} - \varepsilon_{sy} = \frac{f_{yd}}{E_s} \quad (7.2) \text{ формуласы бойынша анықталатын } f_{yd} \text{ есептік кедердергісіне}$$

қысымдар жеткен жағдайдағы арматураның салыстырмалық деформациясы.

Кез-келген симметриялық форманың қалыпты қиысу төзімділігін есептеу формулаларын $\sum M = 0$ және $\sum X = 0$: \sum шекті жағдайдағы элементтің тепе-теңдігінің екі талабының бірінен шығарады.

Сыртқы M_{Ed} сәті ішкі күштердің ($M_{Ed} \leq M_{Rd}$) қайта бағытталған M_{Rd} сәт түрінде көрсетілген элементтің көтеру қабілеттілігінен аспаған жағдайда, элементтің қалыпты қиысу беріктігі қамтамасыз етілген болып есептелінеді.

7.1.2 Артықшылықты сәті бар майыстыру

Майыстыру кезінде артықшылықты сәт төмендегі шарт орындалған жағдайда болады:

$$\frac{e_d}{h} = \left| \frac{M_{Ed}}{N_{Ed} \cdot h} \right| > 3,5.$$

Қалыпты қиысу өлшемдерін және тікбұрышты, тавролық немесе шеңбер элементтердің жұмыс арматурасының қиысу аудандарын іріктеу есебін Вқосымшасындағы итерациялық диаграммалары мен кестелері бойынша жасауға кепілдеме беріледі:

1) тікбұрышты қиысу үшін:

а) майыстыру элементтерін есептеудің жалпы диаграммасы (1-кесте);

б) мөлшерсіз коэффициенттердің көмегімен есептеудің кестелік формасы (2,3-кесте);

в) k_d мөлшерсіз байланыстыратын коэффициенттің көмегімен есептеудің кестелік формасы (4,5-кесте);

2) тавролық қиысу үшін:

а) тавролық қиысуларға арналған есептің кестелік формасы (8-кесте);

3) дөңгелек қиысу үшін:

а) дөңгелек және ссақиналық қиысуға арналған кестелік формасы (9-кесте).

7.1.2.1 Жеке арматурасы бар тікбұрышты қиысудың майыстыру темірбетон элементтері

а) Бойлық арматураны іріктеп алуды мөлшерсіз байланыстырушы k_d коэффициентін пайдалану арқылы жеке арматурасы бар тікбұрышты қиысудың майыстыру элементтерінің күш түсетін қабілеттілігін анықтауды Вқосымшасының 4-кестесі бойынша жүргіземіз.

Қиысуда әрекет ететін майыстырудың сәті:

$$M_{Eds} = M_{Ed} - N_{Ed} \cdot z_{s1}$$

Коэффициент мәнін анықтаймыз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{M_{Eds}/b}} \text{ (В қосымшасының 4-кестесін қар.)} \quad (7.3)$$

4-кесте бойынша 4. $\rightarrow k_s$.

Созылған жеке арматураның талап етілетін ауданының аудандары:

$$A_{s1} [cm^2] = k_s \cdot \frac{M_{Eds} [\kappa H \cdot m]}{d [cm]} + \frac{N_{Ed} [\kappa H]}{43,5} \quad (7.4)$$

б) Бойлық арматураны таңдап алуды мөлшерсіз коэффициенттерді пайдалану арқылы жеке арматурасы бар тікбұрышты қиысудың майыстыру элементтерінің күш түсетін қабілеттілігін анықтауды Вқосымшасының 2-кестесі бойынша жүргіземіз.

Коэффициент мәнін анықтаймыз:

$$\alpha_m = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} \text{ (В қосымшасының 2- кестесін қар.)} \quad (7.5)$$

Вқосымшасының 2-кестесі бойынша $B \rightarrow \sigma_{sd} \rightarrow \omega$.

Созылған арматураның талап етілетін ауданының аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{sd}} (\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) \quad (7.6)$$

в) Бойлық арматураны таңдап алуды есептің жалпы диаграммасын пайдалану арқылы Вқосымшасының 1-кестесі бойынша жүргіземіз.

Коэффициент мәнін анықтаймыз:

$$\alpha_m = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} \text{ (В қосымшасының 1-кестесін қар.)} \quad (7.7)$$

2-кесте бойынша В қосымшасы $\rightarrow \varepsilon_{s1} \rightarrow \xi = \frac{z}{d}$.

$\varepsilon_{s1} \rightarrow \sigma_{s1d}$ үшін

Созылған арматураның талап етілетін ауданының аудандары:

$$A_{s1} = \frac{1}{\sigma_{s1d}} \left(\frac{M_{Eds}}{\xi \cdot d} + N_{Ed} \right) \quad (7.8)$$

7.1.2.2 Жеке арматурасы бар тавролық қиысудың майыстыру темірбетон элементтері

Қысу аймағында (тавролық, екі тавролық және т.б.) сөресі бар қиысуды есептеу қысылған аймақ шегініде орналасқан жеріне байланысты жасалады:

а) 1-жағдай – жеке арматурасы бар элемент қиысудың қысылған аймағы қырынан жоғары орналасады, яғни нөлдік сызығы сөре шегінен ($x \leq h'_f$) өтеді. Тавролық қиысу есебі 1-жағдай бойынша ені b'_f тікбұрышты қиысу есебінен ерекшелінбейді.

б) 2-жағдай – қиысудың қысылған аймағы сөреден төмен түседі ($x \geq h'_f$), яғни нөлдік сызық қиысу қырын кесіп өтеді.

В қосымшасының 5-кестесі бойынша мөлшерсіз байланыстырушы k_d коэффициентін пайдалану арқылы майыстыру элементтерін есептеу

Арматураның созылған A_{s1} және сығылған A_{s2} қиысу аудандарын іріктеп алуды мөлшерсіз байланыстырушы k_d коэффициентін пайдалану арқылы симметриялы арматурасы бар тікбұрышты қиысудың майыстыру элементтерінің күш түсетін қабілеттілігін анықтауды В қосымшасының 2-кестесін қолдана отырып жасайсыз.

Есеп бойынша сығылған арматура талап етілетін болса, арматураның созылған A_{s1} және сығылған A_{s2} қиысу аудандары мына формула арқылы анықталады:

$$k_d = \frac{d[\text{см}]}{\sqrt{M_{Eds}[\text{кН}\cdot\text{м}]/b[\text{м}]}} \quad (\text{В қосымшасының 2-кестесін қар.}) \quad (7.9)$$

$$M_{Eds} = M_{Ed} - N_{Ed} \cdot z_{s1}$$

$$A_{s1}[\text{см}^2] = p_1 \cdot k_{s1} \cdot \frac{M_{Eds}[\text{кН}\cdot\text{м}]}{d[\text{см}]} + \frac{N_{Ed}[\text{кН}]}{43,5}; \quad (7.10a)$$

$$A_{s2}[\text{см}^2] = p_2 \cdot k_{s2} \cdot \frac{M_{Eds}[\text{кН}\cdot\text{м}]}{d[\text{см}]} \quad (7.10б)$$

7.1.3 Артықшылықты бойлық күші бар майыстыру

Майыстыру кезінде артықшылықты бойлық күш төмендегі мына шарт орындалған жағдайда болады:

$$\frac{e_d}{h} = \left| \frac{M_{Ed}}{N_{Ed} \cdot h} \right| \leq 3,5.$$

Қалыпты қиысудың өлшемдерін тікбұрышты жұмыс арматураның қиысу аудандарын таңдау есебін В қосымшасындағы 3-кестедегі итерациялық диаграмаларға сәйкес орындауға кепілдеме беріледі.

7.1.4 Шағын эксцентриситеті бар орталықтан тыс қысылған (орталық қысылған) темірбетон элементтер

Қысу кезінде N ішкі бойлық күштің әрекетіне бетон мен бойлық арматура кедергі келтіреді. Қысылған бетонның $\varepsilon_{с2}$ қатыстық деформациясының шамасын 6.1-кесте бойынша қабылдау керек, бұл жерде ол орталық қысылған қиысу үшін $|\varepsilon_{с2}| = 2,0 \cdot \eta_1 \text{ ‰}$, орталық немесе орталықтан тыс қысу кезінде $e^d/h \leq 0,1$ аспауы керек.

7.2 Беріктілік бойынша темірбетон элементтерді көлденең күштердің әрекетіне есептеу

7.2.1 Көлденең арматурасы жоқ элементтер

7.2.1.1 Вертикаль және (немесе) иілген (майысқан) арматуралар жоқ болған кезде темірбетон элементтерді беріктілік бойынша көлденең күштердің әрекетіне есептеуді мына өрнектен жүргізу керек:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,c}, \quad (7.13)$$

мұнда:

V_{Ed} —жүктемелердің әрекетімен пайда болған, қарастырылатын қиысудағы есептік көлденең күш;

$V_{Rd,c}$ —(7.14)-(7.15) формулалары бойынша анықталатын, көлденең арматурасы жоқ темірбетон элемент қабылдайтын есептік көлденең күш.

7.2.1.2 Егер тіпті есептік негізінде көлденең арматура талап етілмесе де, 9.2.2 тармақшасына сәйкес минималдық көлденең арматуралауды қарастыру керек. Минималдық көлденең арматуралауды жүктемелерді көлденең қайта бөлу мүмкін тақтайша (тұтас, қабырғалық немесе көп қуыстық тақтайшалар) сияқты элементтерде қарастырмауға болады. Сонымен қатар, жалпы конструкцияның күш түсетін қабілеттілігі мен тұрақтылығына елеулі әсер етпейтін екінші дәрежелі мәндегі элементтерде (мысалы, 2 м кем емес немесе оған тең аралығы бар маңдайшалар үшін) минималдық көлденең арматуралауды қарастырмауға болады.

7.2.1.3 Ішінде (7.13) формулаға сәйкес $V_{Ed} > V_{Rd,c}$ элементінің аймағында $V_{Ed} \leq V_{Rd,ct}$ шартын орындауға мүмкіндік беретін көлденең арматураны қарастыру керек ((7.14) формуласын қар.).

7.2.1.4 $V_{Ed} - V_{ccd} - V_{td}$ болатын есептік көлденең күш пен белдеулердің салымының сомасы конструкция элементінің қай қиысуында болмасын $V_{Rd,max}$ аспауы керек (7.2.2 қар.).

7.2.1.5 Әдетте, бойлық созылған арматура көлденең күш арқылы пайда болған қосымша созылған күшейтуді қабылдауы керек.

7.2.1.6 Айтарлықтай бірқалыпты бөлінген жүктеменің әрекетіне ұшыраған элементтер үшін есептік көлденең күшейтуді тіректің шегінен d аз қашықтықта тексеру талап етіледі. Есеп бойынша орнатылатын көлденең арматураны тірекке дейін жеткізу керек. Қосымша түрде тіректегі көлденең күштің $V_{Rd,max}$ аспайтындығын тексеру керек.

7.2.1.7 Егер күшейту қиысудың астының маңында көлденең күшке кедергіні қамтамасыз ететін көлденең арматураға қосымша жанасқан болса, онда осы күшейтуді қиысудың үстіне беретін вертикаль арматураны орнату керек.

7.2.1.8 Элемент вертикаль және (немесе) иілген арматурасыз қабылдайтын есептік көлденең күшті $V_{Rd,c}$, N , мына формула бойынша анықтау керек:

$$V_{Rd,c} = \left[\frac{0,18}{\gamma_c} \cdot k \cdot (100 \cdot \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d \quad (7.14)$$

$$\text{бірақ } V_{Rd,c,min} = [0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}}] \cdot b_w \cdot d \text{ кем емес} \quad (7.15)$$

мұнда:

f_{ck} — МПа берілген;


$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} \leq 2,$$

мұнда d — мм берілген;

$$\rho_l = \frac{A_{sl}}{b_w \cdot d} \leq 0,02$$

A_{sl} —майысатын қиысудың беріктілігі ($l_{bd}+d$)кем емес ұзындықтағы есептік қиысуға жүргізілген және сенімді түрде анкерленген шарты бойынша еңістік қиысудағы беріктілікті есептеуде ескерілетін созылған бойлық арматураның қиысуының ауданы (7.2-сурет);

b_w —созылған аймақтағы көлденең қиысудың минималдық ені.



7.2-сурет – (7.106) формулада көлденең арматуралаудың ауданын анықтау кезіндегі есептік қиысудың күйі

7.2.1.9 Көлденең арматураның элементтерді (7.15) формуласы бойынша көлденең күштердің әрекетіне беріктілік бойынша есептеуді тіректің ішкі шегінен 45° бұрышының астындағы майысқан сызықпен элементтің бойлық осы қиысуының нәтижесінде алынатын тіректің ішкі шегі мен нүкте арасында орналасқан телімде қиысу үшін жүргізбеуге жол береді.

7.2.1.10 Егер есептік қиысу тірек шегінен $0,5d \leq x(a_v) < 2d$ қашықтықта орналасса, онда оның кесетін күштердің әрекетіне беріктігін мына формула бойынша тексеру керек:

$$V_{Rd,c} = \left[\frac{0,18}{\gamma_c} \cdot k \cdot (100 \cdot \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \cdot \frac{x}{2d} \right] \cdot b_w \cdot d \quad (7.16)$$

$$V_{Rd,c,max} = 0,5 \cdot b_w \cdot v \cdot f_{cd} \text{ артық емес} \quad (7.17)$$

осы жерде v майысқан сызықтардың пайда болуының есебімен бетон үшін беріктілікті төмендетудің коэффициенті болып табылады;

мұнда

$$v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) \text{— ұлттық қосымшада қабылданған } (f_{ck} \text{ МПа берілген}).$$

(7.17) формуласы жүктемеде элементтің жоғарғы шегі бойынша әрекет ететін және бойлық арматураның 9-бөлімнің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген анкерлеуі бар есептеу жағдайы үшін ғана қолданылады.

7.2.2 Ішінде көлденең арматураны есептеу бойынша орнатылатын элементтер

7.2.2.1 (7.14) шарты орындалмаған жағдайларда, элементтердің еңістік қиысу бойынша беріктілігін қамтамасыз ету үшін көлденең арматураны есеп бойынша орнату керек.

Темірбетон элементтерді сырықтық модельдің және еңістік қиысудың модельдерінің негізінде есептеу

7.2.2.2 Темірбетон элементтерді еңістік қиысу бойынша есептеу:

- сырықтық модель (фермендік аналогия әдісі) негізінде еңістік сызат бойынша көлденең күштің әрекетіне (7.2.3 тар. қар.);
- еңістік сызат бойынша (баламалық модель) көлденең күштің әрекетіне (7.2.4 тар. қар);
- еңістік сызат бойынша (баламалық модель) майысатын сәттің әрекетіне (7.2.6 тар. қар) беріктілігін қамтамасыз ету үшін жүргізілуі керек.

7.2.2.3 Еңістік қиысу бойынша темірбетон элементтерді есептеу кезінде еңістік қиысуды элементтің бойлық осынен дұрысқа және элементтің бойлық осыне әрекет ететін барлық күштердің проекциясына тепе-теңдігінің теңдеулері, сонымен қатар еңістік қиысудың шегінде таңдалған оське қатысты еңістік қиысуда әрекет ететін барлық күштердің майысатын сәттерінің тепе-теңдігінің теңдеуі қолданылады.

7.2.2.4 Еңістік қиысу бойынша элементтердің беріктілігінің тозуының өлшеміне еңістік сызат үстіндегі қысылған бетондағы және еңістік сызаттардың арасындағы, сонымен қатар қиылысатын еңістік сызаттардың көлденең және бойлық арматурасында шекті күшейтуге жету болып табылады.

7.2.2.5 Майысқан элементтердегі иілген сырықтарды көлденең сырықтармен бірге көлденең арматуралау түрінде қолдауға жол беріледі. Иілген сырықтар мен бойлық арматураның арасындағы бұрыш 30° - 60° құруы керек. Осы жерде V_{Ed} көлденең күштің кемінде 50% вертикаль көлденең арматурамен қабылдануы керек.

7.2.2.6 Көлденең арматуралау 9-бөлімнің талаптарын қанағаттандыруы керек.

7.2.3 Беріктілік бойынша темірбетон элементтерді сырықтық модельдің негізінде (фермендік аналогияның әдісі) есептеу

7.2.3.1 Еңістік қиысудың беріктілігі бойынша көлденең күштердің әрекеті кезінде темірбетон элементтерді есептеуді (7.3-сурет) мына өрнек бойынша жүргізу керек:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,sy} \quad (7.18)$$

мұнда:

V_{Ed} — қарастыратын қиысудағы жүктемелердің әрекетімен шақырылған есептік көлденең күш;

$V_{Rd,sy}$ — көлденең арматуралауы бар элементте арматурамен қабылданатын көлденең күштің құрамдасы;

α —көлденең және бойлық жұмыс арматура арасындағы еңістің бұрышы;

θ —қысылған бетон сызығы (еңісі) және бойлық жұмыс арматура арасындағы еңістің бұрышы. Максималдық $\cot\theta$ қтимал мәнін 2,5 тең етіп қабылдауға болады. $\cot\theta$ кіші мәндерін төменгі шекті сақтау кезінде $\cot\theta > 1$ етіп қабылдауға болады;


b_w —қабырғаның ең кіші ені;

z —есептеу кезінде мәнін шамамен $z = 0,9d$ етіп қабылдауға болатын күштің ішкі жұбының иіні;

d —қиысудың жұмыс биіктігі;

F_{td} —бойлық арматурадағы созылмалы күшейтудің есептік мәні;

F_{cd} —элементтің бойлық осы бағытындағы бетондағы қысатын күшейтудің есептік мәні.



7.3-сурет – Сырықтық модельдің негізінде көлденең күштің әрекеті кезінде темірбетон элементтердің беріктілігін есептеуге арналған

7.2.3.1 Қиысуға әсер ететін бойлық күштер жоқ болғанда есептеу

7.2.3.1.1 Элемент көлденең арматуралаумен бірге қабылдайтын есептік көлденең күшті төмендегі формула бойынша анықтау керек:

$$V_{Rd,sy} = \frac{A_{sw}}{s} \cdot z \cdot f_{ywd} \cdot \cot \theta \quad (7.19)$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{ywd}}{b_w \cdot s} \leq 0,5 \cdot v \cdot f_{cd} \text{ кезінде}$$

және $v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right)$ — дұрыс және ұсақ дәнді бетондар үшін ұлттық қосымшада қабылданған (f_{ck} МПа берілген);

мұнда:

A_{sw} —көлденең арматураның қиысу ауданы;

s —қамыттар арасындағы қашықтық;

b_w —қабырғаның ең кіші ені;

f_{ywd} —көлденең арматураның ағу шегінің есептік мәні;

z —қарастыратын элементтегі майысатын сәтке сәйкес келетін тұрақты биіктігі бар элементке арналған күштердің ішкі жұбының иіні. Бойлық күші жоқ темірбетон элементтің көлденең күшейтуін есептеу кезінде, жалпы, $z = 0,9d$ шамалас мәні қолданылуы мүмкін;

$\cot \theta$ —бетон қысылған қисық пен көлденең күшейтуге перпендикуляр арқалықтың осы арасындағы бұрыш ($1 \leq \cot \theta \leq 2,5$ шекті мәндері);

f_{ck} — бетонның осьтік қысуға сипаттық кедергісі;

f_{cd} — бетонның қысуға есептік кедергісі;

ν — еңістік заттардың пайда болу есебімен бетон үшін беріктілікті төмендету коэффициенті.

7.2.3.1.2 (7.13) формуласы бойынша анықталған есептік көлденең күш төмендегі формула бойынша есептелетін $V_{Rd,max}$ көлденең күшінен аспауы керек:

$$V_{Rd,max} = \frac{\alpha_{cw} \cdot b_w \cdot z \cdot \nu_1 \cdot f_{cd}}{\cot \theta + \tan \theta} = \frac{b_w \cdot z \cdot \nu \cdot f_{cd}}{\cot \theta + \tan \theta} \quad (7.20)$$

мұнда:

$V_{Rd,max}$ — қысылған қисықтар еңістік қиысуды есептеу кезінде қабылдайтын есептік көлденең күш;

b_w —қабырғаның ең кіші ені;

f_{ywd} —көлденең арматураның ағу шегінің есептік мәні;

$\nu_1 = \nu = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250}\right)$ —еңістік сызаттардың ықпалын ескеретін бетон беріктілігін төмендетудің коэффициенті;

α_{cw} —конструкция үшін алдын-ала кернеусіз, 1,0 тең етіп қабылданатын қысылған белбеудегі кернеудің деңгейін есептейтін коэффициент.

ЕСКЕРТПЕЕгер көлденең арматурадағы кернеудің есептік мәні f_{yk} ағудың сипаттық шегінің кемінде 80% құрайтын болса, онда ν_1 мәні төмендегі жолмен анықталына алады:

$$\begin{aligned} f_{ck} \leq 60 \text{ МПа үшін} \quad \nu_1 &= 0,6; \\ f_{ck} \geq 60 \text{ МПа үшін} \quad \nu_1 &= 0,9 - \frac{f_{ck}}{200} > 0,5 \end{aligned}$$

7.2.3.1.3 $\alpha \geq 45^\circ$ бұрыш астында майысқан арматурасы бар элемент үшін элемент қабылдайтын шекті есептік көлденең күшті мына формула бойынша анықтау керек:

$$V_{Rd,sy} = \frac{A_{sw}}{s} \cdot z \cdot f_{ywd} \cdot (\cot \theta + \cot \alpha) \cdot \sin \alpha \quad (7.21)$$

$$\text{көрсетілген кезде} \quad \frac{A_{sw} \cdot f_{ywd}}{s \cdot b_w} \leq \frac{0,5 \cdot \nu \cdot f_{cd} \cdot \sin \alpha}{1 - \cos \alpha}$$

(7.21) формула бойынша анықталатын есептік көлденең күш төмендегі формула бойынша есептелінетін $V_{Rd,max}$ көлденең күштен аспауы керек:

$$V_{Rd,max} = b_w \cdot z \cdot \nu \cdot f_{cd} \cdot \frac{\cot \theta + \cot \alpha}{1 + \cot^2 \theta} \quad (7.22)$$

7.2.3.1.4 Көлденең күштің V_{Ed} эпюресіндегі секірулер мен кесіктері жоқ аймақтардағы (мысалы, жүктеме элементінің жоғарғы шегі бойынша бірқалыпты бөлініп қосымшаланған кезде) ұзындықтың кез-келген бөлігіндегі көлденең арматураның ауданы $l = z \cdot (\cot \theta)$ осы кесіктегі ең кіші V_{Ed} мән бойынша есептеліне алады.

7.2.3.1.5 Кесілетін күштің әрекетімен шақырылған бойлық арматурадағы қосымша созылмалы күшейтуді ΔF_d мына формула бойынша анықтау керек:

$$\Delta F_d = 0,5 V_{Ed} \cdot (\cot \theta - \cot \alpha) \quad (7.23)$$

Осы жерде бойлық арматурадағы $\left(\frac{M_{Ed}}{z} \right) + \Delta F_d$ жиынтықтық созылатын күшейту $M_{Ed, max} / z$ үлкен болмауы керек.

7.2.3.1.6 Қиысудың жоғарғы шегінде тірек (қысқа арқалықтың, консольдың) шекарасының $0,5d < x(a_v) < 2d$ шегінен жүктеме қосымшаланған конструкцияның элементтері үшін көлденең қиысудағы осы жүктеменің V_{Rd} үлесі $\beta = \frac{a_v}{2d}$ коэффициентіне көбейту арқылы төмендетілуі мүмкін. Осындай жолмен анықталған көлденең күшейту V_{Rd} мына шартты қанағаттандыруы керек:

$$V_{Rd} = V_{Rd, ct} + A_{sw} \cdot f_{ywd} \cdot \sin \alpha \quad (7.24)$$


мұнда:

$V_{Rd, ct}$ — x есептің қиысудың ең жағымсыз күйі үшін (7.16) формуласы бойынша анықталады;

$A_{sw} \cdot f_{ywd} \cdot \sin \alpha$ — еңістік сызатты кесіп өтетін көлденең арматура қабылдайтын көлденең күштің құрамдасы.

Бұл жерде $0,75 \cdot a_v$ ұзындықты телімнің ортасындағы көлденең арматура ғана есепке алынады (7.4-суретті қар.). β коэффициентінің көмегімен төмендету көлденең арматуралауды есептеу кезінде ғана қолданылуы керек. Бұл бойлық арматура толығымен тірекке анкерлеген кезде ғана әрекетте болады. Әдетте, $a_v < 0,5 \cdot d$ үшін $a_v = 0,5 \cdot d$ мәнін пайдалану керек.

Төмендететін β коэффициентінің есебісіз анықталған V_{Rd} мәні (7.22) формуласы бойынша есептелінген $V_{Rd, max}$ аспауы керек.



7.4-сурет – Қисықтардың тікелей емес әсер етуі бар кесіктердегі қысқа аралықтар кезіндегі көлденең арматура

7.2.3.1a Қабырға мен сөренің арасындағы кесік

Қабырға мен сөренің арасындағы кесіктің беріктілігін сөрені көлденең арматура түріндегі созылмалы элементтермен қосылған қысылған еңістердің жүйесі ретінде қарастыра отырып, есептеу керек. A_{sf}/s_f ұзындықтың бірлігіне орнатылатын көлденең арматуралаудың санын төмендегі өрнектен анықтау керек:

$$\frac{A_{sf}}{s_f} \geq v_{Ed} \cdot f_{ywd} \cdot \cot \theta_f \quad (7.25)$$

мұнда:

v_{Ed} —төмендегі формула бойынша анықталатын қабырғаның бір жағы бойынша есептелінетін телімнің ұзындығының бірлігіне келетін кесіктің орташа күшейтуі:

$$v_{Ed} = \frac{\Delta F_d}{\Delta x}, \quad (7.26)$$

ΔF_d — Δx қарастыратын телімнің ұзындығында қабырғаның бір жағынан сөренің шегінде бөлінген нәтижеленген дұрыс кернеулерді өсіру (7.5-суретті қар.).


Осы жерде сөре шегінде еңістік сызаттармен бөлінетін қысылған майысуды басудың алдын-алу үшін мына шарт орындалуы керек:

$$V_{Ed} \leq v \cdot f_{cd} \cdot h'_f \cdot \sin \theta_f \cdot \cos \theta_f. \quad (7.27)$$

(7.26) және (7.28) формулалары бойынша есептеу кезінде θ_f бұрышының келесі мәндерін қабылдауға жол беріледі:

- қысылған сөре үшін – $1,0 \leq \cot \theta_f \leq 2,0$ ($45^\circ \geq \theta_f \geq 26,5^\circ$);
- созылған сөре үшін – $1,0 \leq \cot \theta_f \leq 1,25$ ($45^\circ \geq \theta_f \geq 38,6^\circ$);.

Есептерде көлденең бағыттағы майысатын сәтті (сөредегі жергілікті майысуды) қабылдау үшін бекітілген сөренің арматуралауын ескеру керек.



7.5-сурет – Сөре мен қабырғаның арасындағы кесікті есептеу есептеуге арналған

7.2.3.2 Көлденең арматураның талап етілген ауданын есептеу

7.2.3.2.1 Көлденең арматураның талап етілген ауданын есептеуді қарастыратын қиысуда әрекет ететін V_{Ed} есептік көлденең күштің шамасына байланысты жүргізеді. Осы жерде есептік қиысудың күйіне байланысты тірекастылық аймақтың ұзындығы бойынша әртүрлі есептік жағдайлар болуы мүмкін.

Төмендегі жағдайларда:

1) $V_{Ed} \leq V_{Rd,c}$ – есеп бойынша көлденең арматуралау талап етілмейді және оны конструктивтік түсініктен шыға белгілейді;

2) $V_{Ed} > V_{Rd,max}$ – көлденең арматуралауды есептеу диагональ сызаттардың арасында жасалған еңістік сызықты басу кезінде қирау болғандықтан мүмкін емес болып табылады. Бұл жерде $V_{Rd,max}$ шекті мәні шартты тексеру кезінде (7.22) формуласы бойынша, көлденең арматуралаудың әсерін ескерусіз, анықтау керек. Егер шарт орындалмаса, онда элементтің көлденең қиысуының өлшемдерін, немесе беріктілік бойынша бетон класын өзгерту керек.

Егер кескін телімінде төмендегі шарт орындалса:


$$V_{Rd,c} < V_{Ed} < V_{Rd,max} \quad (7.28)$$

онда осы телімдерде көлденең арматураның есептік санын белгілеу керек.

Ішінде көлденең арматуралауды есептеу бойынша белгілеу қажет телімнің ұзындығы, бірінші жақындату кезінде көлденең күштерді бөлудің эпюраларынан анықталуы мүмкін. Сөйтіп, бірқалыпты бөлінген $(g + p)$ жүктеме әрекет ететін арқалық үшін (7.6-суреттері), осы кесіктің ұзындығы мына өрнек арқылы анықталуы мүмкін:

$$a_{w2} = \frac{V_{Ed} - V_{Rd,c}}{g + p} \quad (7.29)$$

Шегінде көлденең арматуралауды есептеу бойынша белгілейтін телім, $z \cdot \cot \theta$ немесе $z = 0,9d$ кезінде $0,9 \cdot \cot \theta$ тең ұзындықты айтарлықтай қысқа кесіктерге бөлінуі мүмкін. Осы кесіктердің әрқайсысында $V_{Ed(i)}$ көлденең күштің максималдық мәнін есепте алынады. Тек тіректің шекарасындағы d (мұнда d – қиысудың жұмыс биіктігі) ұзындығы бар тірек астылық телімдегі қиысу ғана ерекшелікті болып табылады, мұнда көлденең күшті тірекке әрекет ететін V_{Ed} максималдық мәнге қатысты азайтуға болады (7.7-сурет). Бұл ішінде жүктеме тікелей тірекке берілетін арқалықтарға қатысты.



7.6-сурет – Көлденең арматуралауды есептеу үшін арқалықтарды телімдерге бөлу

Есептік телімдердің ұзындығының шегінде көлденең арматуралауды төмендегідей есептейді:

$$V_{Ed} = V_{Rd,sy} \quad (7.30)$$

$V_{Ed} \leq V_{Rd,max}$ (7.30) теңдеуінен

көлденең сырықтармен арматураланған элементтер үшін:

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{z \cdot f_{ywd} \cdot \cot \theta} \quad (7.31)$$

немесе $z=0,9d$, а $\frac{1}{\cot \theta} = \tan \theta$ екендігін ескеріп, төмендегіні аламыз:

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{a}{0,9d} \cdot \tan \theta \quad (7.32)$$

Осы жерде (7.32) формуласы бойынша есептен қабылданған көлденең арматураның $A_{sw,max}$ ауданы мына шартты қанағаттандыруы керек:

$$\frac{A_{sw,max} \cdot f_{ywd}}{b_w \cdot z} \leq 0,5v \cdot f_{cd} \quad (7.33)$$

$V_{Ed} \leq V_{Rd,max}$ кезінде:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot 0,9d}{\cot \theta + \tan \theta} \quad (7.34)$$


мұнда

v —бетон беріктілігінің созу шартында қысу кезінде төмендеуін ескеретін және ауыр бетон үшін төмендегіге тең коэффициент:

$$v = 0,6 \cdot \left(1 - \frac{f_{ck} (MPa)}{250}\right)$$

$\alpha \geq 45^\circ$ бұрышының астында бүгілген көлденең арматурасы бар элементтер үшін:

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{z}{0,9d} \cdot \frac{1}{(\cot \theta + \cot \alpha) \cdot \sin \alpha} \quad (7.35)$$



7.7-сурет – $z \cdot \cot \theta$ ұзындықты белгіленген кесіктердегі есептік көлденең күштің шамасын белгілеуге арналған

Осы жерде (7.35) формуласы бойынша қабылданған бүгілген арматураның $A_{sw,max}$ ауданы мына шартты қанағаттандыруы керек:

$$\frac{A_{sw,max} \cdot f_{ywd}}{b_w \cdot s} \leq \frac{0,5 v \cdot f_{cd} \cdot \sin \alpha}{1 - \cos \alpha} \quad (7.36)$$

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} \text{ кезінде: } V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot 0,9d(\cot \theta + \tan \theta)}{1 + \cot^2 \theta} \quad (7.37)$$

θ және α бұрыштарының оңтайлы мәндерін табу үшін 7.7 және 7.8-кестелері пайдаланылуы мүмкін. Бұл кестелерде көлденең арматуралаудың талап етілетін ауданы төмендегі формула бойынша анықталуы мүмкін, өлшемсіз k_1 коэффициентінің мәндері берілген:

$$A_{sw} = k_1 \cdot \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \quad (7.38)$$

7.7 және 7.8-кестелеріндегі k_1 коэффициентінің мәні $V_{Ed} \leq V_{Rd,max}$ шарты орындалатын θ бұрышының сондай мәніне сәйкес келуі керек.

7.6-кесте – Көлденең сырықтардың максималдық қадамы

Көлденең күш	S_{max} [мм] көлденең сырықтардың максималдық қадамы
$V_{Ed} \leq \frac{1}{5} V_{Rd,max}$	$S_{max} = 0,8d \leq 300$
$\frac{1}{5} V_{Rd,max} \leq V_{Ed} \leq \frac{2}{3} V_{Rd,max}$	$S_{max} = 0,6d \leq 300$
$V_{Ed} > \frac{2}{3} V_{Rd,max}$	$S_{max} = 0,3d \leq 200$

**7.7-кесте – Көлденең арматуралаудың ауданын анықтауға арналған
($\alpha = 90^\circ$) k_1 коэффициентінің мәндері**

$\frac{s}{0,9d}$ қатынасы	k_1 коэффициенті				
	θ қысылған бетон қисықтарының еңіс бұрышы				
	45°	40°	35°	30°	$26,6^\circ$
0,8d/0,9d=0,89	0,890	0,750	0,623	0,514	0,445
0,85	0,850	0,713	0,595	0,491	0,426
0,80	0,800	0,670	0,560	0,462	0,402
0,75	0,750	0,629	0,525	0,433	0,376
0,70	0,700	0,587	0,490	0,404	0,352
0,6d/0,9d=0,67	0,667	0,560	0,467	0,385	0,334
0,65	0,650	0,545	0,455	0,375	0,325
0,60	0,600	0,503	0,420	0,346	0,302
0,55	0,550	0,462	0,385	0,318	0,275
0,50	0,500	0,420	0,350	0,289	0,251
0,45	0,450	0,378	0,315	0,259	0,225
0,40	0,400	0,336	0,280	0,231	0,201
0,35	0,350	0,294	0,245	0,202	0,175
0,3d/0,9d=0,33	0,333	0,280	0,231	0,192	0,167
0,30	0,300	0,252	0,210	0,173	0,151
0,25	0,250	0,210	0,175	0,144	0,125
0,20	0,200	0,168	0,140	0,115	0,100
0,15	0,150	0,126	0,105	0,087	0,075
0,10	0,100	0,084	0,070	0,058	0,050

Ұсынылған шараларға сәйкес есептеу бойынша көлденең арматуралауды ϕ_{sw} диаметрі бойынша және ең үлкен рұқсатты қадамына $s \leq s_{max}$ (7.8-сурет қар.) сай белгілеу керек телімдердегі көлденең сырықтарды арматуралаудың нұсқасына (көлденең қамыттар немесе бүгілген сырықтар) тәуелсіз есептеу. Ол үшін конструктивтік талаптарды пайдалану керек. Көлденең арматураның белгіленген ауданы ($A_{sw} = n \cdot a_{sw}$, мұнда a_{sw} —бір сырықтың ауданы; n — қиысудағы көлденең сырықтардың саны) минималдық мәннен $A_{sw,min}$ кіші болмауы керек (7.9-кестені қар.).


7.7 және 7.8-кестелерден θ бұрышына (7.7-кестеден) бұрышына байланысты немесе θ және α бұрыштарына (7.8-кестесінен) байланысты максималдық қадам алынатын k_1 коэффициентінің мәнін таңдауға болады: $k_1 \rightarrow \frac{s}{0,9d} \rightarrow s$.

7.8-кесте $-45^0 < \alpha < 90^0$ кезінде бүгілген сырықтардың аудандарын анықтауға арналған k_1 коэффициентінің мәндері

$\frac{s}{0,9d}$ қатынасы		k_1 коэффициенті				
		θ қысылған бетон қисықтарының еңіс бұрышы				
		45^0	40^0	35^0	30^0	$26,6^0$
0,8d/0,9d=0,89	90^0	0,890	0,747	0,623	0,514	0,445
	75^0	0,726	0,632	0,543	0,461	0,406
	60^0	0,652	0,581	0,512	0,445	0,390
	45^0	0,629	0,575	0,518	0,461	0,420
0,80	90^0	0,800	0,671	0,560	0,462	0,402
	75^0	0,653	0,567	0,487	0,414	0,365
	60^0	0,568	0,522	0,460	0,400	0,358
	45^0	0,566	0,516	0,466	0,414	,377
0,70	90^0	0,700	0,587	0,490	0,404	0,352
	75^0	0,571	0,496	0,427	0,363	0,320
	60^0	0,512	0,457	0,402	0,350	0,314
	45^0	0,495	0,452	0,407	0,363	0,330
0,6d/0,9d=0,67	90^0	0,667	0,560	0,467	0,385	0,334
	75^0	0,547	0,475	0,408	0,347	0,306
	60^0	0,488	0,437	0,383	0,335	0,300
	45^0	0,472	0,432	0,390	0,347	0,316
0,60	90^0	0,600	0,503	0,420	0,346	0,302
	75^0	0,490	0,425	0,365	0,311	0,274
	60^0	0,439	0,392	0,345	0,300	0,269
	45^0	0,424	0,387	0,349	0,311	0,283
0,50	90^0	0,500	0,420	0,350	0,289	0,251
	75^0	0,408	0,355	0,305	0,259	0,228
	60^0	0,336	0,326	0,288	0,250	0,224
	45^0	0,354	0,323	0,291	0,259	0,236
0,40	90^0	0,400	0,336	0,280	0,231	0,201
	75^0	0,326	0,280	0,244	0,207	0,183
	60^0	0,292	0,261	0,230	0,200	0,179
	45^0	0,283	0,258	0,233	0,207	0,189
0,3d/0,9d=0,33	90^0	0,333	0,277	0,231	0,192	0,167
	75^0	0,272	0,234	0,201	0,171	0,151
	60^0	0,242	0,215	0,190	0,165	0,149
	45^0	0,233	0,213	0,192	0,171	0,156
0,30	90^0	0,300	0,252	0,210	0,173	0,167
	75^0	0,245	0,213	0,183	0,155	0,154
	60^0	0,220	0,196	0,173	0,150	0,149
	45^0	0,212	0,194	0,175	0,155	0,156
0,20	90^0	0,200	0,168	0,138	0,115	0,100
	75^0	0,163	0,142	0,122	0,104	0,091
	60^0	0,146	0,130	0,115	0,100	0,090
	45^0	0,142	0,129	0,116	0,104	0,094

7.8-кесте – $45^0 < \alpha < 90^0$ кезінде бүгілген сырықтардың аудандарын анықтауға арналған k_1 коэффициентінің мәндері (жалғасы)

$\frac{s}{0,9d}$ қатынасы		k_1 коэффициенті				
		θ қысылған бетон қисықтарының еңіс бұрышы				
		45^0	40^0	35^0	30^0	$26,6^0$
0,10	90^0	0,100	0,084	0,070	0,058	0,050
	75^0	0,082	0,071	0,061	0,052	0,046
	60^0	0,073	0,065	0,058	0,050	0,045
	45^0	0,071	0,064	0,058	0,052	0,047



7.8-сурет – Бүгілген сырықтардың аяқтарының арасындағы рұқсатты қашықтықтар

7.9-кесте $-\rho_{sw} = \frac{A_{sw}}{s \cdot b_w \cdot \sin \alpha}$ көлденең арматуралаудың минималдық коэффициенттері

Бетонның класы	ρ_{sw} көлденең арматуралаудың минималдық коэффициенттері	
	Арматураның көрсетілген класы	
	$St240$	$St500 (St400)$
CC1,3/1,5÷CC12/15	0,0014	0,0008

Көлденең сырықтардың қадамын 7.7 және 7.8-кестелерінен анықталған θ бұрыш $V_{Ed} \leq V_{Rd,max}$ шартының орындалуына кепілдеме беретіндей етіп белгілеу керек. Бұл жерде арматуралау кезінде пайдалануға беру кезеңінде еңістік сызаттарды ашудың рұқсатты енінің шартын тексеру керек.

V_{Ed} есептік көлденең күштің кемінде 50% көлденең және бүгілген сырықтармен арматураланған тірек алдылық аймақта көлденең сырықтармен (қамыттармен) қабылдануы керек. Бүгілген сырықтарды төмендегі шарттарды орындай отыра, 7.25-суретте көрсетілгендей олардың аяқтарының арасындағы минималдық қашықтықты қамтамасыз ете отырып, орналастыру керек:

$$s_{01} \leq 0,2h \text{ және } s_{01} \leq 50 \text{ мм};$$

$$s_{02} \leq 0,2h..$$

7.3 Беріктілік бойынша темірбетон элементтерді айналмалы сәттердің әрекетіне есептеу

7.3.1 Айналуды жұмыс істейтін элементтерді кеңістіктік ферма моделінің негізінде есептеу

7.3.1.1 Айналуды жұмыс істейтін элементті сызаттар пайда болғаннан кейін параллель белдеулер болып табылатын бойлық арматураның сырықтары мен диагональ сызаттардан пайда болған және осы көлденең арматураның созылған сырықтарының қисықтарын байланыстыратын қисылған бетон қисықтардан жасалған торлардан тұратын бойлық арматураның сырықтарынан құрлған кеңістіктік ферма ретінде қарастыру керек.

7.3.1.2 Айналуды беріктілік бойынша элементті есептеуді сыртқы және ішкі күштердің тепе-теңдігінің теңдеулерінің негіздемесінде жүзеге асыру керек. Қораптық қиысудың шартты қабырғасының қалыңдығы нақты қабырғаның қалыңдығынан артық болмауы керек.

7.3.1.3 Тұтас көлденең қиысуды сыртқы қоршамалары мен тұтас қиысудың өлшемдерін сақтау арқылы қораптық қиысумен ауыстыру керек (7.9-суретті қар.).

7.3.1.4 Ашық тұтас қиысуды (мысалы, тавролық) әрқайсысын қораптық қиысу ретінде қарастыратын жеке бөліктерге бөлу керек. Ашық тұтас көлденең қиысуы бар элементтің айналуды беріктілігі оның жеке бөліктерінің беріктілігінің сомасы болып табылады.



7.9-сурет – Айналдыруға ұшыраған элементтің қиысуының схемасы, қабылданған терминдер мен белгілер

7.3.1.5 Элементтің қиысуының жеке бөліктерімен қабылданатын жиынтықтық айналмалы сәт жеке бөліктерге бөлінбеген элементтің серпінді есебінің негізінде анықталған сәттен айтарлықтай ерекшеленбеуі керек.

7.3.1.6 Тікбұрышты емес формадағы қиысуы бар элементті айналдыру кезіндегі қаттылықты осы тікбұрышты емес қиысулар бөлінген жеке тікбұрышты бөліктердің қаттылықтарын сомалау жолымен анықтау керек. Тікбұрышты емес қиысуды жеке тікбұрышты бөліктерге жеке тікбұрышты бөліктердің жиынтықтық қаттылығы максималдық болатындай етіп бөлу керек.

7.3.1.7 Егер айналмалы сәт сызаттардың пайда болуына әкелетін айналмалы сәттің төрттен бірінен кіші болса, онда есептеуде айналуы ескермеуге жол береді:

$$T_{Ed} < \frac{1}{4} \left(\frac{f_{cd} \cdot f_{ctd}}{f_{cd} + f_{ctd}} \right) \cdot \frac{A^2}{u}, \quad (7.39)$$

мұнда:

A —ішкі қуыс денелі бөліктің ауданынан тұратын сыртқа периметрдің ішіндегі қиысудың толық ауданы;

u —қиысудың сыртқы периметрі.

7.3.2 Элементтің айналуға беріктілігі

7.3.2.1 Элементті айналуға есептеу кезінде төмендегі шарттар орындалуы керек:

$$T_{Ed} \leq T_{Rd,max} \quad (7.40)$$

$$T_{Ed} \leq T_{Rd,sy} \quad (7.41)$$

мұнда

$T_{Rd,max}$ — қысылған бетон еңістермен қабылдануы мүмкін шекті айналатын сәт (элементтің бетон бойынша айналуға беріктілігі);

$T_{Rd,sy}$ —арматурамен қабылдануы мүмкін шекті айналатын сәт (элементтің арматура бойынша айналуға беріктілігі).

7.3.2.2 $T_{Rd,max}$ айналуға беріктілікті мына формула бойынша анықтау керек:

$$T_{Rd,max} = 2 \cdot v \cdot \alpha_{cw} \cdot f_{cd} \cdot t \cdot A_k \sin \theta \cdot \cos \theta = \frac{2v \cdot \alpha_{cw} \cdot f_{cd} \cdot t \cdot A_k}{\cot \theta + \tan \theta} \quad (7.42)$$

мұнда:

t — тұтас немесе қораптық қиысудың шартты қабырғасының қалыңдығы; $t \leq A/u$, бірақ қабырғаның нақты қалыңдығынан көп емес; t шамасын бойлық арматураның бетонының қорғау қабатының қосарланған қалыңдығынан кем қабылдауға жол бермейді;

A_k — ішкі қуыс денелі бөліктің ауданынан тұратын u_k орташа сызықтың ішіндегі қиысудың толық ауданы;

v — шамасы төмендегі формула бойынша анықталынатын өлшемсіз коэффициент:

$$v = 0,7 \left(1 - \frac{f_{ck}}{200} \right) \geq 0,35, \quad (f_{ck} \text{ — Н/мм}^2 \text{ берілген}) \quad (7.43)$$

v коэффициентін көлденең арматура элементтің сыртқы бетінде ғана орналасқан жағдайда пайдалану керек; егер көлденең арматура элементтің шартты қабырғасының тұтас қиысуы бар сыртқы және ішкі шекараларында немесе қораптық қиысуы бар элемент қабырғасының екі шекарасында орналасқан болса, онда v шамасын (7.20) формуласы бойынша анықтау керек;

α_{cw} — қысылған белбеудегі кернеудің деңгейін есептейтін коэффициент, алдын-ала кернеуі жоқ конструкциялар үшін $\alpha_{cw}=1$;

θ — бетон еңістердің элементтің бойлық осыне еңкеюінің бұрышы:

$$30^\circ \leq \theta \leq 60^\circ \quad (7.44)$$

7.3.2.3 Элементтің $T_{Rd,sy}$ айналуға беріктілігін төмендегі формула бойынша анықтау керек:

$$T_{Rd,sy} = 2 \cdot A_k \cdot f_{ywd} \cdot \frac{A_{sw}}{s} \cdot \cot \theta \quad (7.45)$$

Элементтің айналу салдарынан пайда болатын күшейтуді қабылдауға қажетті A_s бойлық арматураның қиысуының қосымша ауданын мына теңдеуден анықтау керек:

$$A_s \cdot f_{yd} = T_{Rd,sy} \cdot \frac{u_k}{2A_k} \cdot \cot \theta, \quad (7.46)$$

мұнда:

f_{ywd} —көлденең арматураның есептік кедергісі;

f_{yd} —бойлық арматураның есептік кедергісі;

A_{sw} —көлденең арматураның бір сырығының қиысу ауданы;

u_k —ортаңғы сызықтың ұзындығы;

s —көлденең арматураның қадамы.

Егер арматуралау берілген болса, θ және $T_{Rd,sy}$ шамаларын келесі теңдеулерден анықтау керек:

$$\tan^2 \theta = \frac{A_{sw}}{s} \cdot f_{ywd} / \frac{A_s}{u_k} \cdot f_{yd} \quad (7.47)$$

$$T_{Rd,sy} = 2A_k \sqrt{\frac{A_{sw}}{s}} \cdot f_{ywd} \cdot \frac{A_s}{u_k} \cdot f_{yd} \quad (7.48)$$

Егер (7.25) теңдеуінен анықталған θ шамасы (7.22) теңсіздігімен белгіленген шектерден шықса, онда жақын шекаралас шамаға тең θ шамасын қабылдау керек.

7.3.2.4 Қисықтардан көлденең арматураға күшейтуді беруге берілген кепілдеме шарттарын орындау мақсатында, бойлық сырықтың кемінде біреуі элементтің көлденең қиысуының әрбір бұрышында болуы керек.

7.3.3 Иілумен, осьтік күшейтумен және кесікпен үйлесімде элементтің айналуға беріктілігі

7.3.3.1 Әртүрлі үйлесімдерде айналатын сәтпен бірге әрекет ететін майысатын сәттен, бойлық күштен және кесіктен болатын күшейтуді қабылдауға қажетті арматуралау айналумен болатын күшейтуді қабылдауға қажетті арматуралаумен толықтырылуы керек. Осы жерде көлденең арматураның қадамының шамасы мен оны орналастыру бойынша шектеу айналу, иілу, осьтік күшейту мен кесіктер бойынша қойылатын талаптарды бірлесіп қарастырудан шыға қабылдануы керек.

7.3.3.2 Иілуден созылған элементтің қиысу аймағында иілу мен осьтік күштерден болатын күшейтуді қабылдауға қажетті бойлық арматуралауға қосымша айналумен болатын күшейтуді қабылдауға қажетті бойлық арматуралауды қарастыру керек. Иілуден қисылған қиысу аймағындағы айналумен болатын күшейтуді қабылдауға қажетті қосымша бойлық арматуралауды, айналумен салдарынан пайда болатын бетондағы созылмалы кернеу иілудің салдарынан пайда болатын бетондағы қысатын кернеулерден кіші болған жағдайда, қарастырмауға жол беріледі.

7.3.3.3 Егер айналмалы сәт үлкен майысатын сәтпен бір уақытта әрекет етсе, бетондағы бас қысылатын кернеулер $\alpha_{cc} \cdot f_{cd}$ аспауы керек. Бұл кернеулерді майысудың салдарынан пайда болатын (элементтің ұзындығы бойынша) орташаландырылған

кернеулер мен $\tau_{t,i} = T_{Ed} / (2A_k t_{ef,i})$ айналуудың салдарынан пайда болатын қатыстық кернеулерден шыға, анықтау керек.

i қабырғасындағы айналу кезіндегі $V_{Ed,i}$ көлденең күш мына формула бойынша анықталады:

$$V_{Ed,i} = \tau_{t,i} \cdot t_{ef,i} \cdot z_i \quad (7.49)$$

мұнда:

T_{Ed} — айналуудың есептік сәті (8.28-суретті қар.);

A_k — ішкі қуыс денелі аймақты қоса, қабырғаның ауыртпалық орталықтарының шектелген сызықтарының ауданы;

$\tau_{t,i}$ — i қабырғасындағы айналуудың қатыстық кернеулері;

$t_{ef,i}$ — қабырғаның тиімді қалыңдығы. Ол A/u сияқты анықталуы мүмкін, бірақ шет жақ пен бойлық арматураның ауыртпалық орталығының арасындағы қосарланған қашықтықтан кем болмауы керек. Жіңішке қабырғалық қиысу үшін қолданыстағы қалыңдық жоғарғы шекара болып табылады:

A — ішкі қуысты қоса, периметр ішіндегі көлденең қиысудың толық ауданы;

u — көлденең қиысудың сыртқы периметрі.

7.3.3.4 [6.3.2 (4)] T_{Ed} айналатын сәт пен V_{Ed} көлденең күштің бірлескен әрекеті кезінде мына шарттар орындалуы керек:

– тұтас қиысу үшін:

$$\left[\frac{T_{Ed}}{T_{Rd,max}} \right]^2 + \left[\frac{V_{Ed}}{V_{Rd,max}} \right]^2 \leq 1 \quad (7.50)$$

– қораптық қиысу үшін:

$$\frac{T_{Ed}}{T_{Rd,max}} + \frac{V_{Ed}}{V_{Rd,max}} \leq 1 \quad (7.51)$$

мұнда:

$T_{Rd,max}$ — (7.42) формуласы бойынша анықталатын айналуудағы элементтің беріктілігі;

$V_{Rd,max}$ — θ бұрышының астынан элементтің бойлық осыне қарай иілген бетон қисықтарының беріктілігі, бұл беріктілікті (7.22) немесе (7.25) формулалары бойынша анықтау керек.

7.3.3.5 Қораптық қиысудың әрбір қабырғасындағы айналу мен кесудің бірлескен әрекетінен пайда болатын бетондағы кернеу $\sigma_c = v \cdot f_{cd}$ аспауы керек, мұнда v шамасы (7.21) шартынан анықталынады.

7.3.3.6 Бірлесіп әрекеттесетін кесік пен айналу үшін бетон қисықтарының еңкею бұрышын θ бірдей етіп қабылдауға жол беріледі.

7.3.3.7 Формасы бойынша тікбұрыштыларға жақын тұтас қиысуды есептеу кезінде, егер төменде берілген шарт орындалған болса, 9-бөлімге сәйкес минималдық қажетті күшейтуден басқа, айналу мен кесуден болатын күшейтуді қабылдау үшін есептік арматуралауды қарастырмауға жол беріледі:

$$T_{Ed} \leq \frac{V_{Ed} \cdot b_w}{4,5} \quad (7.52)$$

$$V_{Ed} \cdot \left(1 + \frac{4,5 T_{Ed}}{V_{Ed} \cdot b_w} \right) \leq V_{Rd,ct} \quad (7.53)$$

мұнда

b_w —қабырғаның көлденең қиысуының минималдық ені.

Кеңістіктік ферманың моделі бойынша тікбұрышты қиысудың темірбетон элемент үшін айналуынан болатын күшейтуді қабылдайтын арматура ауданын таңдау мен беріктілігін тексеру алгоритм бойынша (7.10-кесте) орындала алады.

7.10-кесте – Кеңістіктік ферманың моделі бойынша айналу кезінде темірбетон элементті есептеудің алгоритмі

		<p>Берілгені:</p> <ul style="list-style-type: none"> - T_{Ed} айналатын сәттің шамасы; - b және h элементінің көлденең қиысуының өлшемдері; - бетонның беріктілік бойынша класы; - бойлық және көлденең арматураның класы; - арматураның орналасуы – элементтің сыртқы шегінде; <p>Талап етіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - элементтің көлденең қиысуының өлшемдерін тексеру; - айналуды қабылдайтын арматураны таңдау
p/c №	Жасалатын әрекеттер	Есептік формула
1	2	3
1	A қиысу ауданын есептеу	$A = b \cdot h$
2	қиысу периметрін есептеу	$u = 2b + 2h$
3	Спиралдық сызаттардың пайда болу шартынан айналуды есепке алу қажеттілігін тексеру	$T_{Ed} \geq \frac{1}{4} \left(\frac{f_{cd} \cdot f_{cta}}{f_{cd} + f_{cta}} \right) \left(\frac{A^2}{u} \right)$ <p>егер шарт орындалса, онда есептеу қажет, себебі, диагональ сызаттар пайда болады</p>
4	Қабырғаның шартты қалыңдығын белгілеу	$t = \varnothing/6$, бірақ 40 мм кем емес және бетонның қорғаныс қабатының қос қалыңдығынан артық емес; \varnothing – элементтің көлденең қиысуының контурына жазылған төңіректің диаметрі (бұл жағдайда – элементтің көлденең қиысуының кіші өлшемі)
5	A_k қиысудың тиімді ауданын есептеу	$A_k = (b - t) \cdot (h - t)$
6	ν коэффициентін есептеу	$\nu = 0,7(0,7 - f_{ck}/200)$
7	θ бұрыштың бастапқы мәнін белгілеу	Бірінші жақындау кезінде – $\theta = 45^\circ$
8	Диагональ сызықтың қысылған бетоны бойынша $T_{Rd,max}$ күш түсетін қабілеттілікті анықтау	$T_{Rd,max} = \frac{2\nu \cdot f_{cd} \cdot t \cdot A_k}{\cot\theta + \tan\theta}$
9	(8.67) беріктілік шартын тексеру	Егер $T_{Rd,max} < T_{Ed}$ болса, онда $T_{Rd,max} = T_{Ed}$ қабылдау керек

7.10-кесте – Кеңістіктік ферманың моделі бойынша айналу кезінде темірбетон элементті есептеудің алгоритмі (жалғасы)		
10	Текшелік теңдеудің шешімінен қабырғаның t шартты есептік қалыңдығының мәнін анықтау және оны 4-тармақта қабылданған мәнмен салыстыру	$t^3 - (b + h)t^2 + (b \cdot h)t - \frac{T_{Rd,max}(cot\theta + tan\theta)}{2v \cdot f_{cd}} = 0$ <p>Егер есептелген t 4-тармақтың мәнімен салыстырғанда тиімді мәнді бермесе, b және h жаңа өлшемдерін белгілеу керек</p>
11	$t \leq A/u$ шарты тексеріледі. Егер $t > A/u$ болса, онда $t = A/u$ қабылдап, A_k аудандарын есептеу керек	$A_k = \frac{T_{Rd,max}(cot\theta + tan\theta)}{2v \cdot f_{cd} \cdot t}$
12	b және h қиысудың жаңа өлшемдерін (b және h үлкен емес ұлғайту жағына қарай дөңгелектей отырып) анықтау	$A_k = (b-t)(h-t)$ – теңдеудің шешімдерінен жаңа өлшемдерді анықтау
13	A қиысу ауданын есептеу (b және h жаңа өлшемдері кезінде)	$A = b \cdot h$
14	U қиысу периметрін есептеу	$u = 2b + 2h$
15	t шартты қабырғаның қалыңдығын есептеу	$t = A/u$ (алынған мәнді 1 мм дейін дөңгелектеу керек)
16	A_k жаңа мәнін есептеу	$A_k = (b - t) \cdot (h - t)$
17	Иілген сызықтың бетоны бойынша күш түсетін қабілеттілікті $T_{Rd,max}$ анықтау және $T_{Ed} \leq T_{Rd,max}$ шартын тексеру	$T_{Rd,max} = \frac{2v \cdot f_{cd} \cdot t \cdot A_k}{cot\theta + tan\theta}$ <p>ЕСКЕРТПЕ $T_{Ed} \leq T_{Rd,max}$ шартының орындалуын қамтамасыз ету үшін, шартты қабырғаның қалыңдығын ұлғайтудан (бұл жағдайда айналуға беріктілікті қамтамасыз етуде арматураның салымы ұлғаяды) немесе көлденең қиысудың ауданын ұлғайтудан басқа, егер ол беріктілік жағдайын орындауға әкелмесе, бетонның одан да жоғарғы класын қабылдауға және (немесе) 7-тармақ бойынша θ бұрышты өзгертуге болады</p>
18	$T_{Rd,sy} = T_{Ed}$ қабылдау	
19	A_{sw}/S қатынасын анықтау	$\frac{A_{sw}}{S} = \frac{T_{Rd,sy}}{2A_k \cdot f_{ywd} \cdot cot\theta}$
20	Скөлденең сырықтардың қадамын белгілеу	$s \leq s_{max}$ (см. табл. 7.6)
21	A_{sw} көлденең арматураның ауданын есептеу	$A_{sw} = \left(\frac{T_{Rd,sy}}{2A_k \cdot f_{ywd} \cdot cot\theta} \right) \cdot s$
22	u_k тиімді периметрдің ұзындығын есептеу	$u_k = 2(b - t) + 2(h - t)$
23	A_s бойлық арматураның ұзындығын есептеу	$A_s = \left(\frac{T_{Rd,sy} \cdot u_k / 2A_k}{f_{yd}} \right) cot\theta$

7.4 Темірбетон элементтерін жүктемелердің жергілікті әрекетіне есептеу

7.4.1 Темірбетон элементтердің мыжуға (жергілікті қысуға) беріктілігін есептеу

Жергілікті қысатын жүктемелердің әрекетіне ұшыраған бетон және темірбетон элементтердің беріктілігі бойынша есептеу кезінде, бетонның беріктілік сипаты ретінде бетонның қысуға есептік кедергісі мен мыжылу ауданының (жергілікті жүктеме қосымшаланған аудан) осы жүктемені бөлу ауданына қатынасына байланысты бетонның мыжуға есептік кедергісінен f_{cud} қабылдау керек.

7.4.1.1 Жанама арматура жоқ кезде элементтерді жергілікті қысуға (мыжуға) есептеуді төмендегі шарт бойынша жүргізеді:

$$N_{Ed} \leq \psi \cdot f_{cud} \cdot A_{c0} \quad (7.54)$$

мұнда:

N_{Ed} —сыртқы жүктемеден болатын жергілікті қысатын күш;

A_{c0} —қысылатын күштің қосымшалаудың ауданы (мыжылу ауданы);

ψ —төмендегілерге тең етіп қабылданатын коэффициент:

мыжылу ауданы бойынша бірқалыпты бөлінген жергілікті жүктеме кезінде – 1,0;

мыжылу ауданы бойынша (арқалықтардың, жүгіртпелердің, маңдайшалардың ж.с.с. соңында) бірқалыпты емес бөлінген жергілікті жүктеме кезінде – 0,75;

f_{cud} —мына формула бойынша анықталатын жүктеменің жергілікті әрекеті кезінде бетонның қысуға есептік кедергісі:

$$f_{cud} = \omega_u \cdot f_{cd} \quad (7.55)$$

мұнда:

ω_u – мына формула бойынша анықталуы керек, мыжу кезінде бетонның беріктілігін көтеруді есептейтін коэффициент:

$$\omega_u = 0,8 \cdot \sqrt{\frac{A_{c1}}{A_{c0}}} \text{ 2,5 артық емес және 1,0 кем емес; } \quad (7.56)$$


A_{c1} – төмендегі ережелер бойынша белгіленетін бөлудің ауданы:

A_{c0} және A_{c1} аудандардың ауыртпалық орталықтары сәйкес келеді;

A_{c1} есептік ауданның шекаралары осы жақтардың тиісті өлшемдеріне тең (7.51-сурет) қашықтықтағы A_{c0} ауданның әрбір жағынан тұрады;

екі көршілес жүктемелердің қосымшаларының нүктелерінің арасындағы қашықтықтың ортасы арқылы өтетін (7.10-сурет) сызықтармен шектелетін есептік ауданның бірнеше жүктемесі бар кезде.

ЕСКЕРТПЕ Арқалықтардан, жүгіртпелерден және иілуге жұмыс істейтін басқа элементтерден болатын жергілікті жүктеме кезінде, есептеуде ескерілетін тіректің тереңдігі A_{c0} және A_{c1} анықтау кезінде 20 см артық қабылданбайды.



7.10-сурет – Жергілікті жүктеменің төменде көрсетілгендей орналасуы кезінде элементтерді жергілікті қысуға есептеуге арналған схема

а – элементтің шеттерінен алыс; б – элементтің барлық ені бойынша; в – элементтің барлық ені бойынша шетінде (бүйірінде); г – элементтің бұрышында; д – элементтің бір шетінде; е – элементтің бір шетінің маңында; ж – бірнеше жүктеме бар болғанда

(1 – жергілікті жүктеме әрекет ететін элемент; 2 – A_{c0} мыжылу ауданы; 3 – A_{c1} бөлу ауданы; 4 – A_{c0} және A_{c1} аудандарының ауыртпалық орталығы; 5 – жанама арматуралау есептеуде ескерілетін торлармен арматуралаудың минималдық аймағы)

7.4.1.2 Элементтерді дәнекерлік торлар түріндегі жанама арматура бар болған кезде жергілікті қысуға есептеу мына шарттар арқылы жүргізіледі:

$$N_{Ed} \leq \psi \cdot f_{cud,s} \cdot A_{c0}, \quad (7.57)$$

мұнда:

$f_{cud,s}$ — төмендегі формула бойынша анықталатын, жергілікті қысу аймағындағы жанама арматураның есебімен берілген бетонның қысуға есептік кедергісі:

$$f_{cud,s} = f_{cud} + 2 \cdot \omega_{us,xy} \cdot f_{ywd,xy} \cdot \mu_{s,xy} \quad (7.58)$$

мұнда:

$$\omega_{us,xy} = \sqrt{\frac{A_{c0,ef}}{A_{c0}}} \quad (7.59)$$

$A_{c0,ef}$ —олардың шеткі сырықтары бойынша есептеп, жанама арматуралау торларының контурларының ішінде жасалған және (7.59) формуласы бойынша қабылданатын, A_{c1} артық емес аудан;

$f_{ywd,xy}$ —жанама арматураның созылуға есептік кедергісі;

$\mu_{s,xy}$ —төмендегі формула бойынша анықталатын коэффициент:

$$\mu_{s,xy} = \frac{n_x \cdot A_{sx} \cdot l_x + n_y \cdot A_{sy} \cdot l_y}{A_{cud,ef} \cdot s} \quad (7.60)$$

n_x, A_{sx}, l_x —сырықтардың саны, x бағытындағы осьтерде шеткі сырықтарды есептеумен қысу ауданы және сырықтардың ұзындығы;

n_y, A_{sy}, l_y —дәл сол, y бағытында;

s —жанама арматуралау торларының қадамы.

f_{cud}, A_{c0}, ψ және N_{Ed} мәндері 7.4.1.1 тармағына сәйкес қабылданылады.

Элемент жанама арматуралаумен (7.57 теңдеудің оң жақ бөлігі) қабылдайтын жергілікті қысылатын күштің мәндері элемент жанама арматуралаусыз (7.54 теңдеудің оң жақ бөлігі) қабылдайтын жергілікті қысылатын күштің қосарланған мәнінен артық қабылданбайды.

Жанама арматуралаудың торлары A_{c1} есептік ауданның шегінде орналасады. Осы жерде 7.51-суреттің *в* және *с* схемалары үшін жанама арматуралаудың торлары әрбір бағытта өзара перпендикуляр екі жақтың сомасынан кем емес өлшеммен аудан бойынша орналасады.

Егер жүк ауданы элементтің шетінде (7.51-суреттің *б-д*, *ж* қар.) орналасса, A_{c0} және $A_{c0,ef}$ мәндерін анықтауда торлардың шеткі сырықтары үшін бетонның қорғалатын қабатымен алынған аудан есепке алынбайды.

Торлар тереңдік бойынша:

- жүк ауданының қосарланған үлкен өлшемінен артық элементтің қалыңдығы кезінде – жүк ауданының қосарланған өлшемінің шегінде;

- жүк ауданының қосарланған үлкен өлшемінен кем элементтің қалыңдығы кезінде – элемент қалыңдығының шегінде орналасады;

- жанама арматуралау торлары 9.27-тармағында берілген конструктивтік талаптарға жауап беруі керек.

7.4.2 Басу (жергілікті кесу)

7.4.2.1 Жалпы ережелер мен анықтамалар

7.4.2.1.1 Темірбетон конструкцияларды басу (жергілікті кесу) осы нормативтік құралға сәйкес жүктемені қосымшалау ауданы деп аталатын, салыстырмалық шағын

аудандарға қосымшаланған шоғырланған күштердің немесе реакциялардың әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес конструкцияның жергілікті кесу кезіндегі шекті жағдайы кіші негізі жүктемені қосымшалау ауданымен анықталатын, ал пайда болғандары горизонтальға қарай бұрыштың астында иілген қысқа пирамиданың (конустың) пайда болуымен сипатталады. Осы жерде басуға деген беріктілік, жалпы жағдайда, бақылау қиысудың периметріне, тақтайшаның есептік биіктігі мен бетонның кесуге деген кедергісіне байланысты болады:

$$V_{cd,sh} = f_{cd,sh} \cdot u_l \cdot d \quad (7.61)$$

мұнда

V_{Ed} — басатын күш;


$V_{cd,sh}$ — басу кезінде бетон қабылдайтын күшейту;

$f_{cd,sh}$ — басу кезінде бетонның кесуге есептік кедергісі;

u_l — шартты бақылау қиысудың периметрі;

d — тақтайшаның жұмыс биіктігі.

Басуға беріктілік 7.11-суретте көрсетілген есептік модельге сәйкес, есептік бақылау периметрдің бойында анықталады. Қауіпті периметрдің шегінен тыс тақтайшаны кесуге есептеуді 7.2-тарауда ұсынылған жалпы қағидаға сәйкес орындау керек.



7.11-сурет – Басу (жергілікті кесу) кезінде күш түсетін қабілеттілікті анықтауға арналған есептік модельді суреттеу

Жүктеменің қосымшалаудың ауданы

7.4.2.1.2 Осы нормативтік-техникалық құралған енгізілген жергілікті кесуге беріктілікті есептеудің әдістері A_{load} қосымшаланған жүктемелердің аудандарының келесі типтері үшін (мұнда d – тақтайша қиысуының жұмыс биіктігі) қолданбалы болады:

- $3,5d$ м емес диаметрі бар дөңгелек типтер;
- $11d$ аспайтын периметрі және ұзындықтың енге 2 аспайтын қатынасы бар тікбұрыш типтер;
- жоғарыда сипатталған стандарттық формадағы аналогия бойынша өлшемдерді шектеу кезіндегі басқа формалар.

Егер берілген талаптар 7.12-суретте көрсетілген жүктемені қосымшалаудың аудандарының жеке бөліктері үшін орындалмаса, онда 7.2-тарауда қарастырылған кесуге есептеудің қағидалары әрекет етеді.

Есептік (бақылау) периметр


Тақтайшаның бос шеттерінен алыстатуға орналасқан, жергілікті жүктемені қосымшалау жоспарындағы дөңгелек және тікбұрышты аудандарға арналған u_1 бақылау периметрін олардың сыртқы шектерінен $2d$ қашықтықта қалып қалған периметр түрінде анықтау керек (7.12 сурет).

Тақтайшалардың бос шеттері мен бұрыштарына, ойықтарға тікелей емес төңіректе орналасқан жүктемені қосымшалау аудандары үшін, және егер бақылау периметрден немесе ойықтан қашықтық $6d$ кем болса, онда бақылау периметрінің ұзындығын 7.13, 7.14-суретке сәйкес анықтау керек.


Есептік (бақылау) ауданы A_{cont} – есептік (бақылау) периметрдің ішіндегі аудан.

Есептік (бақылау) қиысу


Қауіпті қиысуға тақтайшаның жұмыс биіктігінің (d) шегінде бақылаушы периметрді жалғастыратын қиысу жатады. Тұрақты биіктігі бар тақтайшалар үшін тақтайшаның орташаландырылған жазықтығына перпендикуляр бақылау қиысу, ал ауыспалы қалыңдығы бар тақтайшалар үшін қатты созылған шекке перпендикуляр ретінде қарастырылады.



7.12-сурет – Стандарттық емес жағдайларда басу мен кесуге есептеу жағдайларын қабылдау



7.13-сурет – Тақтайша мен ойықтардың бос шеттерінен алыстатылған жүктемелерді қосымшалау аудандарына арналған бақылау периметрі



7.14-сурет – Төменде көрсетілгендерден тікелей емес маңда орналасқан жүктемені қосымшалау аландарына арналған бақылау периметрі
а – ойықтардан; б – бос шеттерден; в – тақтайшалардың бұрыштарынан

Ауыспалы қалыңдықты тақтайшаларға (бағандардың капительдері) арналған бақылау қиысудың қағидаты

7.4.2.1.3 $l_H < 2,0h_H$ немесе капитель еңісінің бұрышы θ үлкен бағанның дөңгелек капительдеріне тірелетін тақтайшалар үшін басуға есептеу 7.15-суретте көрсетілген бақылау қиысу үшін орындалады. Осы қиысудың күйі r_{cont} баған орталығынан төмендегі теңдеуден анықталуы мүмкін:

$$r_{cont} = 2d + l_H + 0,5c \quad (7.62)$$

мұнда:

l_H – бағанның үстінен капительдің шетіне дейінгі қашықтық;

c – дөңгелек бағанның диаметрі.

$l_H < 1,5h_H$ кезінде l_1 және l_2 ($l_1 = c_1 + 2l_{H1}$, $l_2 = c_2 + 2l_{H2}$, $l_1 \leq l_2$) өлшемдері бар тікбұрышты капительді тікбұрышты бағандар үшін r_{cont} мәні төмендегі екі мәнді кішісімен қабылданып, есептеуге кіргізіледі:

$$r_{cont} = 2d + 0,56\sqrt{l_1 l_2} \text{ және} \quad (7.63)$$

$$r_{cont} = 2d + 0,69l_1 \quad (7.64)$$


$l_H > 2h_H$ болған немесе капитель еңісінің бұрышы θ (7.16-сурет) кіші болған жағдайда, бағанның орталығынан қауіпті қиысуға дейінгі қашықтық мына формула бойынша анықталады:

$$r_{\text{cont,ext}} = l_H + 2d + 0,5c \quad (7.65)$$


$$r_{\text{cont,int}} = 2 \cdot (d + h_H) + 0,5c \quad (7.66)$$

$2h_H < l_H < 2(h_H + d)$ бар капитель үшін бағанның орталығынан қауіпті қиысуға дейінгі қашықтық мына формула бойынша анықталады:

$$r_{\text{cont}} = 2l_H + 0,5c \quad (7.67)$$



7.15-сурет $l_H < 2,0h_H$ кезінде басуға арналған есептік модель



7.16-сурет $l_H > 2,0h_H$ кезінде басуға арналған есептік модель

7.4.2.2 Басуға (жергілікті кесуге) беріктілікті тексеру кезіндегі есептік жағдайлар

7.4.2.2.1 Тақтайшалардың немесе іргетастың басуға (жергілікті кесуге) беріктілігін тексеруді элементтердің қалыңдығы бетонның локалдық басылатын жүктемемен шақырылған қайта кесетін күшті қабылдау тұрғысынан элементтердің қалыңдығы жеткілікті болып табылатын шарттан орындау керек. Кері жағдайда (бетонның жеткіліксіз беріктілігі кезінде) капительдердің құралы мен қосымша арматуралауды орнату керек.

Осы жерде жергілікті шоғырланған жүктемемен шақырылған өн бойлық көлденең күшті мына формула бойынша анықтау керек:

$$v_{Ed} = \frac{\beta \cdot V_{Ed}}{u_1} \quad (7.68)$$

мұнда:

V_{Ed} – бақылау периметрдің ұзындығы бойынша әрекет ететін нәтижелендіруші көлденең күш (іргетастарды есептеу кезінде V_{Ed} шамасы топырақтың бақылау периметрдің ішінде орналасқан аудан бойынша қысымнан болатын кедергі келтіретін басудың есебімен анықталуы керек);

u_1 – бақылау периметрінің ұзындығы;

β – жүктеменің орталықтан тыс қосымшасының әсерін ескеретін коэффициент (эксцентриситет жоқ болған жағдайда $\beta = 1,0$ қабылдау керек). β коэффициентінің мәнін 7.17-суретке сәйкес басатын күшейтудің орталықтан тыс қосымшасының жағдайында бағандар үшін қабылдау керек.

7.4.2.2.2 Тақтайшаның басуға (жергілікті кесуге) көлденең арматуралаусыз беріктілігін мына теңдеуден тексеру керек:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,c} \quad (7.69)$$

мұнда:

$$V_{Rd,c} = \left[0,12k(100\rho_1 \cdot f_{ck})^{1/3} \right] d,$$

$$\text{бірақ } = (0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}}) \cdot d \text{ аз;}$$

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} \leq 2 (d \text{ в мм});$$

$$\rho_1 = \sqrt{\rho_{lx} \cdot \rho_{ly}} \leq 0,02;$$

ρ_{lx}, ρ_{ly} – сәйкесінше x бағытындағы және y бағытындағы бойлық арматуралаудың коэффициенттері;

$$d = 0,5(d_x + d_y),$$

d_x, d_y – бақылау қиысуда анықталынатын, сәйкесінше x бағытындағы және y бағытындағы тақтайшаның жұмыс биіктіктері;

$$\sigma_{cp} = \frac{\sigma_{cx} + \sigma_{cy}}{2},$$

мұнда

σ_{cx}, σ_{cy} – x және y бағыты бойынша есептік қиысуға арналған дұрыс кернеулер («минус» белгісі қысу кезінде қабылданады).

Әрбір бағыттағы бойлық арматураның ауданын тиісті бағыттағы бақылау қиысудың ауданынан 0,002 кем емес көлемде орнату керек. Егер (7.27) шарты орындалмаса, онда басу шартынан көлденең арматуралауды орнату керек.

Көлденең арматуралауы бар тақтайшаның **басуға (жергілікті кесуге) күш түсетін қабілеттілігін** төмендегі өрнектерден анықтау керек:

$$V_{Ed} < V_{Rd,max} \quad (7.70)$$

$$V_{Ed} < V_{Rd,sy} \quad (7.71)$$

мұнда:


$$V_{Rd,max} = 1,5 V_{Rd,c};$$

$$V_{Rd,sy} = V_{Rd,c} + \frac{\sum A_{sw} \cdot f_{ywd} \cdot \sin \alpha}{u} \quad (7.72)$$

(7.23) формуласында:

$\sum A_{sw} \cdot f_{ywd} \cdot \sin \alpha$ – басатын күштің қосымшалау бағытындағы көлденең арматуралау қабылдайтын нәтижелендіруші күшейтудің сомасы;

α –көлденең арматураның тақтайша жазығына еңкею бұрышы.



7.17-сурет – (7.68) формуласындағы β коэффициенттерінің мәндері

(7.72) формуласы бойынша жергілікті кесудің шартынан есептелінген көлденең арматуралауды бақылау ауданының шегінде орналастыру керек. Осы жерде бақылау ауданының шегіндегі арматураланған тақтайшалардың минималдық қалыңдығы 200 мм кем болмауы керек, ал арматуралаудың минималдық пайызы мына формула бойынша анықталынады:

$$\rho_{w,min} = \frac{A_{sw} \cdot \sin \alpha}{A_{cont} - A_{load}} \quad (7.73)$$

мұнда:

A_{cont} , A_{load} – сәйкесінше бақылау периметрінің (бақылау ауданыны) ішіндегі беттің ауданы және локалдық жүктеменің қосымшалау ауданы.

Алынған $\rho_{w,min}$ мәндері конструктивтік түсінік бойынша белгіленген мәндерден кем болмауы керек.

7.4.2.2.3 Арматураланған элементтерді басудың күш түсетін қабілеттілігін тексеруден басқа, сәйкесінше x және y бағытындағы тақтайша енінің

m_{Edx} және m_{Edy} бірлігінде әрекет ететін минималдық майысатын сәттерді бақылау қажетті болып табылады. Егер басқа есептер талап етілетін мәндерді бермеген жағдайда, осы сәттерді мына өрнектен анықтау керек:

$$m_{Edx}(m_{Edy}) \geq \eta \cdot v_{Ed} \quad (7.74)$$

мұнда:


v_{Ed} – ұзындықтың бірлігіне келетін есептік көлденең күш;

η —7.17-суретте берілген белгілеулерге сәйкес, 7.11-кестеге сай сәттердің мәндерін анықтайтын коэффициент.

7.18-суреттегі белгілерде тақтайша саласында (7.69) шартын майысуға есептеумен анықталған және x және y бағытындағы тақтайшаның жұмысының тиімді аймақтарының ені бойынша бойлық арматуралаудың ауданын есептеуде қолдана отырып, тексеру керек.

7.11-кесте – Бағандардың күйіне байланысты η коэффициентінің мәндері

Бағанның күйі	төмендегі бойынша m_{Edx} үшін η			төмендегі бойынша m_{Edy} үшін η		
	тақтайша үсті	тақтайша асты	тақтайша есептік ені	тақтайша үсті	тақтайша асты	тақтайша есептік ені
Ішкі	0,125	0	$0,3l_y$	0,125	0	$0,3l_x$
Шеткі, тақтайшаның шеті у осыне параллель	0,250	0	$0,15l_y$	0,125	0,125	тақтайша 1м.п
Шеткі, сол сияқты у осыне параллель	0,125	+0,125	тақтайша 1м.п	0,25	0	$0,15l_x$
Бұрыштық	0,500	0,5	тақтайша 1м.п	0,5	0,5	тақтайша 1м.п



7.18-сурет – Бағанның күйіне байланысты жұмысқа енгізілетін тақтайшаның енін анықтаудың схемасы

7.4.2.3 Үзілуге есептеу (жергілікті созу)

7.4.2.3.1 Темірбетон элементтерді беріктілік бойынша қиысудың төменгі шекарасы шегінде немесе биіктігінің шегінде қосымшалаған жүктеменің әрекетіне үзуге есептеуді (7.19-сурет) төмендегідей жүргізу керек:

$$F \cdot \left(1 - \frac{d_s}{d}\right) \leq \Sigma(f_{ywd} \cdot A_{sw}) \quad (7.75)$$

мұнда:


F – үзетін күш;

d_s – элементке үзетін күшті берудің деңгейінен бойлық арматураның қиысу орталығына дейінгі қашықтық;

$\Sigma(f_{ywd} \cdot A_{sw})$ – ($a = 2d_s + b$) тең үзіліс аймағының ұзындығы бойынша қосымша орналастырылған қамыттармен қабылданатын көлденең күшейтулердің сомасы;

мұнда

b – үзілетін күшті беру ауданының ені.



7.19-сурет – Темірбетон элементтерді үзуге есептеуге арналған схема

d_s және b мәндерін элементке (консоль, жанасқан элементтер ж.т.б. арқылы) үзілген жүктемені қосымшалаудың сипаты мен шарттарына байланысты орнату керек.

8 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУДІҢ ШЕКТІ (SLS) ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУ

8.1 Темірбетон элементтерді сызаттарды ашу бойынша есептеу

8.1.1 Жалпы ережелер

8.1.1.1 (7.3.1) Сызаттарды ашу бойынша есепті төмендегідей жүргізіледі:

$$w_k \leq w_{lim} \quad (8.1)$$

мұнда:

w_k – 8.1.3.1-8.1.3.4 тармақшаларына сәйкес анықталатын сыртқы жүктеменің әрекетінен болатын сызаттарды ашудың ені;

w_{lim} – сызаттарды ашудың шекті рұқсатты ені.

w_{lim} мәндері 8.1-кестесіне сәйкес қабылданылады.

8.1-кесте – Сызаттарды ашудың шекті рұқсатты мәндері w_{lim}
миллиметрмен берілген

5.2-кесте бойынша пайдалануға беру шарттары бойынша класс	Темірбетон элементтер
	А қосымшасы бойынша жүктемелердің квази тұрақты қиысуы
X0, XC1	0,4*
XC3	0,3
* X0, XC1 кластарының ортасында пайдалануға берілетін темірбетон элементтер үшін сызаттарды ашудың ені ғұмырлыққа әсер етпейді	

8.1.1.2 Жалпы жағдайда элементтің бойлық осыне дұрыс сызаттарды ашудың ені, сызаттар арасындағы қашықтыққа көбейтілген сызаттар арасындағы телімдегі бойлық созылған арматураның орташа қатыстық деформацияларына тең етіп қабылданады.

8.1.1.3 Жарылыстар арасындағы қашықтықты жарылыстармен қиысуда және жарылыстар арасындағы телімнің ортасындағы қиысуда созылған арматурадағы күшейтудің әртүрлілігі арматураның бетонмен бекітілу күштерімен салыстыру шарты бойынша анықтау керек. Бұл жерде осы телімдегі арматурадағы күшейтудің әртүрлілігі жарылыс пайда болу алдындағы созылған бетонға қабылданатын күшейтуге тең етіп алынады.

8.1.1.4 Элементтің бойлық осыне қалыпты жағдайда жарылыстармен қиысуда созылған арматураның салыстырмалық деформациялары сыртқы күштердің тиісті үйлесуінен болатын майыстыру сәттері мен бойлық күштердің берілген мәндері бойынша 5.2.12 арқылы деформациялық модельдің есептік тендеулер жүйесінен анықталады.

8.1.1.5 Созылған арматураның салыстырмалық деформациялары келтірілген серпінділік модуліндегі бетонның серпінді жұмысын және өзінің серпінділік модулі бар арматураның серпінді жұмысын шартты түрде ала отырып, элементтің бойлық осыне қалыпты қиысуда сызаттардың серпінді есебінен анықтауға рұқсат етіледі.

8.1.1.6 Элементтің созылған және сығылған қырларында жинақталған арматурасы бар тікбұрышты, таврлық және екі тавролық қиысудың майыстыру элементтеріне жарылыспен қиысуда созылған арматураның салыстырмалық деформацияларын анықтау үшін сығылған және созылған белдеулердің биіктігінен кернеуді біркелкі бөліп, бетонның сығылған белдеуі және арматураның созылған белдеуі түрінде темірбетон элементті қарастыра отырып, жеңілдетілген схема бойынша жасауға рұқсат етіледі.

8.1.1.7 Сызаттарды ашу есебі, төмендегі шарт орындалған жағдайда, жүргізілмейді:

$$M_{Ed} < M_{cr} \quad (8.2)$$

мұнда:

M_{Ed} —сәт іс-әрекетінің жазықтығына қалыпты оське қатысты сыртқы жүктемеден және келтірілген элементтің көлденең қиысуда ауыртпалық орталығынан өтетін сәті. Осы жағдайда $\gamma_f = 1$ жүктемесі бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициентімен барлық (тұрақты және өтпелі) жүктемелер ескеріледі;

M_{cr} – элементтің қалыпты қиысуда 8.1.2.1-8.1.2.4 тармақшаларына сәйкес анықталатын сызаттар пайда болғанда қабылданатын сәті.

Орталық созылған элементтер үшін (8.2) шарты төмендегі шартқа түрленеді:

$$N_{Ed} < N_{cr} \quad (8.3)$$

мұнда:

N_{cr} – 8.1.2.5 тармағына сәйкес анықталатын сызат пайда болғанда элементпен қабылданатын бойлық созылу күші.

8.1.2 Сызаттардың пайда болу сәтін анықтау

8.1.2.1 M_{cr} сәтін 8.1.2.2 және 8.1.2.4 тармақшаларына сәйкес бетонның серпінді емес деформацияларының есебісіз анықтауға жол беріледі. Егер осы жерде (8.1) шарты қанағаттандырылмаса, онда сызаттардың пайда болу сәтін бетонның серпінді емес деформацияларының есебімен анықтау керек.

8.1.2.2 Сызаттардың пайда болу сәтін бетонның серпінді емес деформацияларының есебісіз тұтас серпінді дене сияқты мына формула бойынша анықтайды:

$$M_{cr} = f_{ctd,ser} W \pm N_{Ed} \cdot e_y \quad (8.4)$$

мұнда:

$f_{ctd,ser}$ – осьтік созылуға $f_{ctk,0,05}$ бетонның сипаттамалық кедергісін бетон бойынша 1,0-ге тең қауіпсіздіктің жеке коэффициентіне бөлу арқылы анықталған бетонның созылуға есептік кедергісі;

W – бетонның созылған шеткі талшығына келтірілген қиысудың кедергі сәті;

e_y – келтірілген қиысуда ауырлық орталығынан бастап жарылыстар түзілуіне тексерілетін созылған аймақтың ең алыс өзектік нүктесіне дейін қашықтық;

W және e_y мәндері 8.1.2.5 тармағына сәйкес анықталады. (8.4) формуласында «плюс» белгісі сығылған бойлық күші N_{Ed} , ал «минус» белгісі созылу күші кезінде қолданылады.

8.1.2.3 W кедергі сәті мен e_y қашықтығы мына формулалар бойынша анықталады:

$$W = \frac{I_{red}}{y_t} \quad (8.5)$$

$$e_y = \frac{W}{A_{red}} \quad (8.6)$$

мұнда

I_{red} – ауыртпалық орталығына қатысты келтірілген қиысудың инерция сәті, төмендегі формула бойынша анықталады:

$$I_{red} = I + I_s \cdot \alpha_s + I'_s \cdot \alpha_s \quad (8.7)$$

I, I_s, I'_s – созылған және сығылған арматурадағы сәйкесінше бетон қиысудың инерция сәті;

A_{red} – келтірілген қиысудың ауданы, төмендегіге тең:

$$A_{red} = A + A_{s1} \cdot \alpha_s + A_{s2} \cdot \alpha_s, \quad (8.8)$$

$a_s = \frac{E_s}{E_{cm}}$ —арматураны бетонға келтірудің коэффициенті;

y_t —бетонның едәуір созылған талшығынан элементтің келтірілген қиысудың ауыртпалық орталығына дейін қашықтық;

$\mu = \frac{A_s}{A} < 0,005$ кезінде W және $e_{я}$ мәндерін арматураның есебісіз анықтауға жол беріледі.

8.1.2.4 Тікбұрышты, тавролық және екі тавролық қиысу үшін симметрияның ось жазықтығындасәттің әсер етукезіндесозылған бетонның серпінді емес деформацияларын ескере отырып, жарылыстар пайда болуын W мәнін $W_{pl} = W$ мәніне ауыстырып, (8.4) формула бойынша анықтауға жол беріледі,

мұнда

γ – 8.2-кестені қар.








8.1.2.5 N_{cr} күші орталық созылған элементтерінде сызаттар пайда болғанда төмендегі формула бойынша анықталады:

$$N_{cr} = f_{ctd,ser} \cdot A + 20 \cdot A_s, \quad (8.9)$$

мұнда:

20 (МПа) – бетонда сызаттар пайда болуына дейінгі бүкіл арматурадағы кернеу.

8.2-кесте

Қиысу	γ коэффициенті	Көлденең қиысудың формасы
1. Тікбұрышты	1,30	
2. Қысылған аймақта орналасқан сәресі бар тавролық	1,30	
3. Көрсетілгендер бойынша созылған аймақта орналасқан сәресі (кеңеюі) бар тавролық: а) $b_f/b \leq 2$ кезінде h_f/h қатынастарына тәуелсіз б) $b_f/b > 2$ және $h_f/h \geq 0,2$ кезінде в) $b_f/b > 2$ және $h_f/h < 0,2$ кезінде	1,25 1,25 1,20	
4. Көрсетілгендер бойынша екі тавролық симметриялық (қораптық): а) $b'_f/b = b_f/b \leq 2$ кезінде $h'_f/h = h_f/h$ қатынастарына тәуелсіз б) $2 < b'_f/b = b_f/b \leq 6$ кезінде $h'_f/h = h_f/h$ қатынасына тәуелсіз в) $b'_f/b = b_f/b > 6$ және $h'_f/h = h_f/h \geq 0,2$ кезінде г) $6 < b'_f/b = b_f/b \leq 15$ және $h'_f/h = h_f/h < 0,2$ кезінде д) $b'_f/b = b_f/b \geq 15$ және $h'_f/h = h_f/h < 0,2$ кезінде	1,30 1,25 1,25 1,20 1,15	
5. $b'_f/b \leq 3$ шартын қанағаттандыратын, екі тавролық симметриялық емес а) $b_f/b \leq 2$ кезінде h_f/h қатынасына б) $2 < b_f/b \leq 6$ кезінде h_f/h қатынасына тәуелсіз в) $b_f/b > 6$ және $h_f/h > 0,1$ кезінде	1,30 1,25 1,25	
6. $3 < b'_f/b < 8$ шартын қанағаттандыратын, екі тавролық симметриялық емес а) $b_f/b \leq 4$ кезінде h_f/h қатынасына тәуелсіз б) $b_f/b > 4$ және $h_f/h \geq 0,2$ кезінде в) $b_f/b > 4$ және $h_f/h < 0,2$ кезінде	1,25 1,20	
7. $b'_f/b \geq 8$ шартын қанағаттандыратын, екі тавролық симметриялық емес а) $h_f/h > 0,3$ кезінде б) $h_f/h \leq 0,3$ кезінде		

8.1.3 Элементтің бойлық осыне дұрыс сызаттарды ашудың енін анықтау

8.1.3.1 Қалыпты сызаттарды ашу ені төмендегі формула бойынша анықталынады:

$$w_k = S_{r,max}(\varepsilon_{sm} - \varepsilon_{cm}) \quad (8.10)$$

мұнда:

w_k – сызатты ашудың есептік ені;

$S_{r,max}$ – сызатты ашудың максималдық ені (8.1.3.4);

ε_{sm} – жүктемелердің тиісті үйлесуі кезінде анықталатын арматураның орташа салыстырмалық деформациялары;

ε_{cm} – сызаттар арасындағы телімдегі бетонның орташа деформациясы.

8.1.3.2 $\varepsilon_{sm} - \varepsilon_{cm}$ мына теңдеуден алынуы мүмкін:

$$\varepsilon_{sm} - \varepsilon_{cm} = \frac{\sigma_s - k_t \cdot \frac{f_{ct,eff}}{\rho_{eff}} (1 + \alpha_e \cdot \rho_{eff})}{E_s} \geq 0,6 \frac{\sigma_s}{E_s} \quad (8.11)$$

мұнда:

σ_s – сызаты бар қиысуда созылған арматурадағы кернеу;

$\alpha_e = E_s / E_{cm}$ – арматураны бетонға келтірудің коэффициенті;

ρ_{eff} – темірбетон элементтер үшін арматуралаудың тиісті коэффициенті, төмендегі формула анықталады:

$$\rho_{eff} = \frac{A_s}{A_{c,eff}} \quad (8.12)$$

мұнда

$A_s - A_{c,eff}$ қиысу созылған аймағының тиімді ауданы ішіндегі арматураның қиысу ауданы;

$A_{c,eff}$ – жалпы жағдайда биіктігі 2,5 болғанда созылған арматураны қоршап тұрған бетон ауданы ретінде анықталатын қиысудың созылған аймағының тиімді ауданы, арматураның біршама созылған қырынан ауыртпалық орталығына дейінгі қашықтықтар (8.1.3.4 тармағын қар.).

k_t – төменде көрсетілген жүктеменің ұзақтығына тәуелді коэффициент:

$k_t = 0,6$ жүктемелер қысқа мерзімді әсер ету кезінде,

$k_t = 0,4$ жүктемелер ұзақ әсер ету кезінде.

Сызатты ашу енін созылған кернеулер сыртқы жүктемелерден мәжбүр болған деформациялар мен күштердің бірлескен әсерінен есептік жағдайлар туындаса, онда (8.10) формуласы бойынша анықтау керек. Осы жағдайда жүктемеден туындаған әрекет ететін күштерде сызаты бар қиысуға есептелген арматураның салыстырмалық деформацияларына мәжбүр салыстырмалық деформацияларын қосындылау керек.

Егер майыстыру элементтеріндегі бойлық сырықтар бір-бірінен біршама қашықтықта (мысалы, тақтайшаларда) орналасса, ал сығылған аймақтың биіктігі кішкентай болса, онда сызаттарды ашудың енін есептеу кезінде $S_{r,max} = (h - x)$ қолдануға жол беріледі,

мұнда

h – қиысудың толық биіктігі,


x – сығылған аймақтың биіктігі.

8.1.3.3 Майыстыру элементтерінің созылған арматурадағы σ_s кернеудің мәндері (8.1а-сурет) мына формула бойынша анықталынады:

$$\sigma_s = \frac{M_{Ed}(d-x)}{I_{red}} a_{s1} \quad (8.13)$$

мұнда

I_{red} және x – бетонның сығылған аймағының ғана көлденең қиысу ауданын және созылған мен сығылған арматураның қиысу аудандарын өзіне қамтитын және арматураны бетонға келтірудің коэффициентіне көбейтілген, $\alpha_{s1} = \frac{E_s}{E_{cm,red}}$ келтірілген көлденең қиысудың сығылған аймағының биіктігі және инерция сәті.



8.1-сурет – Көрсетілген әрекеттер кезінде сызаттары бар элементтердің кернелген-деформацияланған жағдайларының схемалары: майысатын сәттің (а), күштің бойына қысылатын (б), бойлық күшке созылатын (в), 1 – келтірілген қиысудың ауыртпалық орталығының деңгейі

α_{s1} коэффициентін мына формула бойынша анықтауға болады: $\alpha_{s1} = \frac{300}{f_{cd,ser}}$

Қысылған аймақтың биіктігі мына теңдеудің шешімінен анықталады:

$$S_0 = \alpha_1 \cdot (S_s - S_{s1}) \quad (8.14)$$

мұнда


S_c, S_s, S'_s – бетон сығылған аймағының, бейтарап оське қатысты созылған және сығылған арматура аудандарының статикалық сәттері.

Тікбұрышты, тавролық және екітавролық қиысуға үшін σ_s кернеу мына формула бойынша анықтауға рұқсат етіледі:

$$\sigma_{bi} = \frac{M_{ED}}{z_s \cdot A_s} \quad (8.15)$$

мұнда

$z_s - z_s = \zeta \cdot d$ тең ішкі жұп күштердің иіні, ал ζ коэффициенті 8.2-суреттегі кесте арқылы анықталады.



8.2-сурет – Майысатын элементтердің сызаттарын ашу бойынша есептеу кезінде күштің ішкі жұбының иіні анықтауға арналған $\zeta = z_s/d$ коэффициентінің графигі

$$\mu_s \cdot \alpha_{s1} = \frac{A_s \cdot E_s}{b \cdot d \cdot E_{cm,red}}; \gamma = \frac{(b_f^1 - b) \cdot h_f^1 + \alpha_{s1} \cdot A_s^1}{b \cdot d}$$

$\delta = h_f'/d$, қысылған сөресі жоқ қиысу үшін – $\delta = 2 c_1/d$.

S және S' арматуралары арасында қашықтықтан тыс күшін жұмсау (8.16, в-суретті қар.) кезінде орталықтан тыс сығылған элементтерге, сондай-ақ орталықтан тыс созылған элементтерге σ_s кернеудің мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\sigma_s = \frac{N_{Ed}}{S_{red}} (d - x) \cdot \alpha_{s1} \quad (8.16)$$

мұнда

S_{red} – бейтарап оське қатысты статикалық сәті, S_{red} мәні мына формула бойынша есептелінеді:

$$S_{red} = S_c + \alpha_{s1} \cdot (S_s^1 - S_s) \quad (8.17)$$

ал сығылған аймақтың x биіктігімына теңдеу бойынша шешіледі:

$$\frac{I_{red}}{S_{red}} = e - (d - x) \quad (8.18)$$

мұнда

I_{red} – бейтарап оське қатысты келтірілген қиысудың инерция сәті.

Орталықтан тыс созылған элементтер үшін (8.18) формуласында e эксцентриситеті «минус» белгісімен қолданылады.

Орталықтан тыс созылған элементтер үшін σ_s кернеудің мәні S және S' арматураларының ауыртпалық орталықтары арасындағы N_{Ed} күшін жұмсау кезінде (яғни, $e' < d - c_1$ кезінде) мына формула бойынша анықталады:

$$\sigma_s = \frac{N_{Ed} \cdot e^1}{A_s (d - c_1)} \quad (8.19)$$

орталық созылған элементтер үшін
$$\sigma_s = \frac{N_{Ed}}{A_s} \quad (8.20)$$

Тікбұрышты қиысудың орталықтан тыс элементтері үшін σ_s кернеуді мына формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$\sigma_s = \frac{N_{Ed} e}{A_s d} \varphi_{cr}, \quad (8.21)$$

мұнда

φ_{cr} —8.3-кесте бойынша анықталатын коэффициент.

Тікбұрышты қиысудың орталықтан тыс созылған элементтері үшін σ_s кернеуді мына формулалар бойынша анықтауға жол беріледі:

$$a) e' > d - c_1 \text{ кезінде және } A_{s2} = 0 \text{ кезінде } -\sigma_s = \frac{N_{Ed}}{A_{s1}} \left(1,2 \frac{e}{d} + 1 \right) \quad (8.22)$$

$$б) A_{s2} \geq A_{s1} \text{ кезінде } e' \text{ тәуелсіз } -\sigma_s = \frac{N_{Ed} e'}{A_{s1} (d - c_1)} \quad (8.23)$$

$0 < A_{s2} < A_{s1}$ кезінде σ_s мәні (8.22) және (8.23) формула бойынша есептелінген σ_s мәндері арасындағы сызықтық интерполяциядан анықталады.

Барлық жағдайда σ_s мәні $f_{yd,ser}$ аспауы керек.

8.3-кесте

e/d	φ_{cr} коэффициенттері									
	$A_{s2} \geq A_{s1}$ және төмендегілерге тең $\mu \cdot \alpha_{s1}$ мәндері кезінде					$A_{s2} = 0$ және төмендегілерге тең α_{s1} мәндері кезінде				
	0,01	0,05	0,10	0,20	$\geq 0,40$	0,01	0,05	0,10	0,20	$\geq 0,40$
$\leq 0,8$	0,01	0,06	0,07	0,08	0,08	0,01	0,06	0,10	0,20	0,18
1,0	0,13	0,20	0,23	0,25	0,26	0,13	0,20	0,26	0,31	0,36
1,2	0,25	0,33	0,37	0,39	0,40	0,25	0,33	0,38	0,43	0,49
1,5	0,42	0,48	0,52	0,54	0,55	0,42	0,48	0,53	0,58	0,64
2,0	0,56	0,63	0,66	0,68	0,69	0,56	0,63	0,67	0,72	0,78
3,0	0,73	0,79	0,82	0,84	0,85	0,73	0,79	0,82	0,88	0,93
4,0	0,80	0,86	0,90	0,93	0,93	0,80	0,86	0,91	0,96	1,01
$\mu_s \cdot \alpha_{s1} = \frac{A_s}{b \cdot d} \frac{300}{f_{cd,ser}}$										
ЕСКЕРТПЕ $0 < A_{s2} < A_{s1}$ кезінде φ_{cr} коэффициенттері сызықтық интерполяциямен анықталады										

8.1.3.4 Майыстыру және созылу элементтерінде бойлық оське қалыпты болатын сызаттар арасындағы $s_{r,max}$ максималдық қашықтықты (мм) мына формула бойынша анықтау керек:

$$s_{r,max} = 3,4 \cdot c + 0,425 \cdot k_1 \cdot k_2 \cdot \frac{d}{\rho_{eff}} \quad (8.24)$$

мұнда:

d – сырықтардың диаметрі. Қиысуда диаметрі әртүрлі сырықтар болған кезде d_{eq} баламалық диаметрді пайдалану керек. Диаметр d_1 сырықты n_1 және диаметр d_2 сырықты n_2 қиысу үшін d_{eq} алуға мына теңдеуді пайдалану керек:

$$d_{eq} = \frac{n_1 d_1^2 + n_2 d_2^2}{n_1 d_1 + n_2 d_2}, \quad (8.25)$$

c – бойлық арматура үшін бетонның қорғаныс қабаты;

k_1 – арматураны бетонмен бекіту жағдайын ескеретін коэффициент мыналарға тең:


- мерзімді пішіннің сырықтары үшін $k_1 = 0,8$;
- тегіс сырықтар үшін $k_1 = 1,6$;

k_2 – элементтің кернеуген-деформацияланған жағдайының түрін (8.3-сурет) ескеретін коэффициенті, ол төмендегілерге тең етіп алынады:

- майыстыру кезінде $k_2 = 0,5$;
- осьтік созылу кезінде $k_2 = 1,0$;
- орталықтан тыс созылу кезінде:

егер $\varepsilon_1 > \varepsilon_2$ болса, онда $k_2 = \frac{\varepsilon_1 + \varepsilon_2}{2\varepsilon_1}$;

егер $\varepsilon_2 = 0$ болса, онда $k_2 = 0,5$;



8.3-сурет – (8.24) формуласындағы k_2 коэффициентін анықтауға арналған

ρ_{eff} – темірбетон конструкциялар үшін арматуралаудың тиімді коэффициенті мына формула бойынша анықталады:


$$\rho_{eff} = \frac{A_s}{A_{c,eff}}$$

мұнда

A_s – $A_{c,eff}$ қиылысудың созылған аймағының тиімді ауданы ішінде бекітілген арматураның қиысу ауданы;

$$k_2 = 1,0 \quad k_2 = \frac{\varepsilon_1 + \varepsilon_2}{2\varepsilon_1} \quad k_2 = 0,5 \quad k_2 = 0,5$$

$A_{c,eff}$ – жалпы жағдайда биіктігі 2,5 болғанда, созылған арматураны қоршап тұрған бетон ауданы ретінде анықталатын қиысудың созылған аймағының тиімді ауданы, арматураның біршама созылған қырынан ауыртпалық орталығына дейінгі қашықтықтар (8.4-сурет). Тақтайшалар немесе алдын-ала кернелген элементтер үшін созылған аймақ биіктігі болмашы ғана болуы мүмкін, тиімді аймақ биіктігі $(h-x)/3$ артық қабылданбайды.



2,5 (h-d), (h-x)/3, h/2 мәндерінен кішісі – $h_{c,eff}$

8.4-сурет – $A_{c,eff}$ қиысудың созылған аймағының:

а – аркалықтардың;

б – тақтайшалардың;

в – созылуға ұшыраған элементтердің тиімді алаңын анықтауға

арналған

8.1.4 Сызатты ашудың енін шектеуге қажетті арматуралаудың минималдық ауданы

8.1.4.1 Сызатты ашудың енін шектеуді жағдайынан белгіленетін қиысудағы созылған арматураның ең кіші ауданы

$$A_s \cdot \sigma_s \leq k_c \cdot k \cdot f_{ct,eff} \cdot A_{ct} \quad (8.26)$$

мұнда:

A_s – қиысудың созылған аймағындағы кернелмейтін арматураның ауданы;

A_{ct} – қиысудың созылған аймағындағы бетон ауданы, оның биіктігі тікелей алғашқы сызат пайда болудың алдында анықталады;

σ_s – тікелей алғашқы сызат пайда болудың алдында кернелмейтін арматурадағы максималдық кернеулер. Сызаттарды ашу енін кернеуленбеген арматурада шектеу үшін 8.4-кесте бойынша сырықтардың максималдық диаметріне және 8.5-кесте бойынша сырықтар арасындағы максималдық қашықтыққа байланысты алуға жол беріледі.

(8.26) формуласы бойынша есептеу кезінде кернеуленбеген арматурадағы кернеулерді нормативтік кедергіге f_{yk} тең етіп алуға жол беріледі.

$f_{ct,eff} - f_{ct,eff} = f_{ctm}$ бірінші сызат түзілу сәтінде созылу кезіндегі бетонның орташа тиімді беріктігінің шамасы. Сызаттың түзілу жағдайлары мәжбүрлі деформацияланудан туындаған жағдайда (мысалы, отыру кезінде), бетонның орташа тиімді беріктігі созылған кезде сақтау шарттарына, элемент нысаны мен жұмыстарды орындау технологиясына байланысты бетондаудан кейінгі 3-5 тәулікке дейінгі жаста қабылдануы мүмкін. $f_{ct,eff} = f_{ctm}$ мәндерін сызат түзілген сәтте белгіленген беріктігі бойынша бетон класына байланысты 6.1-кесте бойынша қабылдауға жол беріледі. Сызат пайда болған уақытты дәл анықтау мүмкін болмаған жағдайда (28 тәуліктен кем болғанда), бетонның орташа тиімді беріктік шамасын 3МПа-ға тең етіп алуға жол беріледі;

k_c – тікелей алғашқы сызаттар пайда болудың алдында қиысу арқылы кернеулер таралуын ескеретін коэффициент k_c қиысу формасына байланысты төмендегідей мәндерге ие болады:

- қиысу формасына тәуелсіз таза созылу жағдайына $k_c = 1,0$;
- тікбұрышты қиысу, тавролық және қораптық қиысу қабырғалары үшін:

$$k_c = 0,4 \left[1 + \frac{\sigma_c}{k_1 \cdot \left(\frac{h}{h^*}\right) \cdot f_{ct,eff}} \right] \leq 1; \quad (8.27)$$

- тавролық және қораптық қиысу кезінде:

$$k_c = 0,9 \frac{F_{cr}}{A_{ct} \cdot f_{ct,eff}} \geq 0,5; \quad (8.28)$$

σ_c – қиысудың қарастырылатын бөлігіндегі бетондағы орташа кернеулер;

h^* – мыналарға тең етіп қабылдау керек:

$h^* = h - h < 1,0$ м кезінде;

$h^* = 1,0 - h \geq 1,0$ м кезінде;

k_1 – элементтің қиысуы бойынша кернеулерді бөлуге шығатын осьтік күштердің әсерін ескеретін коэффициент:

$k_1 = 1,5$ – осьтік N_{Ed} қысу күші кезінде;

$k_1 = \frac{2h^*}{h}$ – осьтік N_{Ed} созу күші кезінде;

$F_{cr} - \sigma_{ct} = f_{ct,eff}$ кезінде тікелей сызаттардың пайда болуының алдында тавролық немесе қораптық қиысудың сәресіндегі созылатын кернеулердің тең әрекеттесі;

k – төмендегіге тең етіп қабылданатын коэффициент:

$k = 1,0 - h \leq 300$ мм кезіндегі элементтердің қабырғалары немесе 300 мм кем емес ені бар сөрелер үшін;

$k = 0,65 - h \geq 800$ мм кезіндегі элементтердің қабырғалары немесе 800 мм кем емес ені бар сөрелер үшін.

Аралық мәндер үшін сызықтық интерполяция жол беріледі.

St 400 және St500 класты мерзімді бейіннің сырықтарымен арматураланған тікбұрышты қиысудың майыстыру элементтеріндегі сызаттарды ашу ені $w_k \leq w_{lim}$ болған жағдайда, егер 8.4-кестеден бойлық арматурадағы сырықтардың максималдық диаметрі ϕ_s^* аспаса, онда жеңілдетілген әдістемесі арқылы тексеруге жол беріледі.

$$\phi_s \leq \phi_s^*$$

Сызаттарды ашу енін тексерген кезде, созылған арматураның сырық диаметрі мына формула бойынша анықталады:

$$\phi_s = \phi_s^* \cdot \frac{k_c \cdot k \cdot h_t}{4 \cdot (h - d)} \cdot \frac{f_{ct,eff}}{f_{ct0}} \geq \phi_s^* \cdot \frac{f_{ct,eff}}{f_{ct0}}$$

ϕ_s^* – созылған арматураның максималдық диаметрі 8.4 кесте бойынша алынады;

h – элементтің биіктігі;

h_t – қиысу созылған аймағының биіктігі;

d – жұмыс биіктігі;

$f_{ct0} = 3,0 \text{ Н/мм}^2$ (созылу кезінде бетон беріктілігінің базалық мәні);

8.4-кесте қиысудың толық биіктігіне жұмыс биіктігінің қатысы 0,85 бастап 0,95 дейін аралықта орналасқан жағдайлары үшін жасалған. Сырықтардың максималдық диаметрі ρ бойлық арматуралау коэффициентінен және сызаты бар қиысуда созылған арматурадағы σ_s кернеулерге байланысты болады. Оларды жеңілдетілген формула бойынша анықтайды:

$$\sigma_s = \frac{M_{Ed}}{z \cdot A_{s1}} \quad (8.29)$$

мұнда

$M_{Ed} - \gamma_F = 1,0$ кезінде анықталған жүктемелердің квазитұрақты үйлесуінен болатын майыстыру сәті;

z – кернеуленген-деформацияланған жағдайдың II сатысы үшін сызаты бар қиысуда күштердің ішкі жұп иіні төмендегідей анықталады:

$\rho \leq 0,5 \%$ кезінде $z = 0,90d$

$0,5 \% \leq \rho \leq 1,0 \%$ кезінде $z = 0,85d$

$\rho \geq 1,0 \%$ кезінде $z = 0,80d$.

Егер жобаланатын элемент 8.4-кестенің шарттарын қанағаттандырмаса немесе созылған арматураның максималдық диаметрі 8.4-кестеде келтірілген мәндерінен асып түссе, онда (8.10) формула бойынша сызаттарды ашу еніне есептік тексеру жүргізу керек.

8.4-кесте – \emptyset_s , мм майысатын элементтердегі сызаттарды ашу енін тексерудің жеңілдетілген әдісін пайдалану кезінде созылған арматураның сырықтарының максималдық диаметрлері

Арматурадағы кернеулер, Н/мм ²	Сырықтардың максималдық диаметрі, мм		
	$w_k=0,4$	$w_k=0,3$	$w_k=0,2$
240	20	20	16
280	20	20	16
320	20	20	16
360	20	20	16
400	20	16	12
450	16	12	10

8.5-кесте – Сырықтар арасындағы максималдық қашықтықтар $s_{r,max}$, миллиметрмен берілген

Арматурадағы кернеулер, Н/мм ²	w_k кезіндегі сырықтардың максималдық диаметрі, мм		
	0,4	0,3	0,2
160	300	300	200
200	300	250	150
240	250	200	100
280	200	150	50
320	150	100	—
360	100	50	—

8.1.5 Иілмелі сызаттарды ашудың енін есептеу

8.1.5.1 Элементтің бойлық осыне көлбеусызаттардың w_k есептік енін (8.10) формула бойынша $S_{r,max}$ (8.30) формула бойынша есептелінген $S_{r,max}$ ауыстыра отырып, анықтауға кепілдеме беріледі.

Ортогоналдық арматуралауы бар элементтер үшін пайда болатын сызаттар элементтің бойлық осыне бұрышына қарай (бойлық арматуралау бағытына) бағытталған болса және бағыт бұрышы $\theta > 15^\circ$, құламалы жырылыстар арасындағы $S_{r,max}$ орташа қашықтық жағдайында мына формула бойынша анықтау керек:

$$S_{r,max} = \frac{1}{\frac{\sin \theta}{S_{r,max,x}} + \frac{\cos \theta}{S_{r,max,y}}} \quad (8.30)$$

мұнда:

$S_{r,max,x}$ – бойлық оське параллель бағыттында сызаттар арасындығы орташа қашықтық;

$S_{r,max,y}$ – элементтің бойлық осыне перпендикулярлық бағытында сызаттар арасындығы орташа қашықтық;

θ – бойлық арматуралау (элементтің бойлық осымен) бағытының және басты сығылатын кернеулердің бағыты арасындағы бұрыш. θ мәні құламалы қиысудың беріктік есебінен алынады.

$S_{r,max,x}$ және $S_{r,max,y}$ (8.5-сур.) орташа қашықтық мына формулалар бойынша анықталады:


$$S_{r,max,x} = 2 \left(C_x + \frac{S_x}{10} \right) + 0,25 K_1 \frac{\phi_{bx}}{p_{lx}} \quad (8.31)$$

$$S_{r,max,y} = 2 \left(C_y + \frac{S_y}{10} \right) + 0,25 K_1 \frac{\phi_{sw}}{p_{sw}} \quad (8.32)$$

мұнда

ϕ_{bx}, ϕ_{sw} – сәйкесінше бойлық және көлденең сырықтардың диаметрлері;

C_x, C_y – қиысудың о.н. бастап бойлық және көлденең арматураның (8.5-сурет) о.н. дейінгі қашықтық.



8.5-сурет – Иілген сызаттар арасындағы қашықтықты есептеу кезінде есептік параметрлерді анықтауға арналған

(8.10) формуласында салыстырмалық деформациялардың ε_{sm} орнына пайдаланатын диагональдық сызаттары бар темірбетон элементі үшін созылудың басты

салыстырмалық деформациялардың орташа мәндер майыстыру сәтінің, бойлық және көлденең күштердің бірлескен әсері кезінде, жалпы деформациялық модельді пайдаланған есептен анықтайды (7-тарауды қар.).

Темірбетон конструкцияларды жобалау құралы, сонымен бірге құламалы сызаттарды шектен тыс ашуды шектеуге сүйене отырып, жеңілдетілген есепке жол береді. Қабылданған әдіске сәйкес көлденең сырықтардың максималдық қадамын орнатады. Бұл жағдайда көлденең арматуралаудың берілген күштеріне және коэффициентіне құламалы сызатты ашудың енін шектеуге қойылатын талаптар асырылмайды. Көлденең сырықтардың максималдық қадамы (8.5-кесте) көлденең арматурада (қамыттарда) келтірілген кернеулердің шамасына қарай алынады:

$$\sigma_{sw.red} = \frac{V_{Ed} - 3V_{Rd.c}}{\rho_w \cdot b_w \cdot d} \quad (8.33)$$

мұнда:

$V_{Rd.c}$ – элементпен қабылданатын көлденең арматуралаусыз көлденең күші (7.2-тарауды қар.)

ρ_{sw} – көлденең арматуралаудың коэффициенті;

b_w, d – қиысудың минималдық ені және жұмыс биіктігі.

8.6-кесте – Иілген сызаттарды ашу енін шектеуді қамтамасыз ететін көлденең сырықтардың максималдық қадамы

$\sigma_{sw.red}$ көлденең арматурада келтірілген кернеулер, МПа	< 50	75	100	150	200
Көлденең сырықтардың максималдық қадамы S_{max} , мм	300	200	150	100	50

8.2 Темірбетон конструкцияларды деформация бойынша есептеу

8.2.1 Жалпы ережелер

8.2.1.1 Темірбетон конструкциялардың бүгілуін (ауыстыру орындырын) анықтау бойлық деформациялар, көлденең деформациялар және сыртқы жүктемелер әсерінен темірбетон конструкциялардың ұзындығы бойынша қисықтығының мәндерін пайдалана отырып, құрылыс механиканың жалпы ережелері бойынша жүргізілуі керек.

8.2.1.2 Темірбетон элементтердің қисықтығы бойлық осыне қалыпты болатын және қиысу биіктігіне бөлінген қиысудағы элементтің шеткі салыстырмалық деформациялар айырмасына тең етіп қабылданады.

8.2.1.3 Сызаттары бар темірбетон элементтерінің телімдері үшін қисықтық сығылған бетонның шеткі талшықтарын орташа салыстырмалық деформациялау және сығылған бетонның шеткі талшықтары және шеткі созылған арматуралық сырықтың ауырлық орталығының арасындағы қашықтыққа бөлінген осы телімде шеткі созылған арматуралық сырықтарын орташа салыстырмалық деформациялау айырмашылығына тең етіп алынады.

8.2.1.4 Бетонның шеткі сығылған талшықтарын орташа салыстырмалық деформациялау сызаттармен қиылысуда, сызаттар арасындағы ұзындықтар бойынша сығылған бетонды деформациялауының әркелкі бөлінуін ескере отырып, коэффициентке көбейтілген бойлық осыне қалыпты шеткі сығылған талшықтарды салыстырмалық деформациялау бойынша анықталады.

8.2.1.5 Шеткі созылған арматуралық сырықты орташа салыстырмалық деформациялау сызаттармен қиылысуда, 8.1.1.16-тармағына сәйкес сызаттар арасындағы ұзындығы бойынша созылған арматураны деформациялауының әркелкі бөлінуін ескере

отырып, коэффициентке көбейтілген бойлық осыне қалыпты шеткі созылған арматуралық сырықты салыстырмалық деформациялау бойынша анықталады.

8.2.1.6 Сызаттармен қиылысуда, элементтердің бойлық осыне қалыпты сығылған бетонды және созылған арматураны салыстырмалық деформациялау жалпы жағдайда майыстыру сәтінің берілген мағынасы бойынша темірбетон конструкциясының сызықтық емес деформацияланған моделінің тендеу жүйесі және 5.2.12 сәйкес ішкі жүктеменің тиісті үйлесімділігінен бойлық күштері есебінен анықталады.

8.2.1.7 Сызат қиылысу, элементтің бойлық осыне қалыпты шартты серпінді есебінен, серпінділік модулін келтіре отырып бетонның шартты серпінді жұмысын және өзінің серпінділік модулімен арматураның серпінді жұмысын қабылдауға сүйене отырып сығылған бетон және созылған арматурадағы деформацияны анықтауға жол беріледі.

8.2.1.8 Элементтің созылған және қысылған шекараларында шоғырланған арматурасы бар тікбұрышты, тавролық және екі тавролық қиысудың майысатын элементтері үшін қысылған бетон мен созылған арматураның қатыстық деформацияларын анықтауды темірбетон элементті бетонның қысылған белбеуі және арматураның созылған белбеуі түрінде қысылған және созылған белбеулердің биіктігі бойынша кернеулерді бірқалыпты бөлу арқылы жеңілдетілген схема бойынша жүргізуге жол беріледі.

8.2.1.9 Сызаты жоқ темірбетон элементтердің телімдері үшін элементтің шеткі деформациялары жалпы жағдайда,сызатсыз темірбетон элементінің деформациялық модельге сүйену арқылы анықталады. Осы жағдайда бетонның серпінсіз жұмысын ескеретін қосымша коэффициенттерді енгізе отырып,тұтас серпінді дене ретінде темірбетон элементтердің есебін жасауға жол беріледі.

8.2.1.10 [7.4.3(3)] Есептеудің жеңілдетілген әдістерін пайдалану кезіндесызаттармен жұмыс істейтін темірбетон майыстыру элементтерінің деформацияларын анықтау үшін тексерілетін параметрдің соңғы мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\alpha = \xi \cdot \alpha_{II} + (1 - \xi) \cdot \alpha_I, \quad (8.35)$$

мұнда

α – талдау параметрі, ол қиғаштығы, бұрылыс бұрышы немесе бүгілген жері ретінде қаралуы мүмкін;

α_I, α_{II} – сызатсыз және сызаты бар қиысу үшін анықталған параметрдің тиісті мәндері;

ξ —(8.57) формуласы бойынша анықталатын коэффициент.

8.2.2 Темірбетон элементтерді майыстыру бойынша есептеу

8.2.2.1Темірбетон элементтер майыстыру бойынша есептеу төмендегі шарт бойынша жүргізіледі:

$$a_k \leq a_{lim}, \quad (8.36)$$

мұнда:

a_k — темірбетон конструкцияның сыртқы жүктемеге сәйкес үйлесу әрекетінен есептік бүгілуі (орын ауыстыруы), мм;

a_{lim} — нормативтік құжаттармен бекітілген шекті рұқсатты майысу (орын ауыстыру).

Темірбетон конструкциялардың бүгілуін құрылыс механиканың жалпы ережелері бойынша темірбетон элементтердің майыстыру, жылжыту және осьтік деформациялық (қисықтықтығы, жылжыту бұрыштары, салыстырмалықбойлық деформациялар) сипаттарына байланысты оның ұзындығы бойынша қиысуда анықтайды.

Темірбетон элементтердің бүгілуі негізінен иілу деформациясына байланысты болған жағдайларда майыстыру мәнін 8.2.2.2 және 8.2.2.3 тармақшаларға сәйкес элементтің қисықтығы бойынша анықтайды.

8.2.2.2 Жалпы жағдайда темірбетон конструкциялардың бүгілуін келесі формула бойынша анықтау керек:

$$a_k = a_{k,m} + a_{k,v} \quad (8.37)$$

мұнда:

$a_{k,m}$ – майысу, майыстыру деформациясымен негізделген бүгілу;

$a_{k,v}$ – жылжыту деформациясымен негізделген бүгілу.

$a_{k,m}$ мәні мына формулалар бойынша анықталынады:

$$a_{k,m} = \int_0^l \overline{M}(x) \frac{1}{r(x)} dx \quad (8.38)$$

$$a_{k,m} = \int_0^l \overline{M}(x) \frac{M_{Ed}(x)}{B_m(x)} dx \quad (8.39)$$

мұнда:

$\overline{M}(x)$ – өту орындары үшін бүгілуді анықтайтын оның ұзындығы бойынша x қиысудағы элементтің ізделетін ауысуының бағыты бойынша салынған бірлік күш әрекетінен x қиысудағы майыстыру сәті;

$\frac{1}{r(x)}$ – сыртқы жүктеме кезінде бүгілу анықталатын есептік үйлесуінен x қиысудағы элементтің қисықтығы;

$M_{Ed}(x)$ – сыртқы жүктеме кезінде майысу анықталатын есептік үйлесуінен x қиысудағы майыстыру сәті;

$B_m(x)$ – x қиысуда темірбетон элементтің майыстыру қаттылығы.

$a_{k,v}$ мәні мына формулалар бойынша анықталынады:

$$a_{k,v} = \int_0^l \overline{V}(x) \cdot \gamma(x) dx \quad (8.40)$$

$$a_{k,v} = \int_0^l \overline{V}(x) \frac{V_{Ed}(x)}{B_v(x)} dx \quad (8.41)$$

мұнда:

$\overline{V}(x)$ – аралықтар үшін бүгілуді анықтайтын оның ұзындығы бойынша x қиысудағы элементтің ізделетін ауысуының бағыты бойынша салынған бірлік күш әрекетінен анықталатын x қиысудағы көлденең күші;

$\gamma(x)$ – бүгілуі анықталатын жүктемеден x қиысудағы жылжыту деформациясы;

$V_{Ed}(x)$ – бүгілуі анықталатын жүктемеден x қиысудағы көлденең күші;

$B_v(x)$ – x қиысудағы темірбетон элементінің жылжу қаттылығы.

8.2.2.3 Жоғарғы және төменгі қырында жинақталған арматурасы бар және қиысу симметриясы жазықтығында әрекет ететін күші бар тікбұрышты, тавролық және екі тавролық кесінділердің темірбетон элементтері үшін $a_{(\infty, t_0)}$ қысқартылған формула бойынша анықталады:

$$a_{(\infty, t_0)} = \alpha_k \cdot \frac{M_{Ed} \cdot l_{eff}^2}{B_{(\infty, t_0)}} \quad (8.42)$$

мұнда:

α_k – жүктеме салу әдісіне және элементтің сүйену сызбасына байланысты коэффициент;

M_{Ed} – екінші топтың шекті жағдайы бойынша есептік сәттің максималдық мәні;

$B_{(\infty, t_0)}$ – (8.66) формула бойынша жүктеменің квазитұрақты үйлесуі кезінде анықталатын элементтің майыстыру қаттылығы.

Темірбетон элементтерінің тиісті есептік сызбасы және жобалау тәжірибесінде қолданылатын жүктеме жасау әдістері үшін максималдық бүгілу келесі формула бойынша анықталуы мүмкін:

$$a_{max} = \alpha_k \frac{M_{Ed} \cdot l_{eff}^2}{B} \quad (8.42a)$$

немесе

$$a_{max} = \alpha_k \cdot \left(\frac{l}{r}\right) \cdot l_{eff}^2 = \alpha_k \cdot \varphi \cdot l_{eff}^2 \quad (8.42б)$$

мұнда:

$B-M_{Ed}$ майыстыру сәтінесәйкес келетін темірбетон элементінің майыстыру қаттылығы;

l_{eff} — элементтің тиімді (есептік) аралығы;

$\varphi = \left(\frac{l}{r}\right)$ — элементтің қисықтығы.

(8.42) формуласындағы α_k коэффициенті тұрақты интегралдауды білдіреді, ол бекіту шарттары мен элементті жүктеу сызбасына байланысты болады. Ең көп тараған жобалық жағдайлар үшін бұл коэффициенттің мәні 8.7-кестеде келтірілген.

Сызатсыз жұмыс істейтін темірбетон элементтің қаттылығы жүктеме әрекетінің ұзақтығына және кернелген-деформацияланған жағдай сатысындағы қиысудың инерция сәтіне байланысты өрнектеледі:

- жүктеменің квазитұрақты қиыстыруы кезінде:

$$B_{\infty} = E_{c,eff} \cdot J_I \quad (8.43)$$

- жүктеменің жиі қиыстыруы кезінде:

$$B_0 = E_{cm} \cdot J_I \quad (8.44)$$

мұнда:

$E_{c,eff}$ —мына формула бойынша бетонның жылжығыштығы ескеріліп, анықталатын серпінділіктің тиімді модулі:

$$E_{c,eff} = \frac{E_{cm}}{1 + \varphi(t, t_0)} \quad (8.45)$$

E_{cm} — 6.2 кестесі бойынша қабылданатын бетон серпінділігінің модулі;

$\varphi(t, t_0)$ — уақыт сәтіне бетонның жылжығыштық коэффициенті.

Жүктеменің квазитұрақты үйлесуінен бүгілуді есептеу кезінде (8.45) формулада бетонның серпінділігінің тиімді модулін есептеуде б-тарауда көрсетілген әдіспен анықталатын $\varphi(t, t_0)$ жылжығыштық коэффициентінің шекті мәнін қабылдауға жол беріледі.

Құралдың талаптарына сәйкес бүгілуді есептеу кезінде, бетонның отырмалық салыстырмалық деформациясының темірбетон элементінің қисықтық шамасына әсерін ескеру керек. Мұнда, қосымша қисықтық элементтің ұзын арматурасының отырмалық салыстырмалық деформациясының шектелуіне байланысты. Сызатсыз жұмыс істейтін темірбетон элементінің қисықтығы отырмалық салыстырмалық деформациясы ескеріліп, келесі формула бойынша анықтайды:

$$\varphi_{cs} = \left(\frac{1}{r}\right)_{cs} = \frac{M_{Ed} - \varepsilon_{cs}(t, t_0) E_s \cdot S_{Is}}{E_{c,eff} \cdot J_I} \quad (8.46)$$

мұнда:

$\varepsilon_{cs}(t, t_0)$ — t уақыт сәтіне еркін отырмылықтың салыстырмалық деформациясы; отырмалық деформациясының $\varepsilon_{cs}(\infty, t_0)$ шекті мәнін қабылдауға жол беріледі;










S_{Is} — мына формуламен анықталатын қиысудағы о.н. қатысты бойлық арматураның статикалық сәті:

$$S_{Is} = A_{s1} \cdot z_1 + A_{s2} \cdot z_2 \quad (8.47)$$

мұнда

z_1 және z_2 — A_{s1} және A_{s2} арматура аудандарының ауырлық күші ортасынан есептелетін элемент кесіндісінің ауырлық күші ортасына дейінгі қашықтық.

8.7-кесте – Майысатын элементтердің иілуін анықтауға арналған α_k коэффициентінің шамасы

№	Жүктеу схемасы	α_k коэффициенті
1		$5/48$
2		0,102
3		$\lambda = 0,5 \ a_k = 1/12$ кезінде $\frac{3 - 4\lambda^2}{48(1 - \lambda)}$
4		$\frac{1}{8} - \frac{\lambda^2}{6}$
5		0,0625
6		$1/8$
7		$\lambda = 1 \ a_k = 1/4$ кезінде $\frac{\lambda(3 - \lambda)}{12}$
8		$\lambda = 1 \ a_k = 1/3$ кезінде $\frac{\lambda(3 - \lambda)}{6}$
9		$\frac{5}{48} \left(1 - \frac{M_A + M_B}{10M_m} \right)$

8.2.3 Темірбетон элементтердің қисықтығын анықтау

8.2.3.1 Жалпы ережелер

8.2.3.1.1 Темірбетон элементтерінің қисықтығын олардың бүгілуін есептеу үшін анықтайды:

а) элементтер немесе элементтер телімі үшін, мұнда созылған аймақта 8.2.3.2.1-тармақшасына сәйкес бойлық оське қалыпты сызаттар қалыптаспайды;

б) элементтер немесе элементтер телімі үшін, мұнда созылған аймақта 8.2.3.3.1-тармақшасына сәйкес сызаттар бар.

Элементтер немесе элементтер телімі сызатсыз, егер сызаттар қалыптаспаса (яғни, барлық жүктемелердің әрекеті кезінде 8.4 шарты орындалады) $\gamma_f = 1$. жүктемесі бойынша сенімдік коэффициентімен қарастырылады.

8.2.3.2 Созылған аймақтағы сызаттары жоқ телімде темірбетон элементтің қисықтығы

8.2.3.2.1 Сызатсыз жұмыс істейтін элементтердің (немесе элементтер телімдерінің) қисықтығын келесі формула бойынша анықтау керек:

$$\left(\frac{1}{r}\right) = \frac{\varepsilon_{c1} + \varepsilon_{c2}}{h} \quad (8.48)$$

мұнда:

ε_{c1} – бетонның шеткі сығылған талшықтарының салыстырмалық деформациясы;

ε_{c1} – бетонның шеткі созылған (аз сығылған) талшықтарының салыстырмалық деформациясы;

h – қиысуда бетонның шеткі талшықтары арасындағы қашықтық.

ε_{c1} және ε_{c2} қиысудың шеткі талшықтарының салыстырмалық деформациясын жалпы жағдайда сызатсыз жұмыс істейтін темірбетон элементінің деформациялану моделі бойынша есептен анықтау керек.

$B_{(\infty, t_0)}$ сызатсыз темірбетон элементінің майыстыру қаттылығын $I_{II} = I_I$ қолдана отырып, (8.66) формуласы бойынша, $E_{c, eff}$ бетон серпінділігінің тиімді модулінің мәнін – (8.67) немесе (8.68) формуласы бойынша, ал $\left(\frac{1}{r}\right)$ қисығын мына формула бойынша анықтау керек:

$$\left(\frac{1}{r}\right) = \frac{M_{Ed}}{B_{m(\infty, t_0)}} \quad (8.49)$$

8.2.3.3 Созылған аймақтағы сызаттары бар телімде темірбетон элементтің қисықтығы

8.2.3.3.1 $\left(\frac{1}{r}\right)_{cr}$ сызаты бар бойлық оське қалыпты темірбетон элементтерінің қисықтығын келесі формуламен анықтау керек:

$$\left(\frac{1}{r}\right)_{cr} = \frac{\varepsilon_{cm} + \varepsilon_{sm}}{d} \quad (8.50)$$

мұнда:

ε_{cm} – сызаттар арасындағы телімде бетонның шеткі сығылған талшықтарының орташа салыстырмалық деформациясы;

ε_{sm} – сызаттар арасындағы телімде ұзартылған арматураның созылған сырықтың орташа салыстырмалық деформациясы;

d – бетонның шеткі сығылған талшықтары мен бойлық арматураның шеткі тартылған сырық арасындағы қашықтық.

ε_{cm} мәні келесі формуламен анықталады:

$$\varepsilon_{cm} = \psi_c \cdot \varepsilon_{cc} \quad (8.51)$$

мұнда:

ε_{cc} – сызаты бар қиысуда бетонның шеткі сығылған талшықтарының салыстырмалық деформациясы;

ψ_c – сызаттар арасындағы сығылған бетонның салыстырмалық деформациясының біркелкі емес таралуын ескеретін коэффициент. Коэффициент мәнін 0,9 тең етіп қабылдауға жол беріледі.

Сызаты бар қиысудағы бетонның шеткі сығылған талшықтарының ε_{cc} және бойлық арматураның шеткі созылған сырықтың ε_s салыстырмалық деформациялары жалпы жағдайда пайдалану жарамдылығы бойынша шеткі жағдайы үшін есептік шарттармен шығарылған сәттің әрекетінен деформациялық модельді басқарудың есептік жүйесін шешуден анықтау керек.

ε_{cc} және ε_s мәндерін келесі формулалар бойынша анықтауға жол беріледі:

$$\varepsilon_{cc} = \frac{\sigma_{cc}}{E_{cm,red}} \quad (8.52)$$

$$\varepsilon_s = \frac{\sigma_s}{E_s} \quad (8.53)$$

мұнда:

σ_{cc} – сызаты бар қиысудағы шеткі сығылған талшығындағы кернеу;

σ_s – сызаты бар қиысудағы бойлық арматураның шеткі созылған сырықтағы кернеу.

σ_{cc} және σ_s мәнін сызаты бар қиысудың шарттық серпінділігі есебінен $E_{cm,red}$ серпінділік модуліне келтірілген бетонның сығылған аймағы E_s серпінділік модулі бар сығылған және созылған арматура кіретін бойлық оське қалыпты болуынан анықтауға жол беріледі.

Арматурасы, қиысудың созылған және сығылған шектерінде жинақталған және қиысу симметриясының жазықтығында әрекет ететін күші бар тікбұрышты, тавролық және екі тавролық қиысудың майыстыру элементтері үшін σ_{cc} және σ_s мәндерін келесі формулалар бойынша анықтауға жол беріледі:

$$\sigma_{cc} = \frac{M_{Ed}}{A_{cc} \cdot z} \quad (8.54)$$

$$\sigma_s = \frac{M_{Ed}}{A_s \cdot z} \quad (8.55)$$

мұнда:

A_{cc} – сызаты бар қиысудағы сығылған бетон ауданы;

A_s – сызаты бар қиысудағы созылған арматура ауданы;

z – қысылған бетон мен созылған арматура аудандарының ауырлық күші арасындағы қашықтық.

A_{cc} және z мәндері қиысудағы шеткі шарттар бойынша иілетін элементтердің ұзақ оське қалыпты есебінен анықтауға жол беріледі.

$\left(\frac{1}{r}\right)_{cr}$ темірбетон элементінің қисықтығы бұл жағдайда (8.50) формуласымен $d=z$ мәнін қабылдай отырып анықтау керек.

Созылған арматурадағы және сығылған бетондағы орташа салыстырмалық деформацияны «созу кезінде қатандандыру тиімділігі» (tension stiffening effect) есебімен анықтайды. Бұрын көрсетілгендей (8.35) формуласын қар.) созылған арматураның салыстырмалық деформациясы төмендегіге тең:

$$\varepsilon_{sm} = \xi \cdot \varepsilon_s^{II} + (1 - \xi) \varepsilon_s^I \quad (8.56)$$

мұнда:

ε_s^I және ε_s^{II} – сәйкесінше кернелген-деформацияланған жағдайдың Ісатыдағы және ІІсатыдағы созылған арматураның салыстырмалық деформациясы;

ξ – «созу кезінде қатандандыру тиімділігін» ескеретін коэффициент, ол келесі формуламен анықталады:

$$\xi = 1 - \beta \cdot \left(\frac{\sigma_{sr}}{\sigma_s} \right)^2 \quad (8.57)$$

мұнда:

$\xi = 0$ сызаты жоқ қиысу үшін;

β – жүктеу ұзақтығы әсерін немесе орташа деформацияға жүктеме жазықтығын ескеретін коэффициент;

$\beta = 1,0$ бір реттік ауыспалы жүктеме үшін;

$\beta = 0$ тұрақты немесе көп реттік қайталанатын жүктеме үшін;

σ_s – тең сызаты бар қиысу үшін есептеп шығарылған созылған арматурадағы кернеу;

σ_{sr} – жүктеме әсерінен сызатпайда болған жүктеме сызаты бар кесінді үшін есептеліп шығарылған созылған арматурадағы кернеу.

ЕСКЕРТПЕ Ілетін немесе $\frac{N_{cr}}{N_{Ed}}$ орталық созылған элементтер үшін $\frac{\sigma_{sr}}{\sigma_s}$ қатынасы $\frac{M_{cr}}{M_{Ed}}$ қатынасына ауыстырылуы мүмкін, мұнда M_{cr} және N_{cr} сәйкесінше сызат пайда болу және сызат пайда болуын тудыратын күш сәті.

Ұқсас әдіспен бетонның одан ары сығылған талшықтарының орташа салыстырмалық деформациясын жазуға болады:

$$\varepsilon_{cm} = \xi \cdot \varepsilon_c^{II} + (1 - \xi) \varepsilon_c^I \quad (8.58)$$

мұнда:

ε_s^I және ε_s^{II} – сәйкесінше кернеуді деформацияланған жағдайдың І және ІІсатыдағы одан ары созылған арматураның салыстырмалық деформациясы.

Созылған арматура мен сығылған бетондағы орташа салыстырмалық деформациясы шамасынбіле отырып, кернелген-деформацияланған жағдайдың Ісатыдағы элементтің орташа қисықтығын (сызаттар арасындағы телімдерінде бетон жұмысын ескере отырып) келесі формула бойынша анықтайды:

$$\varphi_m = \left(\frac{l}{r} \right)_m = \frac{\varepsilon_{sm} + \varepsilon_{cm}}{d} = \frac{\xi \cdot \varepsilon_s^{II} + (1 - \xi) \varepsilon_s^I + \xi \cdot \varepsilon_c^{II} + (1 - \xi) \varepsilon_c^I}{d} = \xi \cdot \varphi_{II} + (1 - \xi) \varphi_I \quad (8.59)$$

мұнда:

$\varphi_I = \left(\frac{l}{r} \right)_I$ – келесі формула бойынша анықталатын, кернелген-деформацияланған жағдайдың Ісатыдағы сызатсыз жұмыс істейтін элемент қисықтығы:

$$\varphi_I = \frac{\varepsilon_s^I + \varepsilon_c^I}{d} \quad (8.60)$$

$\varphi_{II} = \left(\frac{l}{r} \right)_{II}$ – кернелген-деформацияланған жағдайдың ІІсатыдағы (сызаттар арасындағы телімінде бетон жұмысын ескерусіз) сызаттармен жұмыс істейтін элемент қисықтығы, төмендегідей анықталады:

$$\varphi_{II} = \frac{\varepsilon_s^{II} + \varepsilon_c^{II}}{d} \quad (8.61)$$

8.2.3.4 Темірбетон элементтің иілмелі қаттылығын анықтау

8.2.3.4.1 Жүктеменің ұзақ әсері кезінде (жүктеменің квазитұрақтықиыстыруы) бетон серпінділігінің (8.45) формуласымен анықталатын $E_{c,eff}$ тиімді модулін енгізу жолымен бетонның жылжығыштығын дамытуға байланысты әсерлер ескеріледі.

Кернелген-деформацияланған жағдайдың сатысына байланысты қиысудың инерция сәті өзгереді.

Кернелген-деформацияланған жағдайдың I сатысы үшін элементте сызаттар болмаған жағдайда:

$$B_I = E_{c,eff} \cdot I_I \quad (8.62)$$

Өз кезегінде сызаттың болуы кезінде элементтің сәйкес жұмысында II саты үшін:

$$B_{II} = E_{c,eff} \cdot I_{II} \quad (8.63)$$

(8.62) және (8.63) формулаларында:

I_I және I_{II} – сызаттың болуы және болмауы кезіндегі қиысудың инерцияның сәттері.

Онда орташа қисықтық (8.59) формуласы бойынша төмендегіге тең:

$$\varphi_m = \left(\frac{l}{r}\right)_m = \xi \frac{M_{Ed}}{E_{c,eff} \cdot I_{II}} + (1 - \xi) \frac{M_{Ed}}{E_{c,eff} \cdot I_I} \quad (8.64)$$

немесе

$$\varphi_m = \left(\frac{l}{r}\right)_m = \frac{M_{Ed}}{E_{c,eff} \cdot I_{II}} \left[1 - \beta \cdot \left(\frac{\sigma_{sr}}{\sigma_s}\right)^2 \left(1 - \frac{I_{II}}{I_I}\right) \right] \quad (8.65)$$

Онда квазитұрақты қиыстыруды ескерген кезінде сызаттары бар темірбетон элементінің $B_{(\infty, t_0)}$ қаттылығын төмендегідей жазуға болады:

$$B_{(\infty, t_0)} = \frac{E_{c,eff} \cdot I_{II}}{1 - \beta \cdot \left(\frac{\sigma_{sr}}{\sigma_s}\right)^2 \left(1 - \frac{I_{II}}{I_I}\right)} \quad (8.66)$$

мұнда:

$E_{c,eff}$ – бетон серпінділігінің тиімді модулі;

I_{II} , I_I – сәйкесінше $\alpha_e = \frac{E_s}{E_{c,eff}}$ қатынасының есебімен анықталатын сызаты бар және сызатсыз қиысу инерцияның сәті.

$E_{c,eff}$ бетон серпінділігінің тиімді модулінің мәні төмендегідей анықталады:

– жүктеменің жиі қиыстыруының әсер етуі кезінде:

$$E_{c,eff} = E_{cm} \quad (8.67)$$

– әсер етудің квазитұрақты қиыстыруының әсер етуі кезінде:

$$E_{c,eff} = \frac{E_{cm}}{1 + \varphi_{(\infty, t_0)}} \quad (8.68)$$

мұнда:

$\varphi_{(\infty, t_0)}$ – 6-бөлімдегі нұсқауларға сәйкес анықталатын бетонға арналған жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні. Бұрын (8.66) формуласында көрсетілгендей σ_{sr}/σ_s қатынасының M_{cr}/M_{Ed} қатынасымен ауыстырылуы мүмкін. Бұл ретте M_{Ed} – әсер етудің квазитұрақты қиыстыруынан майыстырусәті.

Майыстырусәті мен бетонды сызат элементіне отырғызудың бірлескен әрекетінен қисықтық (8.46) формуласына ұқсас жазады:

$$\varphi_{II} = \left(\frac{l}{r}\right)_m = \frac{M_{Ed} - \varepsilon_{sc}(t, t_0) \cdot E_s S_{sII}}{E_{c,eff} J_{II}} \quad (8.69)$$

Сызатпен жұмыс істейтін бетонды темірбетон элементіне отырғызудан туған a_{sc} майыстырудың құрамдасын келесі формуламен анықтайды:

$$a_{cs, II} = -\frac{1}{8} \frac{\varepsilon_{cs} \cdot E_s \cdot S_{sII}}{B_{\infty}} l_{eff}^2 \quad (8.70)$$

мұнда:

ε_{cs} – бетонды отырғызудың салыстырмалық деформациясы (есептеулерде «минус» таңбасымен қолдану керек).

8.2.3.4.2 Жүктеме әрекеттерінің жүктемемен жиі үйлесу кезінде (8.59) формулада E_{cm} бетонның серпінді модулін ескеру және β коэффициентінің тиісті мәнін қолдану керек. Онда жүктеменің жиі үйлесу кезіндегі элементтің қаттылығы:

$$B_0 = \frac{E_{cm} \cdot I_{II}}{1 - \beta \left(\frac{M_{cr}}{M_{Ed}} \right)^2 \left(1 - \frac{I_{II}}{I_I} \right)} \quad (8.71)$$

мұнда:

M_{Ed} – жүктеменің қысқа мерзімді (жүктеменің жиі үйлесуі) әсерінен туындаған майыстыру сәті.

8.2.3.5 Майыстыруды тексерудің жеңілдетілген әдісі

8.2.3.5.1[7.4.2(2)] Құралға сәйкес майыстыруды тексерудің жеңілдетілген әдісі $\left(\frac{l_{eff}}{d} \right)$ қаттылық коэффициентін салыстыруға негізделген, ол 8.8-кестеде берілген $\left(\frac{l_{eff}}{d} \right)_{lim}$ рұқсатты мәнмен жүктеме әсерінен конструкцияның деформациясын жанама түрде сипаттайды,

мұнда:

$\left(\frac{l_{eff}}{d} \right)_{lim}$ – 8.8-кесте бойынша қабылданған l_{eff}/d қатынасының шекті рұқсат етілген мәні.

Майысуды тексеруді оған сай орындайтын шарттағы жалпы жағдайда, оның түрі төмендегідей болады:

$$\text{егер } \rho \leq \rho_0 \text{ болса, онда } \left(\frac{l_{eff}}{d} \right)_{lim} \geq K \left[11 + 1,5 \cdot \sqrt{f_{ck}} \cdot \frac{\rho_0}{\rho} + 3,2 \cdot \sqrt{f_{ck}} \cdot \left(\frac{\rho_0}{\rho} - 1 \right)^{\frac{3}{2}} \right] \quad (8.72)$$

$$\text{егер } \rho \geq \rho_0 \text{ болса, онда } \left(\frac{l_{eff}}{d} \right)_{lim} \geq K \left[11 + 1,5 \cdot \sqrt{f_{ck}} \cdot \frac{\rho_0}{\rho - \rho'} + \frac{1}{12} \cdot \sqrt{f_{ck}} \cdot \sqrt{\frac{\rho'}{\rho_0}} \right] \quad (8.72a)$$

мұнда:

$\frac{l_{eff}}{d}$ – «аралық / кесінді биіктігі» шекті қатынасы;

K – статикалық сызбаның ерекшелігін ескеретін коэффициент;

ρ_0 – арматуралаудың салыстырмалық коэффициенті: $\rho_0 = 10^{-3} \cdot \sqrt{f_{ck}}$;

ρ – есептік жүктемеден майыстыру сәтінің әсері кезінде аралық ортасы үшін созылған арматураның арматуралауға талап етілетін коэффициенті (консольді бекіткенде);

ρ' – есептік жүктемеден майыстыру сәтінің әсері кезінде аралық ортасы үшін сығылған арматураның арматуралауға талап етілетін коэффициенті (консольді бекіткенде);

f_{ck} – МПа берілмен.

Сөре енінің қабырға еніне қатынасы 3-тен артатын тавролық қиысулар үшін (8.72) алынған $\frac{l_{eff}}{d}$ мәнін 0,8 көбейту керек.

Шектен тыс бүгілуден бұзылу қаупі бар арқалық тақтайшалардан ерекшеленетін 7 м жоғары аралығы бар арқалықтар мен тақтайшалар үшін (8.72) алынған $\frac{l_{eff}}{d}$ мәнін $7 / l_{eff}$ (l_{eff} – метрмен) коэффициентіне көбейту керек.

Шектен тыс бүгілуден бұзылу қаупі бар арқалық тақтайшалардан ерекшеленетін 8,5 м жоғары аралықтары бар арқалықтар мен тақтайшалар үшін (8.72) алынған, $\frac{l_{eff}}{d}$ мәнін $\frac{8,5}{l_{eff}}$ (l_{eff} – метрмен) коэффициентіне көбейту керек.

Құралдың талаптарына сәйкес $\left(\frac{l_{eff}}{d} \right)_{lim}$ қаттылық коэффициентінің шекті мәнін 8.8-кесте бойынша элементтің тиімді (есептік) аралықтың есептелетін коэффициентінің түрі

мен статикалық сызбасына байланысты анықтайды. 8.8-кестеде берілген $(l_{eff}/d)_{lim}$ коэффициентінің мәні қиысудың сығылған аймақтағы бетонның қысым шамасына байланысты болады (шартты қабылданған: әлсіз сығылған бетон және қатты қысылған бетон).

Жобалаушы есептік жағдайды ρ қиысуды көлденең арматуралау коэффициентіне қарай анықтайды. Төмендегідей қабылданады:

– $\rho = (A_{st}/b \cdot d) \cdot 100\% \leq 0,5\%$ кезінде – әлсіз қысылған бетон;

– $\rho = (A_{st}/b \cdot d) \cdot 100\% \leq 1,5\%$ кезінде – қатты қысылған бетон.

ρ аралық мәндері жағдайында сызықтық интерполяцияны қолдануға жол беріледі.

8.8-кесте – Майысуды тексерудің жеңілдетілген әдісі кезінде темірбетон элементтерге арналған қатынастардың шекті-рұқсатты мәндері $(l_{eff}/d)_{lim}$

Статикалық схема	К	Қатты арматураланған бетон: $\rho = 1,5\%$.	Әлсіз арматураланған: $\rho = 0,5\%$.
Жай ғана тірелген арқалық, бір-екі аралық тақтайша	1,0	14	20
Арқалықтың немесе бір аралықты ойып кесілмейтін тақтайшаның немесе екі аралық ойып кесілмейтін шеткі аралығы	1,3	18	26
Арқалықтың немесе бір-екі аралық тақтайшалардың ішкі аралығы	1,5	20	30
Бағандарға арқалықсыз тірелген тақтайша	1,2	17	24
Консоль	0,4	6	8
<p>ЕСКЕРТПЕ 1 Берілген мәндер айтарлықтай консервативтік және арасында елеулі жіңішке элементтерге сәйкес келе алады.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ 2 2-аралықтық тақтайшалар үшін ең қысқа аралыққа арналған мәді таңдауға кепілдеме беріледі</p> <p>ЕСКЕРТПЕ 3 Кепілдемелер арқалыққа арналған аралықтың ортасындағы иілмеге (аралық/250) қарағанда шектеулі каталдықтың негізіндегі арақабырғалардың тақтайшалары үшін берілген</p>			

8.2.3.6 Бетонды отырғызғаннан болатын қисықтық

8.2.3.6.1 $\left(\frac{1}{r}\right)_{cs}$ бетонды тегіс емес отырғызудан болатын қосымша қисықтықты мына формула бойынша анықтау керек:

$$\left(\frac{1}{r}\right)_{cs} = \frac{\varepsilon_{cs,\infty} \cdot \alpha_e \cdot S}{I} \quad (8.73)$$

мұнда:

$\varepsilon_{cs,\infty}$ – 6.19-тармағымен анықталатын бетон отырмалығының шекті мәні;

S – қиысудың ауырлық орталығына қатысты арматураның статикалық сәті;

I – қиысудың инерция сәті;

$$\alpha_e = \frac{E_{cm}}{E_{c,eff}}, E_{c,eff} = \frac{E_{cm}}{1 + \varphi_{(\infty, t_0)}}$$

Бетон үшін $\varphi_{(\infty, t_0)}$ жылжығыштық коэффициентінің шекті мәнін 6.16 талаптарына сәйкес анықтау керек.

Сызаттары бар элементтер үшін отырмалықтың қисықтығын есептеген кезде, сызатсыз және сызатпен қиысу үшін S және I мәндерін екі рет анықтайды. Бұл жағдайда $\left(\frac{1}{r}\right)_{cs}$ қисықтығының соңғы мәні (8.35) формуласымен анықталады.

8.2.3.7 Жылжу және жылжу қаттылығының деформацияларын анықтау

8.2.3.7.1 Жылжу қаттылығын келесі формуламен анықтауға жол беріледі:

$$B_v(x) = \frac{2}{3} \varphi_{cr}(x) \cdot G_c \cdot b \cdot h \quad (8.74)$$

мұнда:

G_c – $0,4E_{cm}$ тең етіп алынатын бетонның жылжу модулі;

$\varphi_{cr}(x)$ – сызаттың жылжу деформациясына әсерін ескеретін коэффициент.

8.2.3.7.2 Жылжу деформациясын мына формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$\gamma_v(x) = \frac{V_{Ed}(x)}{B_v}, \quad (8.75)$$

мұнда:

$V_{Ed}(x)$ – қиысудағы есептік көлденең күші;

$B_v(x)$ – x қиысудағы жылжу қаттылығы.

9 КОНСТРУКЦИЯЛАУ БОЙЫНША ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Алдын-аласығылған конструкциялардың бетон, темірбетон жобалау кезінде бетон мен арматураның бірлескен жұмысымен, әзірлеу кезіндегі талап етілетін сапа көрсеткіштерімен, ұзақ уақыт пайдаланылуымен қамтамасыз ету үшін осы тарауда көрсетілген конструктивтік талаптарды орындау керек.

9.1 Бетон конструкциялар

9.1.1 Бетон конструкциядағы арматура мүлдем болмауы немесе отырмалықтан, температураның өзгеруінен және 9.1.2 бойынша конструктивтік талаптардан шығатын басқа мәжбүрлі деформациядан ішкі күштерін қабылдау үшін орнатылуы мүмкін.

9.1.2 Бетон конструкцияларда:

- элементтер қиысуөлшеміннің тез өзгеру орындарында;
- қабырға биіктігінің өзгеру орындарында (1м кем ұзақтықтағы телімде);
- әр қабаттың аралықтың асты мен үстіндегі бетон қабырғаларда;
- динамикалық жүктеменің әсер етуіне ұшырайтын конструкцияларда;
- әлсіз кернеулі шек бойында орталықтан тыс сығылған элементтер

үшін конструкциялық арматуралауды қарастыру керек, егер кернеу серпінді дене үшін анықталған болса, онда $0,8 f_{cd}$ құрайды және жоғары, ең төмен – 1 Н/мм^2 және төмен; бұл ретте арматуралау коэффициенті ρ_l 0,025% аз болмауы керек.

9.1.3 Қиысуда арматураны орнатуды мүмкіндігінше, 9.2.2 тармақшада және 9.1-кестеде берілген шамадан төмен емес бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығымен біртекті етіп орналастыру керек.

9.1.4 Бетон элементтерінің көлденең қиысудың минималдық өлшемін:

- көршілес элементтердің тіреу және жанасу жағдайынан;
- бетон қоспасының сапалы тығыздығы жағдайынан (ірі толтырушының дәні мөлшерінен, терең дірілдеткіштің жұмыс бөлігінен ж.т.б.);
- $l_0/i < 90$ шекті рұқсат етілген серпінділік жағдайынан анықтау керек.

9.2 Темірбетон конструкциялар

9.2.1 Қысуға беріктілігі бойынша оның класы мен бетон класына қарамастан, қиысуда арматураның ең көп болуы бағандарда – 3%, ал темірбетон конструкцияларының басқа түрлерінде – 2% артық болмауы керек.

Арматура ретінде St240, St400 және St500 класындағы арматураны пайдалану керек.

9.2.2 Темірбетон элементтерінде көлденең арматураның қиысу ауданы 9.1-кестеде көрсетілгеннен кем емес қолданылуы керек.

9.1-кесте – Темірбетон элементтердегі бойлық арматураның қиысуының минималдық ауданы, % бетонның қиысу ауданынан

Арматураның жұмыс шарттары	$\rho_{min}, \%$
1 Майыстыру элементтеріндегі S_1 арматурасы	0,15
2 Орталықтан тыс сығылған элементтерінде және қабырғалық элементтеріндегі S_1 және S_2 арматуралары кезінде: $l_0/i \leq 17$ $17 \geq l_0/i \leq 50$ $l_0/i \geq 50$	0,15 0,20 0,25
ЕСКЕРТПЕ 1 Осы кестеде берілген арматураның қиысуының минималдық ауданы d қиысудың жұмыс биіктігіне S_1 арматура ауыртпалық орталығының деңгейінде элементтің қиысуының b енінің орындалуына тең бетон қиысуының ауданына жатады. ЕСКЕРТПЕ 2 Арматураның қиысу контуры бойынша бірқалыпты орналасқан кезінде $d = h$ қабылданады. ЕСКЕРТПЕ 3 Орталық қысылған элементтерде барлық бойлық арматураның минималдық ауданын кестеде көрсетілгеннен екі есе үлкен етіп қабылдап, бетон қиысуының толық ауданына жатқызу керек	

9.2.3 9.2.2 берілген талаптар орындалмаған жағдайда, элементті бетонға жатқызып, 9.1 қағидаларына сай конструкциялау керек.

9.2.1 Сырықтар арасындағы қашықтық

9.2.1.1 Сырықтар арасындағы қашықтық бетон қанағаттанарлықтай орналастырылуы мүмкін болатындай және жеткілікті байлануымен қамтамасыз ету үшін тығыздалуы керек.

9.2.1.2 Параллель жеке сырықтар немесе параллель сырықтардың горизонталь қабаттары арасындағы (горизонталь және вертикаль) жарыққа қашықтық 40 мм аз болмауы керек.

9.2.1.3 Сырықтар жеке горизонталь қабаттармен орналастырылған жағдайда әр жеке қабаттың сырығы бірінің үстінде бірі вертикаль бойынша орналасуы керек.

9.2.1.4 Соққылай қосылатын сырықтар бір-бірімен соққылау ұзындығы шегінде

жанасуы мүмкін. Толығырақ 9.7-тармағын қар.

9.2.1.5 Арматурамен күшейтілген бетон қиысудың тиімді жұмысымен анықталатын көлденең арматураның сырықтар осьтері арасындағы ең үлкен қашықтық төмендегідей болуы керек:

- майыстыру элементтерінде – 400мм артық емес, бұл ретте конструктивтік орнатылған арматураның қиысу ауданы $b \cdot h$ бетон ауданының 0,15% аз болмауы керек (мұнда h – сырықтар арасындағы қашықтық, b –элемент қабырғасы енінің жартысы, бірақ 200 мм артық емес);

- сызықтық орталықтан тыссығылған элементтерде – майыстыру жазықтығында 500мм артық емес және майыстыру жазықтығына перпендикуляр жазықтықта 400мм артық емес;

- темірбетон қабырғаларда тік арматураның сырықтары арасындағы қашықтықты қабырғаның екі қалыңдығынан артық және 400 мм артық емес, ал көлденең арматураның сырықтары арасында – 400 мм артық емес қабылдау керек.

9.3 Майысатын сырықтарға арналған жақтаудың рұқсатты диаметрлері





9.3.1 Айналасында сырық майысатын минималдық диаметр сырықтамайыстырудансызатпайда болуын және сырықмайысудың аймағының ішінде бетонның бұзылуын болдырмайтындай болуы керек.

9.3.2 Арматураның бұзылуын болдырмау үшін айналасында сырықтың майыстыру диаметрі (түзету диаметрі) $\phi_{m,min}$ төмен болмауы керек. Кепілдемелік $\phi_{m,min}$ мәндер 9.2-кестеде берілген.

9.2-кесте – Көрсетілгендер үшін арматураның бұзылуын болдырмау мақсатында түзетудің минималдық диаметрі а) сырықтар мен сымдар үшін

Сырықтың диаметрі	Ілгіштерге, бұрыштық ілгіштерге, ілмектерге арналған түзетудің минималдық диаметрі (5.1 суретті қар.)
$\phi \leq 20$ мм	5 ϕ

б) дәнекерленгеннен кейін майысатын дәнекерлік майысатын арматура мен торлар үшін

Түзетудің минималдық диаметрі	
 немесе 	 немесе 
5 ϕ	$d \geq 3\phi$: 5 ϕ : $d < 3\phi$ немесе иілу аймағының шегіндегі дәнекерлеу: 20 ϕ
ЕСКЕРТПЕ Майысу аймағының шегінде дәнекерлеу үшін, егер дәнекерлеу EN ISO 17660B қосымшасына сай орындалса, онда түзету өлшемі 5 ϕ дейін кішірейтілуі мүмкін	

9.3.3 Түзету диаметрі бетонның бұзылуын болдырмау үшін, егер келесі шарттар орындалса, тексеруді керек етпейді:

- майыстыруды аяқтағаннан кейін сырықты анкерлеу 5 ϕ артық емес ұзындықты керек етпейді;
- сырық шетінде орналаспаған (майыстыру жазықтығы бетон жазықтығына

- жақын) және диаметрі Φ аз емес майыстыру ішінде орналасқан көлденең сырығы бар;
- 9.2-кестеде берілген кепілдемелік мәннен кем емес түзету диаметрі.
- Басқа жағдайда түзету диаметрі $\Phi_{m,min}$ (9.1) өрнегіне сәйкес артуы керек:

$$\Phi_{m,min} \geq \frac{F_{bt} \left(\frac{1}{a_b} + \frac{1}{2\Phi} \right)}{f_{cd}} \quad (9.1)$$

мұнда:

F_{bt} – майыстыру басындағы сырықта немесе сырықтар тобында көтеру қабілеті бойынша шекті жағдайда созылған күші;

a_b – белгілі бір сырықтар (сырықтар тобы) үшін сырықтардың (сырықтар тобы) ауырлық орталығы арасындағы қашықтықтың жартысы майысу жазықтығына перпендикуляр. a_b элементі үстіне жақын сырық немесе сырық тобы үшін бетонның плюс $\Phi/2$ қорғаныс қабатына тең етіп қабылдау керек.

f_{cd} мәні бетонның есептік кедергі мәнінен үлкен етіп қабылданбайды.

9.4 Бойлық арматураны анкерлеу

9.4.1 Жалпы ережелер

9.4.1.1 Арматура сырықтары, арматура болатынан жасалған сымдар немесе дәнекерленген торлардың іліну күштері бетонға қауіпсіз, бойлықсыз аттар қалыптасуын және жарылуын болдырмай берілетіндей үлгіде анкерлеу керек. Қажет болған жағдайда, көлденең арматураны қарастыру керек.

9.4.1.2 Анкерлеу әдістері 9.1-суретте көрсетілген (сондай-ақ 5.8.3 қар.).

9.4.1.3 Майысулар мен ілмектер сығу кезінде анкерлеу ұзындығына әсер етпейді.

9.4.1.4 Майысу шегінде бетонның бұзылуы 9.3.3 талаптарын сақтау арқылы іске аспауы керек.

9.4.1.5 Анкерлеудің механикалық жабдықтарын пайдалану кезінде сынақтарға қойылған талаптар осы жабдықтарға берілетін стандарттарға сәйкес келуі керек.

9.4.2 Бекітудің шекті кернеулері

9.4.2.1 Бекітудің шекті кернеуі бекітуді жоғалтудан бұзылуды болдырмау үшін жеткілікті болуы керек.

9.4.2.2 Бекітудің шекті кернеудің f_{bd} есептік мәні мерзімді бейін сырықтары үшін келесі үлгіде есептелуі мүмкін:

$$f_{bd} = \eta_1 \cdot \eta_2 \cdot \eta_3 \cdot f_{ctd} \quad (9.2)$$

мұнда:

f_{ctd} – бетонның созылуға есептік кедергісі;

η_1 – бетондау кезінде сырықтар және бекіту жағдайының әсерін ескеретін коэффициент; 9.1-суретте көрсетілген жағдайдан басқа уақытта $\eta_1 = 0,7$;


η_2 – сырық диаметрінің әсерін ескеретін коэффициент:

$\Phi \leq 16$ мм кезінде $\eta_2 = 1,0$;


η_3 – арматуралық сырықтардың бейінін ескеретін коэффициент, ол:

тегіс сырықтар үшін – 1,50;


мерзімді бейіндер үшін – 2,25 тең.




а) Орташа сызықтың бойымен өлшенген кез-келген сызуға арналған $l_{b,rqd}$ созу кезінде анкерлеудің талап етілетін базалық ұзындығы




б) Стандарттық майысуға арналған анкерлеудің эквиваленттік ұзындығы



с) Стандарттық ілмекке арналған анкерлеудің эквиваленттік ұзындығы



д) Стандарттық ілгекке арналған анкерлеудің эквиваленттік ұзындығы



е) Дәнекерленген көлденең сырыққа арналған анкерлеудің эквиваленттік ұзындығы

9.1-сурет – Тік сырықты анкерлеуден ерекшеленетін анкерлеудің әдістері

9.4.3 Анкерлеудің базалық ұзындығы

9.4.3.1 Анкерлеудің қажетті ұзындығын есептеу арматура болатының түрін және сырық үшін бекіту қасиеттерінің ескеруі керек.


9.4.3.2 Анкерлеуге талап етілетін базалық ұзындығы $l_{b,rqd}$ анкерлеу күші $A_s \cdot \sigma_{sd}$ үшін түзу сырығында, бекітудің тұрақты кернеуге жол беру кезінде f_{bd} келесі формуламен анықталады:

$$l_{b,rqd} = \frac{\sigma}{4} \cdot \frac{\sigma_{sd}}{f_{bd}}, \quad (9.3)$$


мұнда:

σ_{sd} – анкерлеуге өлшенетін орындағы сырықтардың есептік кернеуі.


f_{bd} – арналған мәндер 9.4.2.2 берілген.



а) $45^\circ \leq \alpha \leq 90^\circ$



с) $h > 250$ мм



а) және б) барлық сырықтар үшін бекітудің қолайлы жағдайлары с) және д) штрихтелмеген аймақ – бекітудің қолайлы жағдайлары, штрихтелген аймақ – бекітудің орташа жағдайлары

A – бетондаудың бағыты

9.2-сурет – Бекіту жағдайларын сипаттау

9.4.3.3 Қисайған сырықтар кезінде $l_{b,rqd}$ анкерлеудің базалық талап етілетін ұзындығы және l_{bd} анкерлеудің есептік ұзындығы сырықтың орташа сызығы бойында өлшену керек (9.1а суретті қар.).

f_{bd} үшін мәндер 9.4.2.2 берілген.

9.4.3.4 Қосарланған сырықтардан немесе сымнан денекерленген торларға арналған (12.3) формуладағы Φ диаметрін $\Phi_{II} = \Phi\sqrt{2}$ баламалық диаметрге ауыстыру керек.

9.4.3.5 16 мм кем емес диаметрлі мерзімдік бейіндегі сырықтар үшін f_{bd} шамасын 6.1-кестесі бойынша f_{ctm} тең етіп қолдануға жол беріледі.

9.4.4 Анкерлеудің есептік ұзындығы

9.4.4.1 Кернелмейтін сырықтарды анкерлеудің есептік ұзындығын l_{bd} келесі формула бойынша есептеу керек:

$$l_{bd} = \alpha_1 \cdot \alpha_2 \cdot \alpha_3 \cdot \alpha_4 \cdot \alpha_5 \cdot l_{b,rqd} \geq l_{b,min} \quad (9.4)$$

мұнда:

$\alpha_1, \alpha_2, \alpha_3, \alpha_4$ және α_5 – 9.3-кесте бойынша анықталатын коэффициенттер;

α_1 – бетонның жеткілікті қорғаныс қабаты кезіндегі сырықтар формасының әсерін есепке алу үшін (9.2-суретті қар.);

α_2 – бетонның қорғаныс қабатының минималдық қалыңдығының әсерін есепке алу үшін (9.3 суретін қара);

α_3 – көлденең арматурасын күшейту әсерін есепке алу үшін;

α_4 – бір немесе бірнеше бір-бірімен денекерленген ($\Phi_t > 0,6\Phi$) көлденең сырықтар әсерін анкерлеудің l_{bd} есептік ұзындығы бойында есепке алу үшін;

α_5 – анкерлеудің есептік ұзындығы бойында жарылу жазықтығының көлденең кернеу әсерін есепке алу үшін.

$l_{b,rqd}$ – (9.3) формуласымен немесе 9.4 кестесінде анықталған анкерлеудің базалық ұзындығы;

$l_{b,min}$ – қабылданатын анкерлеудің минималдық ұзындығы төмендегідей қолданылады:

– созылған сырықтар үшін:

$$l_{b,min} > \max\{0,3l_{b,rqd}; 10\Phi; 100\text{мм}\} \quad (9.5)$$

– сығылған сырықтар үшін:

$$l_{b,min} > \max\{0,6l_{b,rqd}; 10\Phi; 100\text{мм}\} \quad (9.6)$$


Мерзімдікбейіндегі сырықтар үшін $\alpha_1 \cdot \alpha_2 \cdot \alpha_4$ туындысы (9.4) формуласында $\alpha_1 \cdot \alpha_2 \cdot \alpha_4 \geq 0,7$ шартын қанағаттандыруы керек.

9.3-кесте – (9.4) формуласындағы $\alpha_1, \alpha_2, \alpha_3, \alpha_4$ және α_5 коэффициенттерінің мәндері

Әсер етудің ықпалы	Анкерлеу түрі	Арматуралық сырықтарға арналған коэффициенттердің мәндері
		созылған
Сырықтардың формасы	Тік сырықтар (9.3а-суреті)	$\alpha_1=1,0$
	Тік емес сырықтар (9.2; 9.3б, в-суреттері)	егер $c_d > 3\phi$ болса, онда $\alpha_1=0,7$, басқа жағдайда – $\alpha_1=1,0$ (c_d арналған 9.3-суретті қар.)
Бетонның қорғау қабаты	Тік сырықтар(9.3а-суреті)	$\alpha_2=1-0,15(c_d - \phi)/\phi$, $0,7 \leq \alpha_2 \leq 1,0$
	Тік емес сырықтар (9.2; 9.3б, в-суреттері)	$\alpha_2=1-0,15(c_d - 3\phi)/\phi$, $0,7 \leq \alpha_2 \leq 1,0$ (c_d арналған 9.3-суретті қар.)
Бас арматураға дәнекерленбеген көлденең арматурамен күшейту	Барлық түрі	$\alpha_3 = 1 - k \cdot \lambda$ $0,7 \leq \alpha_3 \leq 1,0$
Дәнекерленген көлденең арматурамен күшейту	Барлық түрлері, күйлері мен өлшемдері 9.2д-суретте көрсетілген	$\alpha_4 = 0,7$


9.3-кесте – (9.4) формуласындағы $\alpha_1, \alpha_2, \alpha_3, \alpha_4$ және α_5 коэффициенттерінің мәндері (жалғасы)

Әсер етудің ықпалы	Анкерлеу түрі	Арматуралық сырықтарға арналған коэффициенттердің мәндері
		созылған
Көлденең қысыммен күшейту	Барлық түрі	$\alpha_5 = 1 - 0,04p$ $0,7 \leq \alpha_3 \leq 1,0$
<p>ЕСКЕРТПЕ 1 Жалпы жағдайда α_3 коэффициентінің мәндері анкерлеудің ұзындығында кемінде үш көлденең сырықтары бар кезеңдік бейіндегі сырықтар үшін қабылданады. Басқа жағдайда – $\alpha_3=1,0$.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ 2 $\lambda = \frac{\sum A_{st} - \sum A_{st,min}}{A_s}$, мұнда $\sum A_{st} - l_{bd}$ анкерлеудің есептік ұзындығындағы көлденең сырықтардың қиысуының жиынтықтық ауданы; $\sum A_{st,min}$ – төмендегілерге тең етіп қабылданатын, көлденең сырықтардың қиысуының минималдық жиынтықтық ауданы:</p> <p>арқалықтар үшін – $0,25A_s$;</p> <p>тақтайшалар үшін – 0;</p> <p>A_s – үлкен диаметрдің бір анкерлік сырығының ауданы.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ 3 p – анкерлік сырықтың сызығына перпендикуляр қосымшаланған және анкерлеудің есептік ұзындығына (МПа) әрекет ететін қысым.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ 4 Қорғаныс қабатының c_d есептік қалыңдығын 9.3-сурет бойынша қабылдау керек.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ 5 k коэффициенттерінің мәндерін 9.4-сурет бойынша қабылдау керек</p>		




а) Тік сырықтар

$$c_d = \min (a/2, c_1, c)$$



б) Иілмелер немесе ілмектер

$$c_d = \min (a/2, c_1)$$



с) Ілгектер

$$c_d = c$$

9.3-кесте – c_d үшін арқалықтар мен тақтайшаларға арналған мәндер


9.4.4.2 Жеңілдетілген балама ретінде 9.4.4.1 анкерлеу кейбір түрлер созу кезінде, 9.1-суретте көрсетілген, анкерлеудің баламалық ұзындығы кезінде $l_{b,eq}$ қамтамасыз етілуі мүмкін. Анкерлеудің баламалық ұзындығы 9.1-суретте көрсетілген және келесі үлгіде қабылдануы мүмкін:

$\alpha_1 l_{b,rqd}$ – 9.1d)-суретінде көрсетілген түрлерге арналған (α_1 мәні үшін 9.3-кестесін қар.);

$\alpha_4 l_{b,rqd}$ – 9.1 е)-суретінде көрсетілген түрлерге арналған (α_4 мәндері үшін 9.3-кестені қар.),

мұнда

α_1 және α_4 9.4.4.1 анықталған, $l_{b,rqd}$ (9.3) формуласы бойынша есептелінеді.



9.4-сурет – Арқалықтар мен тақтайшаларға арналған K мәндері

9.5 Қамыттар мен көлденең арматураны анкерлеу


9.5.1 Қамыттарды және көлденең арматураларды анкерлеу майыстыру немесе ілмектер көмегімен немесе дәнекерленген көлденең арматура жолымен қамтамасыз етілген. Сырық ілмектің немесе майыстырудың ішінде болуы керек.

9.5.2 Анкерлеу 9.5-суретке сәйкес орындалуы керек. Дәнекерлеу EN ISO 17660 сәйкес орындалуы және 5.6.2 сәйкес күш түсетін қабілеттікке ие болуы керек.

ЕСКЕРТПЕ Майыстыру бұрышын анықтау 9.1-суретте берілген.

9.6 Сырықтарды дәнекерлеу жолымен анкерлеу

9.6.1 9.3 және 9.4 қосымша ретінде анкерлеуге бетонға тірелетін көлденең сырықтарды дәнекерлеу жолымен қол жеткізілуі мүмкін (9.5 суретін қар.).



9.5-сурет – Анкерлік құрал ретіндегі дәнекерленген көлденең сырық

9.6.2 Бас сырықтың ішкі қабатына дәнекерленген, бір дәнекерленген көлденең

сырықтың анкерлеу қабілеті (диаметрі 14-32 мм) F_{btd} құрайды. σ_{sd} үшін мәні (9.3) формуласында F_{btd}/A_s азаюы мүмкін, мұнда A_s —сырықтың қиысу ауданы.

F_{btd} мәні келесі үлгіде анықталады:

$$F_{btd} = l_{td} \cdot \phi_t \cdot \sigma_{td}, \text{ бірақ } F_{wd} \text{ аспайды} \quad (9.7)$$

мұнда:

F_{wd} — дәнекерлеудің көлденең күшінің есептік мәні (кейбір коэффициенттің $A_s f_{yd}$ туындысы ретінде анықталатын; мысалы, $0,5 A_s f_{yd}$, ал A_s — анкерленетін сырықтың көлденең қиысудың ауданы, ал f_{yd} — оның ағу шегінің есептік мәні);

l_{td} — көлденең сырықтың есептік ұзындығы: $l_{td} = 1,16 \phi_t \cdot \sqrt{\frac{f_{yd}}{\sigma_{td}}} \leq l_t$;

l_t — көлденең сырықтың ұзындығы, бірақ анкерленген сырықтар арасындағы қашықтықтан артық емес;

ϕ_t — көлденең сырық диаметрі;

σ_{td} — бетондағы кернеу: $\sigma_{td} = \frac{f_{ctd} + \sigma_{cm}}{y} \leq 3 f_{cd}$;

σ_{cm} — бетонда екі сырыққа перпендикуляр сығу (орташа мәні, плюс таңбасымен қысу);

y — функция: $y = 0,015 + 0,14 e^{(-0,18x)}$;

x — $x = 2(c/\phi_t) + 1$ геометриясын ескеретін функция;

c — бетонның екі сырыққа перпендикуляр бағыттағы қорғаныс қабаты.

9.6.3 Егер диаметрі бірдей екі сырық анкерлік бекітілген сырыққа қарама-қарсы жақтарымен дәнекерленген болса, онда 12.6.2 сәйкес есептелінген күш түсетін қабілеттілік, сыртқы сырықтың бетонының қорғаныс қабаты ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011 5-бөлімінің талаптарына сәйкес болған жағдайда, екі еселенуі мүмкін.

9.6.4 Егер екі сырық бір жақтарымен олардың арасындағы 3ϕ минималдық қашықтықпен дәнекерленген болса, онда күш түсетін қабілеттілік $1,41$ коэффициентіне көбейту арқылы ұлғайтылуы керек.

9.6.5 20 мм артық емес сырықтың номиналдық диаметрі үшін дәнекерленген көлденең сырықтың анкерлеуінің күш түсетін қабілеттілігі дәнекерлік қосылыстың есептік беріктілігіне айтарлықтай байланысты болады. Ол төмендегідей анықталуы мүмкін:

$$F_{btd} = F_{wd} \leq 16 A_s \cdot f_{cd} \cdot \frac{\phi_t}{\phi_l} \quad (9.8)$$

мұнда:

F_{wd} — дәнекерлік кескінге күш түсетін қабілеттіліктің есептік мәні (9.6.2 тармағын қар.);

ϕ_t — көлденең сырықтың номиналдық диаметрі: $\phi_t \leq 12$ мм;

ϕ_l — анкерлік бекітілген (анкерленген) сырықтың номиналдық диаметрі: $\phi_l \leq 20$ мм.

Егер арасында ϕ_l минималдық қашықтығы бар екі дәнекерленген көлденең сырық пайдаланылатын болса, онда анкерлеудің күш түсетін қабілеттілігі, (9.8) теңдеуге сәйкес $1,41$ коэффициентіне көбейтілуі керек.

9.7 Соққылау қосылыстар мен механикалық қосылыстар

9.7.1 Жалпы ережелер

9.7.1.1 Бір сырықтан екіншісіне күшейтудің берілуі:

- майыстырумен немесе оларсыз немесе ілгекпен соққылау;

- дәнекерлеу;
- қысу-созу немесе тек қысу кезінде ғана жүктеме беруді қамтамасыз ететін механикалық түйісулер арқылы жүргізіледі.

9.7.2 Соққылау қосылыстар

9.7.2.1 Сырықтардың соққылау қосылыстарын конструкциялау:

- бір сырықтан екіншісіне күшейтуді беру қамтамасыз ететіндей;
- соққылау аймағында бетонның жарылуының болмайтындай;
- конструкция функциясын нашарлататын үлкен сызаттар пайда болмайтындай болуы керек.


9.7.2.2 Соққылау қосылыстары:

- сырықтар, әдетте, жылжу арқылы орналасып, үлкен сәттері/күштері бар аймақтарда (мысалы, пластикалық топсалар орындарында) болмайтындай болуы керек. Ерекшелікті шектеулер төменде, 9.7.2.4 көрсетілген;

- кез-келген қиысуда, әдетте, симметриялық түрде орналасуы керек.

9.7.2.3 Соққылау қосылған сырықтардың орналасуы 9.6-суретке сәйкес болуы керек:

- соққылау қосылған жарықтағы сырықтар арасындағы қашықтық 4ϕ немесе 40 мм артық болмауы керек, басқа жағдайда, әдетте, соққылау ұзындығы 4ϕ немесе 50 мм артық орындарындағы жарықтағы қашықтыққа тең ұзындыққа ұлғаюы керек;
- екі көршілес соққылау қосылыстың арасындағы бойлық қашықтық l_0 0,3 еселік соққылау ұзындығынан кем болмауы керек;
- соққылай жапсарлас қосылу кезінде (қасында орналасқан) әдеттегідей олардың арасындағы жарықтағы қашықтық 2ϕ немесе 40 мм аз болмауы керек.



9.6-сурет – Көршілес соққылау қосылыстар

9.7.2.4 Егер жоғарыда берілген 9.7.2.3 талаптары орындалған болса, соққылау қосылған созылған сырықтардың рұқсатты пайызы, егер барлық сырықтар бір қабатта болса, 100 % болуы мүмкін. Бірнеше қабатта орналасқан сырықтар үшін пайыз 50 % дейін төмендетілуі керек.

Барлық сығылған сырықтармен екінші (бөлетін) арматура бір қиысуда соққылау қосылуы мүмкін.

9.7.3 Соққылаудың ұзындығы

9.7.3.1 Соққылаудың есептік ұзындығы төмендегіні құрайды:

$$l_0 = \alpha_1 \cdot \alpha_2 \cdot \alpha_3 \cdot \alpha_5 \cdot \alpha_6 \cdot l_{b,rqd} \geq l_{0,min} \quad (9.9)$$


мұнда:

$l_{b,rqd}$ – (9.3) формуласы бойынша есептелінеді.

$$l_{0,min} > \max\{0,3\alpha_6 l_{b,rqd}; 15\phi; 200\text{мм}\} \quad (9.10)$$

Мәндер $\alpha_1, \alpha_2, \alpha_3$ және α_5 үшін 9.5-кестеден алынуы мүмкін. Алайда $\alpha_3 \cdot \sum A_{st,min}$ есептеу үшін $1,0 A_s \cdot \frac{\sigma_{sd}}{f_{yd}}$ тең етіліп алынуы керек, мұнда A_s – соққылау қосылған бір сырықтың қиысу ауданы;

$\alpha_6 = \sqrt{\frac{\rho_1}{25}}$ бірақ 1,5 артық емес және 1,0 аз емес, мұнда ρ_1 – қарастырылатын соққылау ұзындығының ортасынан $0,65l_0$ шегіндегі соққылау қосылған арматураның пайызы (9.7-суретті қар.). α_6 мәндері 9.6-кестеде берілген.



[A] – қарастырылатын қиысу; [B] – I сырығы; [C] – II сырығы; [D] – III сырығы; [E] – IV сырығы
Мысал – II және III сырықтары қарастырылатын кесіктен тыс орналасқан: соққылау қосылған сырықтардың пайызы – 50 %, $\alpha_6 = 1,4$.

9.7-сурет – Бір қиысуда соққылау қосылған сырықтардың пайызы

9.6-кесте – α_6 коэффициенттерінің мәндері

Қиысудың толық ауданына қатысты соққылау қосылған сырықтардың пайызы	<25%	33%	50%	>50%
α_6	1	1,15	1,4	1,5

ЕСКЕРТПЕ Аралық мәндер интерполяциямен анықталуы мүмкін

9.7.4 Соққылау аймағындағы көлденең арматура

9.7.4.1 Созылған сырықтарға арналған көлденең арматура

9.7.4.1.1 Көлденең арматура соққылау қосылыс аймағында көлденең созылатын күштерді қабылдау үшін керек.

9.7.4.1.2 Егер соққылау қосылған сырықтардың ϕ диаметрі 20 мм аз болса немесе соққылау қосылған сырықтардың кез-келген қиысу пайызы 25 % аз болса, онда басқа себептер бойынша керек болғанда, кез-келген көлденең арматура немесе қамыттар қандай да бір ары қарай растаусыз көлденең созылу шарттары үшін жеткілікті деп саналуы мүмкін.


9.7.4.1.3 Егер соққылау қосылған сырықтардың \varnothing диаметрі 20 мм артық немесе тең болса, онда көлденең арматураның қиысу ауданы $\sum A_{st}$ (соққылау қосылған сырықтардың қабатына параллель орналасқан барлық сырықтардың жиынтығы) соққылау қосылатын сырықтардың A_s ауданынан кем болмауы керек ($\sum A_{st} \geq 1,0 A_s$). Көлденең сырық соққылау қосылатын арматураның және бетон бетінің арасындағы оның бағытына перпендикуляр орналасуы керек.

Егер бір қиысуда арматураның 50 % соққылау қосылып, қиысудағы көршілес соққылау қосылыстардың арасындағы қашықтық $10\varnothing$ аз немесе тең (9.7 суретті қар.) болса, онда көлденең арматура қамыттар немесе U-тәріздес сырықтар формасында бетонның анкерленген денесінде орындалуы керек.

9.7.4.1.4 9.7.4.1.3 сәйкес талап етілетін көлденең арматура соққылау қосылған сыртқы қиысуда 9.9 а)-суретіне сәйкес орналасуы керек.

9.7.4.2 Тұрақты қысылған сырықтарға арналған көлденең арматура

Созылған сырықтар үшін берілген ережелерге қосымшаретінде, көлденең арматураның бір сырығы соққылау ұзындығының әрбір аяғында қосылыстан тыс, бірақ соққылау ұзындығының соңынан $4\varnothing$ қашықтықтың ішінде орналасуы керек (9.8 б)-суретті қар.).




9.8-сурет – Соққылау қосылысқа арналған көлденең арматура

9.7.5 Кезеңдік бейіннің сымдарынан жасалған дәнекерлік торлардың соққылау қосылыстары

9.7.5.1 Бас арматураның соққылау қосылысы

9.7.5.1.1 Соққылау қосылыс не қиысу жолымен, немесе торлардың қыртыстану жолымен орындалуы мүмкін (9.9-сурет).



9.9-сурет – Дәнекерленген торлардың соққылау қосылыстары

9.7.5.1.2 Өрілген тор кезінде бас бойлық сырықтардың соққылау қосылыстарының орналасуы 9.7.2 сәйкес болуы керек. Көлденең сырықтардың кез-келген жағымды әсері назарға алынбайды, $\alpha_3 = 1,0$ қабылданады.

9.7.5.1.3 Бас арматураның соққылау қосылыстарының қыртыстануы кезінде, әдетте, арматурадағы есептелген кернеу есептік кедергінің 80 % аспайтын күш түсетін қабілеттілік бойынша шекті жағдайдағы аймақта орналасуы керек.

9.7.5.1.4 Егер 9.7.5.1.4 берілген шарт орындалмаса, арматура қиысуының пайдалы биіктігі майысуға есептік кедергі кезінде ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011 6.1 сәйкес шеткі созылған шектен кейінгі орналасқан қабат үшін қабылдануы керек. Соққылау қосылыстың аяғында сызатқа беріктілікті тексеру кезінде қосымша ретінде, ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011 7.2 және 7.3-кестелерінде берілген арматурадағы кернеу қосылыс аяғындағы оның тегіссіздігіне байланысты 25 % ұлғайтылуы керек.

9.7.5.1.5 Соққылау мен кез-келген қиысуда қосыла алатын бас арматураның пайызы келесі шарттарға жауап беруі керек:

- өрілетін торлар үшін 9.6-кестеде келтірілген мәндер қолданылады;
- қабаттасатын торлар үшін кез-келген қиысуда соққылау қосылатын бас арматураның рұқсат етілген пайызы дәнекерленген торлар қиысудың $(A_s/s)_{prov}$ шартты ауданына байланысты болады, мұнда s – тордағы сымдар (сырықтар) арасындағы қашықтық;
- 100 %, егер $(A_s/s)_{prov} \leq 1200 \text{ мм}^2/\text{мболса}$;
- 60 %, егер $(A_s/s)_{prov} > 1200 \text{ мм}^2/\text{мболса}$.

Тордың жеке қабаттарындағы жабылатын қосылыстар $1,3l_0$ (l_0 12.7.3 сәйкес анықталады) кем емес қашықтықта шахматтық тәртіпке орналасуы керек.

9.7.5.1.6 Соққылау аймағында қосымша көлденең арматураны орналастыру керек емес.

9.7.5.2 Қосымша немесе бөлетін арматураның соққылау қосылыстары

Барлық қосалқы арматура бір жерде ғана соққылау қосылуы мүмкін. Соққылау ұзындығының l_0 минималдық мәні 9.7-кестеде берілген; қосалқы арматураның екі сырық үшін соққылау ұзындығы шегінде бас арматураның кемінде екі сырығы орналасуы керек.

9.7-кесте – Торлардың қосалқы арматурасы үшін соққылаудың талап етілген ұзындықтар

Қосалқы арматураның сымның диаметрі, мм	Соққылаудың ұзындығы
$\varnothing \leq 6$	≥ 150 мм; соққылау ұзындығының шегіндегі сымның 1 қадамынан кем емес
$6 < \varnothing \leq 8,5$	≥ 250 мм; сымның 2 қадамынан кем емес
$8,5 < \varnothing \leq 20$	≥ 350 мм; сымның 2 қадамынан кем емес

9.8 Көлденең қиысудың минималдық өлшемдері

9.8.1 Қиысудың минималдық өлшемдерін қолдағы күшейтудің, конструкцияның сенімділігімен ұзақтығын қамтамасыз ететін технологиялық сипаттағы (бетонның қорғаныс қабаты, арматураның орналасуы, дайындау әдісі ж.т.б.) талаптардың есебімен және экономикалық ықпалдардың есебімен белгілеу керек.

9.8.2 Монолитті темірбетон тақтайшалардың қалыңдығын 9.8-кестеде көрсетілген мәндерден кем қабылдауға болмайды. Жиналмалы темірбетон тақтайшалардың қалыңдығын арматура үшін бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығымен қамтамасыз ететін дайындау технологиясының талаптарын ескеру арқылы белгілеу керек.

9.8.3 Орталықтан тыссығылған элементтердің қиысу өлшемдерін олардың икемділігінің $\frac{l}{l_0}$ -барлық бағытта 200 аспайтындай, ал ғимараттың элементі болып табылатын бағаналар үшін 120 аспайтындай етіп қабылдау керек.

9.8-кесте – Темірбетон тақтайшалардың минималдық рұқсатты қалыңдығы миллиметрде берілген

Пайдалануға берудің шарты	Тақтайшаның қалыңдығы
	монолиттік
1 Жабын	80
2 Көп қабаттық тұрғын және қоғамдық ғимараттардың арақабырғалары	120
3 Көп қабаттық өндірістік ғимараттардың арақабырғалары	160
4 Шоғырланған қозғалмалы жүктемеге жұмыс істейтін тақтайшалар	200
5 Шоғырланған тірегі бар тақтайшалар үшін	250

9.9 Бетонның қорғаныс қабаты

9.9.1 Бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығын арматураны тоттанудан, от әсерінен қорғау және оның бетонмен бірге жұмысымен қамтамасыз ету шарттарына байланысты қабылдайды. Бетонның қорғаныс қабаты – бұл арматураның жоғарғы қабатынан бетонның ең жақын қабатына дейінгі (қамыттар мен жұмыс арматурасын қоса алғанда) қашықтығы.

Номиналдық қорғаныс қабаты сызбада көрсетілуі керек. Оның минималдық мәні c_{min} (9.9.2 тармағын қар.) ретінде анықталады, жобамен белгіленетін Δc_{dev} (12.10.5 қар.) ауытқу қосылады:

$$c_{nom} = c_{min} + \Delta c_{dev} \quad (9.13)$$

9.9.2 Бетонның c_{min} минималдық қорғаныс қабаты

Бетонның қорғаныс қабатының c_{min} минималдық қалыңдығын қоршаған ортаға әсерден қорғау және бекітумен қамтамасыз ету шартының үлкен мәні ретінде белгілеу керек:

$$c_{min} = \max\{c_{min,b}; c_{min,dur} + \Delta c_{dur,\gamma} - c_{dur,st} - \Delta c_{dur,add}; 10\text{мм}\}$$

мұнда:

$c_{min,b}$ – бекіту шартынан минималдық қалыңдық, 9.10.3 қар.;

$c_{min,dur}$ – қоршаған орта әсерінен қорғау шарттарынан минималдық қалыңдық, 9.10.4 қар.;

$\Delta c_{dur,\gamma}$ – сенімділіктің қосымша элементі, ұлттық қосымшада 0 тең болып қабылданған;

$c_{dur,st}$ – тотықпайтын болатты пайдалану кезінде қорғаныс қабатын минималдық азайту, ұлттық қосымшада 0 тең болып қабылданған;

$\Delta c_{dur,add}$ – қосымша қорғанысты пайдалану кезінде минималдық қалыңдықты азайты, ұлттық қосымшада 0 тең болып қабылданған.

9.9.3 Бекіту күшін сенімді беруді және бетондық қоспаның сапалы тығыздығын қамтамасыз ету үшін қабаттың минималдық қалыңдығы $c_{min,b}$ төмен болмауы керек (9.9-кесте).

9.9-кесте – Бетонның арматурамен бекітілуін қамтамасыз етуге талап етілетін бетонның қорғаныс қабатының минималдық қалыңдығы $c_{min,b}$

Бекіту шарттары	
Сырықтарды араластыру	Минималдық қорғаныс қабаты $c_{min,b}^*$
Жекеше	Сырықтардың диаметрі
Сырықтармен бірге қосылған	Эквиваленттік диаметрі (ϕ_n)

9.9.4 Арматура үшін қорғаныс қабатының минималдық мәні EN 10080 сәйкес, қалыпты тығыздықты бетон үшін $c_{min,dur}=40$ мм ретінде қабылданады.

9.10-кесте – Арматураның ғұмырлығын қамтамасыз етуге талап етілетін минималдық қорғаныс қабаты $c_{min,dur}$

Конструкция класы	X0	XC1	XC3
S1	40	40	40
S2	40	40	45
S3	40	40	50
S4	40	40	60
S5	45	50	60
S6	60	65	75

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада қабылданған S4 класы конструкцияның класы болып табылады, ол үшін пайдаланудың есептік мерзімі 50 жылды құрайды.

9.9.5 Бетонның қорғаныс қабатының c_{nom} номиналдық қалыңдығын есептеген кезде, бетонның минималдық қорғаныс қабатының қалыңдығы мен Δc_{dev} ауытқуын жинақтау

керек. Бетонның қорғаныс қабатының талап етілетін қалыңдығы рұқсатты теріс ауытқудың абсолюттік мәніне артуы керек. Ұлттық қосымшада қабылданған Δc_{dev} мәні – 10 мм тең.

9.9.6 Ғимараттар үшін EN 13670 рұқсатты ауытқу қолданылған. Бетонның қорғаныс қабатының номиналдық қалыңдығы номиналдықтан ерекшеленетін мәндері көрсетілген (мысалы, минималдық мәні) жағдайдан басқа кезде, есептерде ескеріліп, сызбаларда көрсетілуі керек.

9.9.7 Кейбір жағдайларда рұқсатты ауытқу, ал сонымен қатар Δc_{dev} жол беру шамасы:

- егер дайындау үдерісі кезінде, шегінде бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығын өлшеу жүргізілетін сапаны бақылау болса, онда рұқсаттың (ауытқудың) шамасы азаюы мүмкін:

$$10 \text{ мм} \geq \Delta c_{dev} \geq 5 \text{ мм}; \quad (9.14)$$

- егер бақылау үшін ерекше нақты өлшеу аспаптары мен сәйкес келмейтін элементтер (мысалы – жиналмалы конструкциялар) пайдаланылып, алынып тасталатын (кәдеге аспай) қалатын болса, онда Δc_{dev} ауытқу шамасы азайтылуы мүмкін:

$$10 \text{ мм} \geq \Delta c_{dev} \geq 0 \text{ мм}. \quad (9.15)$$

9.11-кесте – Арматураның шекті рұқсатты диаметрлері

миллиметрде берілген

Қолдану шарттары	Көрсетілгендер үшін бойлық арматураның максималдық рұқсатты диаметрлері	
	орталықтан тыс қысылған элементтер үшін	майысатын элементтер үшін
St500 және одан төмен класты арматурасы бар элементтерде	20	16

б) тоқылған қаңқалардағы майыстыру элементтерінде – 6 мм кем емес;

- дәнекерленген қаңқаларда – 9.11.2 бойынша.

9.10 Элементтерді конструкциялау және жеке ережелер

9.10.1 Жалпы ережелер

9.10.1.1 Сенімділікке, пайдалану жарамдығына және ұзақтылығына қойылатын талаптар осы бөлімнің ережелерін қосымша басқа келтірілген жалпы ережелерді сақтау жолымен орындалады.

9.10.1.2 Элементтерді конструкциялау есептеулер үшін пайдаланылатын модельдерге сәйкес келуі керек.

9.10.1.3 Арматураның минималдық ауданы сынғыш бұзылуларды, сызаттарды шектен тыс ашуды үшін, сондай-ақ, деформация шектеулерінен шыққан күштерді қабылдау үшін белгіленеді.

9.11 Арқалықтар

9.11.1 Бойлық арматура

9.11.1.1 Арматураның минималдық және максималдық аудандары

9.11.1.1.1 Бойлық созылған арматураның қиысу ауданы мына формула бойынша анықталған $A_{s,min}$ кем болмауы керек:

$$A_{s,min} = 0,26 \cdot \frac{f_{ctm}}{f_{yk}} b_t d, \text{ бірақ } 0,0013 b_t d \text{ кем емес (12.16)}$$

мұнда:

b_t – созылу аймағының орташа ені; есептеулер үшін сығылған сөрелерімен тавролық арқалықтар үшін b_t есепке тек қабырға енін ғана алу керек;

f_{ctm} – созылу кезінде бетонның орташа төзімділігі, ол 6.1-кестеге сәйкес бетон беріктілігінің тиісті класынан анықталады.

9.11.1.1.2 $A_{s,min}$ кем арматураланған қиысуды арматураланбаған ретінде қарастыру керек.


9.11.1.1.3 Соққылау қосылыстар орналасқан аймақтан тыс сығылған немесе созылған арматура қиысудың ауданы $A_{s,max} = 0,02 A_c$ артық болмауы керек.

9.11.1.2 Басқа конструктивтік ережелер

9.11.1.2.1 Монолитті конструкцияларда, тіпті есептеу кезінде еркін тірелу қабылданған жағдайларда да, тіреулердегі қиысуды аралықтың ең үлкен майысатын сәтінің $\beta_1 = 0$ кем емес жартылай қисудың салдарынан пайда болатын майысатын сәтке есептеу керек.

9.11.1.2.2 Кесілмеген арқалықтардың аралық тіреулерінде сөрелердің қиысу созылған арматура қиысудың жалпы ауданы A_s сөренің тиімді енінің шегінде бөлінуі керек. Осы арматураның бөлігі қабырғаның ені шегінде шоғырлануы мүмкін (9.11-суретті қар.).

9.11.1.2.3 Қиысудың беріктілігін есептеу кезінде ескерілетін кез-келген қисылған арматура (Ø диаметрі) сырықтардың арасындағы 15 Ø аспайтын қашықтығы бар көлденең арматурамен бекітілуі керек.



9.11-сурет – Созылған арматураның сөрелердің қиысуындағы кесілмеген арқалықтарда орналасуы


9.11.1.3 Көлденең арматура

9.11.1.3 Бойлық арматура

9.11.1.3.1 Бойлық арматура конструктивтік элементтің осымен бірге 45° бастап 90° дейінгі бұрышты құруы керек.

9.11.1.3.2 Ол төмендегі қиысудан:

- бойлық созылған арматураны мен қысылған аймақты қамтитын қамыттардан (9.12-суретті қар.);
- бүгілген сырықтардан;
- бойлық арматураны қамтымай-ақ, бірақ қысылған және созылған аймақтарда жеткілікті анкерленген құрсаулардан, ілмектерден ж.т.б. құрылуы мүмкін.



9.12-сурет – Көлденең арматураның мысалдары

9.11.1.3.3 Қамыттар тиімді анкерлеуі керек. Қабырғаның үстіңгі беті маңында қамытты, егер осы қамыт айналуы қабылдау үшін керек болмаса, соққылау қосылысқа жол беріледі.

9.11.1.3.4 $\beta_3 = 0,5$ кем емес қажетті көлденең арматура қамыттар түрінде болуы керек.

9.11.1.3.5 Көлденең арматуралау коэффициенті (9.17) формула бойынша есептелінеді:

$$\rho_w = \frac{A_{sw}}{s \cdot b_w \cdot \sin \alpha} \quad (9.17)$$

мұнда:

ρ_w – көлденең арматуралау коэффициенті; ρ_w (9.18) формула бойынша анықталатын $\rho_{w,min}$ кем болмауы керек:

$$\rho_{w,min} = \frac{0,08 \cdot \sqrt{f_{ck}}}{f_{yk}} \quad (9.18)$$

A_{sw} – сұзындығында көлденең арматураның қиысу ауданы;

s – элементтің бойлық осьі бойымен өлшенген көлденең арматураның арасындағы қашықтық (көлденең арматураның қадамы);

b_w – элемент қабырғасының ені;

α – көлденең арматура мен элементтегі бойлық ось арасындағы бұрыш (9.13.1.3.1 қар.).

9.11.1.3.6 Көлденең арматураның бірінен соң бірі жүретін элементтердің арасындағы ең үлкен бойлық қашықтығы (9.19) формула бойынша анықталатын $s_{l,max}$ мәнінен аспауы керек:

$$s_{l,max} = 0,75 \cdot d \cdot (1 - \cot \alpha) \quad (9.19)$$

мұнда

α – арқалықтың көлденең арматурасы және бойлық осьі арасындағы бұрыш.

9.11.1.3.7 Бүгілген сырықтар арасындағы ең үлкен бойлық қашықтық (9.20) формула бойынша анықталатын $s_{b,max}$ мәнінен аспауы керек:

$$s_{b,max} = 0,6 \cdot d \cdot (1 + \cot \alpha), \quad (9.20)$$

9.11.1.3.8 Қамыттардың бір тізбегінде қамыттар бұталары арасындағы көлденең қашықтық(9.21) формула бойынша анықталатын $s_{t,max}$ мәнінен аспауы керек.

$$s_{t,max} = 0,75 \cdot d \leq 600 \text{ мм} \quad (9.21)$$


9.11.2 Айналулы қабылдауға арналған арматура

9.11.2.1 Айналулы қабылдауға арналған қамыттар соққылау немесе ілмектер арқылы тұйық болып, анкерленуі керек (9.13-суретті қар.). Олар конструктивтік элементтің осымен 90° бұрышты түзуі керек.

9.11.2.2 9.13.1.3.5 және 9.13.1.3.6 қағидалары, жалпы алғанда, айналулы қабылдауға талап етілетін қамыттардың минималдық мөлшерін анықтау үшін жеткілікті.

9.11.2.3 Айналулы қабылдау үшін қамыттар арасындағы бойлық қашықтық $t_{ef}/8$ мәнінен аспауы (белгіленуін ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/20116.3.2, 6.11-суреттен қар.) немесе 9.13.1.3.6 талаптарды қанағаттандыруы немесе арқалықтағы қиысудың ең аз өлшеміне қарағанда үлкен болмауы керек.

9.11.2.4 Бойлық сырықтар әр бұрышта кем дегенде бір сырық орнататындай етіп орналасуы керек, ал өзге сырықтар 350 мм аспайтындай қашықтықта қамыттардың ішкі периметрі бойынша біркелкі бөлінуі керек.



а) кепілдемелік формалар

б) кепілдеме берілмейтін форма


ЕСКЕРТПЕ а2) арналған екінші баламаның жоғарғы кесіктің бойына соққылаудың толық ұзындығына ие болуы керек

9.13-сурет – Айналулы қабылдауға арналған қамыттарды орындаудың мысалдары

9.11.3 Ішкі тіректер

9.11.3.1 Егер арқалық қабырғаға немесе бағанға емес, арқалыққа тірелсе, онда конструкция элементтерінің қиысу аймағында өзара реакцияны қабылдауға есептелген арматура орнатылуы керек. Осы арматура басқа себептер бойынша керек болатын арматураға қосымша орнатылады. Бұл ереже, сондай-ақ, арқалықтың үстіне тірелмейтін тақтайшаға да таралады.

9.11.3.2 Екі арқалық арасындағы ұстап тұратын арматура тіреуші элементінің басты арматурасын қамтитын қамыттардан құрылуы керек. Осындай қамыттардың кейбіреулері екі арқалық үшін ортақ болып табылатын бетон көлемінен тыс орналасуы мүмкін (9-14 суретті қар.).



A – h_1 биіктігі бар қолдаушы арқалық; **B** – h_2 ($h_1 \geq h_2$) биіктігі бар қолдау көрсетілетін арқалық

9.14-сурет – Тіреу арматурасын екі арқалықтың қиысу аймағында орналастыру (жоспардағы түрі)

9.12 Тұтас тақтайшалар

Осы тарау ішінде b және $l_{eff} \leq 5h$ кем емес бір және екі бағытта жұмыс істейтін тұтас тақтайшаларға таралады.

9.12.1 Иілетін сәттерді қабылдауға жұмыс істейтін арматура

9.12.1.1 Жалпы ережелер

9.12.1.1 Басты бағыттағы арматуралаудың минималдық және максималдық пайыздары үшін 9.12.1.1.1 және 9.12.1.1.3 қағидалары қолданылады. Тақтайшалардағы әлсіз бұзылыстың қаупі зор болмаса, $A_{s,min}$ күш түсетін қабілеттіліктің шекті жағдайын тексеруге керек болатын қиысудың 1,2 еселік ауданына тең етіп алынуы мүмкін.

9.12.1.2 Қосалқы көлденең арматурасы бір бағытта жұмыс істейтін тақтайшалардың басты арматурасынан кемінде 20 % құруы керек. Тіректер жақын аймақтарда көлденең арматураны басты үстіңгі сырықтарға қатысты орнатудың, егер көлденең майыстыру сәті болмаса, қажеті жоқ.

9.12.1.3 Сырықтар арасындағы қашықтық $s_{max,slabs}$ мәнінен аспауы керек, оның мәні төмендегілерді құрайды:

бас арматура үшін - $3h \leq 400$ мм, мұнда h – тақтайшаның жалпы қалыңдығы;

екінші дәрежелі арматура үшін - $3,5 h \leq 400$ мм.

Жинақталған жүктемелер немесе аймақтары бар максималдық сәттер әрекет ететін аймақтарға сәйкесінше мыналар қолданылады:

бас арматура үшін - $2h \leq 250$ мм;

көлденең арматура үшін - $3h \leq 400$ мм.

9.12.1.2 Тіректердің маңындағы тақтайшалардың арматурасы

9.12.1.2.1 Еркін тірелген тақтайшалар кезінде аралықта орналасқан есептік арматураның жартысы тірекке дейін жеткізіліп, тірекке анкерленуі керек.

9.12.1.2.2 Тақтайшаның бойында есептеу кезінде ескерілмеген жартылай қысу болса, үстіңгі арматура жанасатын аралықтың максималдық сәтінен 25 %- кем емес қабылдауға

қабілетті болуы керек. Осы арматура тіректің қырынан өлшенген жанасатын аралықтың кем дегенде 0,2 ұзындығына дейін ұзартылуы керек. Арматура аралық тіректерден ары ұзартылып, шеткі тіректерде анкерленуі керек. Шеткі тіректер үшін қабылданатын сәт жанасатын аралықтағы максималдық сәттен 15 % азаюы мүмкін.

9.12.1.3 Бұрыштық арматура

Егер тіректің конструктивтік шешімі бұрыштағы тақтайшаның көтеруі шектелгендей болса, онда тиісті арматура орнатылуы керек.

9.12.1.4 Еркін шеттердегі арматура

9.12.1.4.1 Тақтайшаның еркін (тірелмеген) шетінің бойында, әдетте, 9.15-суретке сәйкес орнатылатын бойлық және көлденең арматурасы болуы керек.

9.12.1.4.2 Тақтайшада орнатылған қарапайым арматура шеткі арматура ретінде де ескерілуі мүмкін.



9.15-сурет – Тақтайшаның шеткі арматурасы

9.12.2 Көлденең арматура

9.12.2.1 Көлденең арматура орнатылуы керек тақтайшаның кемінде 200 мм қалыңдығы болуы керек.

9.12.2.2 Көлденең арматураны конструкциялау үшін 9.13.1.3 сәйкес арматуралаудың минималдық мәні мен коэффициентін анықтауға қойылатын талаптар, егер олар басқа жағдайда модификацияланбаған болса, қолданылады.

9.12.2.3 $|V_{Ed}| \leq \frac{1}{3} V_{Rd,max}$ бар тақтайшалардағы көлденең арматура толығымен бүгілген сырықтар немесе көлденең сырықтардың қаңқаларынан құрылуы мүмкін.

9.12.2.4 Қамыттар арасындағы максималдық бойлық қашықтық мына формула бойынша анықталады:

$$s_{max} = 0,75 \cdot d \cdot (1 + \cot \alpha) \quad (9.22)$$

мұнда:

α – көлденең арматураның көлбеу бұрышы.

Бүгілген сырықтар арасындағы ең үлкен бойлық қашықтық:

$$s_{max} = d \quad (9.23)$$

9.12.2.5 Көлденең арматураның арасындағы максималдық көлденең қашықтық $1,5d$ аспауы керек.

9.13 Арақабырғалардың жазық тақтайшалары

9.13.1 Ішкі бағандардың аймағындағы жазық арақабырғалар

9.13.1.1 Арматураның жалпақ арақабырғаларда орналасуы тақтайшалардың пайдалану беру кезіндегі күйін көрсетуі керек. Бұл көбінесе бағаналардың үстіндегі


арматураның концентрациясына әкеп соқтырады.

9.13.1.2 Ішкі бағандар үстінен, егер пайдалану беру жарамдылығының басқа нақты есебі жасалмаса, бағанның әр жағынан тақтайша ені $0,125$ тең енінде орналасқан қиысу ауданы $0,5A_t$ бар үстіңгі арматураны орнату керек. A_t – бағанның әр жағында іргелес жатқан тақтайшаның жартысынан сәт жиынтығы ретінде анықталатын толық теріс сәтін қабылдау үшін қажетті арматураның қиысу ауданы.

9.13.1.3 Әрбір ортогоналдық бағытта ішкі бағандар ішіндегі баған арқылы өтетін астыңғы арматура (екі сырықтан кем емес) орнатылуы керек.

9.13.2 Шеткі және бұрыштық бағандардың аймағындағы жазық арақабырғалар

Майыстыру сәттерін тақтайшадан бұрыштағы немесе шеткі бағанға беру үшін талап етілетін тақтайшаның еркін шетіне перпендикуляр арматура 9.16-суретте көрсетілген b_e тиімді ені шегінде орналасуы керек.



9.16-сурет – Жазық арақабырғаның b_e тиімді ені

9.13.3 Басу аймағындағы арматура

9.13.3.1 Егер көлденең арматураны басу есебінен орнату талап етілсе, онда ол жүктеу/баған алаңы мен $k \cdot d$ көлденең арматура талап етілмейтін бақылау периметрі арасында орналасуы керек. Ол көлденең қамыттардың кем дегенде екі периметрінен орындалуы керек (6.10-суретті қар.). Қамыттардың периметрі арасындағы қашықтық $0,75 d$ аспауы керек.

Периметр бойындағы қамыттар арасындағы қашықтық бірінші бақылау периметрінің (жүктелу ауданынан $2d$ қашықтықта) ішінде $1,5d$ аспауы және бірінші бақылау периметрден тыс $2d$ аспауы керек, мұнда бұл периметрдің бөлігі басып майыстыру кедергісін анықтау кезінде ескеріледі.

Төмен қарай бүгілген сырықтар үшін (6.10 б)-суретте көрсетілгендей) қамыттардың бір периметрі жеткілікті болып қаралуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 1 $y > c_y$ болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 2 $z > c_z$ және $y > c_y$ болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 3 y – тақтайшаның шетінен бағанның ішкі шекарасына дейінгі қашықтық.

9.13.3.2 Көлденең арматура талап етілген кезде, қамыттың (немесе эквиваленттің)

ауданы $A_{s,min}$ (9.24) теңдеуінің көмегімен анықталады:

$$A_{s,min} \cdot \frac{(1,5 \cdot \sin \alpha + \cos \alpha)}{s_r \cdot s_t} \geq 0,8 \cdot \frac{\sqrt{f_{ck}}}{f_{yk}}, \quad (9.24)$$

мұнда:

α – көлденең арматура мен бас арматура арасындағы бұрыш (тік қамыттар кезінде $\alpha = 90^\circ$ және $\sin \alpha = 1$);


s_r – радикалдык бағыттағы көлденең қамыттар арасындағы қашықтық;

s_t – тангенциалдык бағыттағы көлденең қамыттар арасындағы қашықтық;

f_{ck} – МПа берілген.

Басуға есептеу кезінде бағаннан $0,5d$ қашықтық шегінде орналасқан кернелген элементтердің тік құрамдастары ғана ескерілуі мүмкін

9.13.3.3 Жүктеу ауданы немесе осы ауданнан $0,25d$ аспайтын қашықтық арқылы өтетін бүгілген сырықтар басып майыстыру аймағындағы көлденең арматура ретінде пайдалануы мүмкін (9.17 б) суретті қар., үстіңгі жағы).



9.17-сурет – Басу аймағындағы арматура

9.13.3.4 Тіректің қыры немесе жүктеу және жақын жердегі көлденең арматура ауданының шегі арасында есептеу кезінде ескерілген қашықтық $d/2$ аспауы керек. Осы қашықтық созылған арматура деңгейінде өлшенеді. Егер бүгілген сырықтардың бір қатары ғана белгіленсе, олардың майысу 30° дейін азаюы мүмкін.

9.14 Бағандар

9.14.1 Жалпы ережелер

Осы бөлім h үлкен өлшемі төрт еселік be кіші өлшемнен аспайтын бағандар үшін қолданылады.

9.14.2 Бойлық арматура

9.14.2.1 Бойлық сырықтардың, әдетте, кемінде $\phi_{min} = 12$ мм диаметрге ие болуы

керек.

9.14.2.2 Бойлық арматураның жалпы мөлшері (9.25) формула бойынша анықталатын $A_{s,min}$ кем болмауы керек:

$$A_{s,min} = \frac{0,10 \cdot N_{Ed}}{f_{yd}} \text{ немесе } 0,002 A_c, \text{ қай мәні үлкен болса соған байланысты (9.25)}$$

мұнда:

f_{yd} – арматураның ағу шегінің есептік мәні;

N_{Ed} – осьтік қысатын күштің есептік мәні.

9.14.2.3 Бойлық арматураның ауданы, соққылау қосылуды қоспағанда, егер бетон құрылымы жұмсармайтындығы, және толық беріктілік шекті жағдайда күш түсетін қабілеттілікте қолжетімді екендігі көрсетілген болса, $A_{s,max} = 0,04 A_c$ аспауы керек. Осы шек мәні соққылау қосылыс үшін $0,08 A_c$ артуы мүмкін.

9.14.2.4 Егер бағанның бір сырықтан кем емес полигоналдық көлденең қиысуы болса, онда олар әр бұрышта орналасады. Дөңгелек бағандағы бойлық сырықтардың мөлшері төрттен кем болмауы керек.

9.14.3 Көлденең арматура

9.14.3.1 Көлденең арматураның (қамыттар, ілгектер немесе бұрандалы шиыршық арматура) диаметрі 6 мм немесе бойлық арматураның максималдық диаметрінің төрттен бірінен қайсысы үлкен болуына байланысты кем болмауы керек. Көлденең арматуралау үшін дәнекерленген тордағы сымның диаметрі 5 мм кем болмауы керек.

9.14.3.2 Көлденең арматура жеткілікті анкерленуі керек.

9.14.3.3 Баған бойындағы көлденең арматура арасындағы қашықтық төмендегі үш қашықтықтың ішінен кішісіне тең, $s_{cl,tmax}$ үлкен болмауы керек.

- ең кіші бойлық сырықтың 20-еселік диаметрі;
- бағанның ең кіші өлшемі;
- 400 мм.

9.14.3.4 9.14.3.3 сәйкес талап етілетін максималдық қашықтықты 0,6 коэффициентіне көбейту жолымен мына жағдайларда азайту керек:

(i) - бағанның көлденең қиысудың ең үлкен өлшеміне тең, арқалықтан немесе тақтайшадан жоғары немесе төмен қашықтық шегінде орналасқан қиысуда;

(ii) - егер бойлық сырықтардың ең үлкен диаметрі 14 мм артық болса, соққылау қосылыстың маңында; кем дегенде соққылау ұзындығы бойынша тегіс орналасқан үш сырық талап етіледі.

9.14.3.5 Бойлық сырықтардың бағыты өзгергенде (мысалы, баған өлшемнің өзгеруі кезінде) көлденең арматура арасындағы қашықтық көлденең күштердің пайда болуын ескеру арқылы есептелінуі керек. Осы әсерлер бағыттың өзгеруі 1/12 кем немесе тең болса, еленбеуі мүмкін.

9.14.3.6 Әрбір бойлық сырық немесе бұрышта орналасқан сырықтар шоғыры көлденең арматурамен бекітілуі керек. Сығылған аймақтың шегінде бірден бір сырық бекітілген сырықтардан 150 мм аса алыстамауы керек.

9.15 Қабырғалар

9.15.1 Жалпы ережелер

Осы бөлім қалыңдығының ұзындығына қатынасы 4 және одан көп, және ішінде арматура беріктілікті есептеу кезінде ескерілетін темірбетон қабырғалар үшін қолданылады. Арматураның саны және тиісті конструкциялауы «керме мен тартпа» моделі бойынша

анықталуы мүмкін. Көбінесе жазықтан майысуға ұшырайтын қабырғалар үшін тақтайшаларға арналған ережелер қолданылады (9.12 қар.).

9.15.2 Вертикаль арматура

9.15.2.1 Тік арматураның ауданы, $A_{s,y_{max}} = 0,04A_c$ соққылау қосылысты қоспағанда, егер бетон құрылымы жұмсармаса және шекті жағдайда күш түсетін қабілеттілік бойынша толық беріктілігіне жеткізілетіні көрсетілсе, $A_{s,y_{min}} = 0,002A_c$ және $A_{s,y_{max}}$ арасындағы шекте болуы керек.

9.15.2.2 Егер арматураның минималдық ауданы $A_{s,y_{min}}$ есеппен анықталса, онда осы арматураның жартысы әр жағынан орналасуы керек.

9.15.2.3 Екі көрші тік сырықтар арасындағы қашықтық қабырғада үш еселік қалыңдығынан немесе кіші нәтижесін беруіне байланысты 400 мм аспауы керек.

9.15.3 Горизонталь арматура

9.15.3.1 Қабырғаның үстіңгі бетіне (және еркін шеттеріне) параллель бағытталған көлденең арматура әрбір үстіңгі бетте орнатылуы керек. Ол вертикаль арматурадан 25 % құрайтын немесе $0,001A_c$ тәуелділіктен, қай мән үлкен екеніне байланысты, $A_{(s,hmin)}$ кем болмауы керек.

9.15.3.2 Екі көршілес горизонталь сырықтың арасындағы қашықтық 400 мм аспауы керек.

9.15.4 Көлденең арматура

9.15.4.1 Вертикаль арматураның екі шегінде де жалпы аудан $0,02A_c$ асатын қабырғаның әр бөлігінде, қамыттар формасындағы көлденең арматура бағандарға арналған талаптарға сәйкес орнатылуы керек (9.16.3 қар.). 9.16.3.4 (i) тармақта аталған үлкен өлшем, қабырғаның төрт еселік қалыңдығынан аспауы керек.

9.15.4.2 Бас арматура қабырғаның бетіне (қырына) жақын орналасқан орындардағы көлденең арматура, қабырға ауданының $1m^2$ қамыттарының төрттен кем емес қамыт формасында орналасуы керек. Егер 2ϕ асатын бетонның қорғаныс қабаты кезінде $\phi \leq 12$ диаметрі бар дәнекерленген сым торлар және сырықтар пайдаланылатын болса, онда көлденең арматураны орнатудың қажеті жоқ.

9.16 Арқалықтар-қабырғалар

9.16.1 Арқалық-қабырғалар, әдетте, кез-келген жақтың (жазықтың) маңында орналасатын минималдық алаңы $A_{s,dbmin}$ тікбұрышты арматуралық торлардан тұруы керек. $A_{s,dbmin}$ мәні 0,1%-ға тең деп, алайда әрбір жазықтық үшін және кез-келген бағытта кемінде $150 \text{ мм}^2/\text{м}$ тең деп қабылданады.

9.16.2 Торлардың екі көршілес сырықтың арасындағы қашықтық қабырға-арқалықтың қос қалыңдығынан немесе 300 мм аспауы керек.

9.16.3 Есептік модельден қаралған тартпаға сәйкес келетін арматура, егер торап пен арқалық ұшының арасындағы қолжетімді ұзындық анкерлеудің талап етілетін ұзындығын қамтамасыз етпесе, майыстыру жолымен, U тәрізді қамыттарды пайдалану жолымен немесе анкерлік құрылғылар көмегімен тораптың тепе-теңдігі үшін толық анкерленуі керек.

9.17 Арматураның және қалау бөлшектерінің дәнекерлік қосылыстары

9.17.1 Дәнекерлеу қосылыстарын жобалау кезінде металдың дәнекерленуін, технологиялық жабдықтардың болуын, қосылу сапасын бақылау мүмкіндігін, жүктеме салу түрін және тәсілін ескеретін нормативтік құжаттар мен жұмыс сызбаларын басшылыққа алуы керек.

9.17.2 Арматуралық сырықтарды дәнекерлеудің тәсілдері 9.12-кестеге, ал талаптары EN 10080 сәйкес болуы керек.

9.17.3 Барлық дәнекерлеу жұмыстары EN ISO 17660 сәйкес жүргізілуі керек.

9.17.4 Дәнекерленетін болат торлардың анкерлеу ұзындығы бойынша дәнекерлеу қосылыстардың беріктілігі есептік күштерді қабылдауға жеткілікті болуы керек.

9.17.5 Дәнекерленген болат тордың дәнекерлеу қосылыстырының беріктігі, егер әрбір қосылыс қиысудың номиналдық ауданына көбейтілген арматура ағымының сипаттамалық шегіне тең күштен кемінде 25% құрайтын көлденең күшті қабылдағаны жеткілікті болып саналады. Егер түрлі диаметрдегі сырықтар дәнекерленсе, онда осы күш үлкен сырықтың ауданы бойынша анықталады.

Арматураның (негізгі типтері) дәнекерлеу қосылыстарын орындау тәсілдерін 9.13-кесте бойынша қабылдауға кепілдеме беріледі.



9.12-кесте – Дәнекерлеудің рұқсатты тәсілдері мен қолдану мысалдары

Жүктеменің түрі	Дәнекерлеу тәсілі	Созылған сырықтар ¹⁾	Қысылған сырықтар ¹⁾
Айрықша статикалық емес жүктеме (сонымен қатар 6.8.1 (2) қар.)	Балқыту арқылы түйістіріп дәнекерлеу	Түйіскен қосылыс	
	Қолмен доғалық дәнекерлеу	-	Ø ≥ 14 мм түйіскен қосылыс
	Белсенді қорғаныс газдарында дәнекерлеу ²⁾	-	Ø ≥ 14 мм түйіскен қосылыс
	Нүктелік байланыстық дәнекерлеу	Соққылап қосу ⁴⁾ Крест тәрізді қосылыс ^{2), 4)}	
Айрықша статикалық жүктеме (сонымен қатар 6.8.2 (2) қар.)	Балқыту арқылы түйістіріп дәнекерлеу	Түйістіріп қосу	
	Қолмен доғалық дәнекерлеу және металл электродпен доғалық дәнекерлеу	Ø ≥ 20 мм түйіскен қосылыс, қаптамамен түйістіріп қосу, соққылап қосу, крест тәрізді қосылыс ³⁾ , басқа болат бөлшектермен қосу	
	Белсенді қорғаныс газдарында дәнекерлеу ²⁾	Қаптамамен түйістіріп қосу, соққылап қосу, крест тәрізді қосылыс ³⁾ , басқа болат бөлшектермен қосу	
		-	Ø ≥ 20 мм түйіскен қосылыс
	Үйкеліс арқылы дәнекерлеу	Соққылап қосу, басқа болат бөлшектермен қосу	
	Нүктелік байланыстық дәнекерлеу	Соққылап қосу ⁴⁾ Крест тәрізді қосылыс ^{2), 4)}	
¹⁾ Шамамен бірдей диаметрлі сырықтарды ғана дәнекерлеуге жол беріледі. ²⁾ Түйісетін сырықтардың диаметрлерінің рұқсатты қатынасы 0,57 артық немесе тең. ³⁾ Ø ≤ 16 мм күш түсетін қосылыстарға арналған. ⁴⁾ Ø ≤ 20 мм күш түсетін қосылыстарға арналған.			

9.13-кесте – Арматураның дәнекерлік қосылыстарының негізгі типтері

Дәнекерлеудің түрі мен сипаты	Қосылыстың конструктивтік шешімі	Арматура класы	d_n , мм	$l=l_n$	b , мм	h , мм	Қосымша деректер
1 Қосымша технологиялық элементсіз доғалық қолмен дәнекерлеу		St400, St500	10-25	$8d_n$	$0,5d_n$, бірақ ≥ 8	$0,25d_n$, бірақ ≥ 4	St240 класты арматураның қосылыстары үшін $l_n = 4d_n$ екі жақтық жіктерге жол беріледі
2 Сырықтардан жасалған қаптамасы бар доғалық қолмен дәнекерлеу		St400, St500	10-40	$8d_n$	$0,5d_n$, бірақ ≥ 8	$0,5d_n$, бірақ ≥ 4	St240 класты арматураның қосылыстары үшін $l_n = 4d_n$ бар екі жақтық жіктерге жол беріледі
3 Жылжыған қаптамасы бар доғалық қолмен дәнекерлеу		St400, St500	10-32	$10d_n$	$0,5d_n$, бірақ ≥ 8	$0,5d_n$, бірақ ≥ 4	—

9.13-кесте – Арматураның дәнекерлік қосылыстарының негізгі типтері (жалғасы)

4 Инвентарлық формадағы ванналық бір электродтық дәнекерлеу		St400, St500	20-40		—	$h_1 \leq 0,05d_n$ $h_2 \leq 0,05d_n$	$d'_n/d_n = 0,5—1,0$
5 Жіктермен доғалық қолмен дәнекерлеу		St400, St500	10-40	$4d_n$	$0,5d_n$, бірақ ≥ 8	$0,25d_n$, бірақ ≥ 4	$\delta \geq 0,4d_n$, бірақ ≥ 5
